

**Асылбек БАЙТАН**  
**Алтынбек ХУМАРЗАХ**

**БАЯН-ӨЛЖЕДЕГІ**  
**КҮЙШІЛІК МЕКТЕП**

*(«Қырық қалақша ауылы» дәстүрі негізінде)*



“Алматы-Болашақ” АҚ  
Алматы, 2022

УДК 78  
ББК 85.31  
Б 20

*“Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
“Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау  
және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру”  
бағдарламасы “Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін  
сатып алу, басып шығару және тарату” кіші бағдарламасы  
бойынша жарық көрді”.*

**Б 20 Байтан А., Хумарзах А.**  
**Баян-Өлкедегі күйшілік мектеп.** (*«Қырық  
қалақша ауылы» дәстүрі негізінде*). Танымдық-  
тарихи зерттеулер. - Алматы, - “Алматы-Болашақ”  
АҚ, 2022. - 96 б.

**ISBN 978-601-7646-38-7**

Аталған кітапта Баян-Өлкедегі күйшілік мектеп туралы қарастырылады. Соның ішінде «Қырық қалақшаның ауылы» атанған, Қызылқайың өлкесіндегі төлек күйшілерінің өмірі мен шығармашылығы туралы кеңінен баяндалады. Сонымен қатар Баян-Өлкедегі күй, музыка өнеріне қатысты материалдар топтастырылған. Кітап қалың көпшілікке, музыка тарихын зерттеушілерге арналған.

УДК 78  
ББК 85.31

ISBN 978-601-7646-38-7

© А. Байтан, А. Хумарзах., 2022  
© “Алматы-Болашақ” АҚ, 2022



## ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

Өзін өзі құрметтейтін кез келген халық – сол халықты халық етіп тұрған рухани құндылықтарын қадірлеуі керек. Бұл – әлемдегі барлық халыққа тән парыз. «Қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», - деп Қадыр Мырза Әлі айтқанындай, қазақ халқы десе, ең алдымен еске түсетін атрибуттың бірі домбыра екені анық. Қырғыз үшін қомуздың, саха үшін хомустың, башқұрт үшін қурайдың орны қандай болса, қазақ үшін де домбыраның қадір-құрметі дәл сондай.

Домбыра – шекті аспаптардың ішіндегі ең көнелерінің біріне жатады. Домбыра, жалпы шекті аспаптардың жасалуына садақтың құрылымы әсер еткен деген пікірлер бекер емес. Бұл туралы халық аңыздарында да айтылмай ма? Жетіген, арфа, домбыра, қобыз т.б. саз аспаптарының барлығының қазіргі құрылымы, формасы сан алуан болғанымен, түпкі негізі бір.

Домбыра – қазақ қазақ болғалы бірге жасасып келе жатқан көне саз аспабы. Даламыздағы петроглифтерде домбыра тәрізді музыкалық аспапта ойнап тұрған адамдар – біздің бағзы домбырашы бабаларымыз. Біздің заманымыздан бұрынғы бес жүз жыл бұрын Ұлы Далаға табан тіреген әйгілі грек тарихшы Геродоттың сақтар жайлы сипаттауындағы: «Сақтар хаома атты сусынын ішіп, отты айнала отырып, екі шекті аспаптарында ойнап ән салады», - деген жолдар қазіргі қазақтың қымызы мен домбырасы емес деп кім айтар? Ұлы Далада өмір сүрген бағзы бабаларымыз әр дәуірде әр түрлі атпен үлкенді-кішілі мемлекет құрып, тарих сахнасына бірінің соңынан бірі келіп кетіп жатты. Бірақ олардың аты өзгергенімен, заты өзгерген жоқ деуімізге болады.

Домбыра – қазақтың қуаныш пен қайғысын бөлісетін, мұңдасар, сырласар жан серігі болып келген және бола да бермек. Әзірге табылған ең көне домбыра – Монғолияның Қобда аймағындағы Қарасу мен Дөргін көлдерінің



ортасындағы үлкен аралдағы үңгірде сақталған, көне сына жазулы аспап. Бұл аспап та екі шекті.

Шек демекші, бұл негізі шек емес, ішек қой. Шек – бірдеңенің шегі, шекарасы. Ал ішек – домбыраның дыбысын шығаратын жіңішке бауы. Домбыраның ішегіне бергі Брусилловскийлер дәуірінде жасанды өнім леска тағыла бастағаны болмаса, арғы дәуірлердің бәрінде ешкінің аш ішегінен ежелгі әдіспен өңделіп, ширатылып әзірленген жіңішке зат қолданылып келген.

*Домбырам, екі ішекті қолға алайын,  
Қолға алып, біразырақ толганайын, -*

деп қара өлеңде айтылатын ішек – осы. Жалпы қазақтың қара өлеңдерінде, жұмбақтарында, жыр-дастандарында домбыра және оның құрылысы туралы өте көп айтылады. Солай болуы тиіс те. Домбыраның бір замандарда жетіген, гитара тәрізді көп ішекті болғанын, бірақ қаһарлы Шыңғыс ханның өз баласының өлімін естірткен адамның өзегіне қорғасын құямын деген сөзінен болып, аталған өлімді күй тілінде естірткен Кетбұғаның домбырасының өзегіне қорғасын құйылғаны, содан домбыраның екі-ақ ішегі қалғаны туралы аңызды бәріміз білеміз. Мұның да өзіндік бір сыры бар шығар? Мүмкін, бұл рас та болар, бәлкім?

Домбыраның атауына қатысты талас-тартыс, ұсынатын болжамдар да әр түрлі. Қазақ музыка тануының атасы Ахмет Жұбановтың айтуынша домбыра – арабтың «дүнбаһ» – қозы, «бурра» – құйрық деген сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мүмкін, солай да шығар. Көне түркі, монғол тілдеріндегі «домбұғыр» – шығыңқы, дөмпиген деген бейнелеу сипатты сөздерді де есте ұстаған дұрыс. Арабтардың Ұлы Далаға келуі тіпті мұнда, Қарлұқ қағанаты дәуірі емес пе?

*Тұлпардың дүбір қаққан тұяғы,  
Көкірекке сырлы сарын құяды.*

*Сыңғырлаған сан мың әуен япырмай,  
Шанағына қалай ғана сыяды, -*

деп Көкшеден шыққан танымал ақын Төлеген Қажыбай жырлағанындай, екі-ақ ішекті, тұрқы шағын да қарапайым болса да, домбыраның мүмкіндігі аса жоғары екендігіне әлем жұрты таңғалумен жүрген жоқ па? Ұлттық күйлер мен әуендерін, Огинскийдің «Полонезінен» бастап әлемдік классиканың кез келген әуені қазақ домбырасының шанағына емін-еркін сыйып кетеді. «Made in KZ» тобының, Димаштың т.б. орындауындағы әуендер – сөзіміздің айғағы.

Жоғарыда «Шыңғыс хан ішектерін қорғасынмен қиғызыпты-мыс» дегендей аңыздарға сайсақ, домбыраның басынан қай заман да сипай қоймағанын көреміз. Әсіресе, діни фанатизм күшейген шақта: «Адамның көңіліне түрлі харам ой салатын ширк аспап», - деп қудаланған замандар аз болмаған. Бұл – қазір де айтылып жүрген уағыз. Кешегі құдайсыз коммунистердің заманында «Одна палка, два струна» дегізіп, ескінің сарқыншағы ретінде мансұқталды. Талай ғажап домбырашы Сталиндік зұлматтың құрбаны болды. Қаншама дәулескер домбырашы ақсүйек аштықтың құрбаны болып, ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани қазынасын өзімен бірге ала кетті. Осы ретте біз, қазақ халқы қалай болғанда да Александр Затаевичке, осы бір жанкешті музыка жинаушыға қаржылық мүмкіндік тудырып берген Сәкен Сейфуллин сияқты ұлт зиялыларының рухына қарыздармыз.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен бірге домбыраның да күні туғаны анық. Шілде айының алғашқы жексенбісін Домбыра күні деп белгілеп, ел болып кең көлемде атап өту – елдігіміздің белгісі. Домбыра бұған әбден лайық. Домбыра, онымен күй тартып, ән салатын адамдарды осы күні төрге шығарайық. Тек осы күні ғана емес, жылдың үш жүз алпыс бес күні домбыра ұлтымыздың жүрегінде болғай.

## БАЯН-ӨЛГЕЙДЕГІ КҮЙШІЛІК ТАРИХЫНА ШОЛУ БЕШЕҢ АУЫЛЫ

Күй – қазақ халқымен сонау есте жоқ ескі замандардан бері бірге жасасып келе жатқан синкретті төл өнері. Қазақтың күй өнері қай заманда туып қалыптасқаны бізге беймәлім. «Күй атасы – Қорқыт», - деп академик Мұхтар Әуезов бекер айтпаған болар. Бірақ тарихи дәуірдің ұлы көш, ұзын сонарымен таразылар болсақ, Қорқыттың өзі кеше ғана өмір сүрген адам болып саналмай ма!

Қорқыт дәуірінен арғы түркештер, түркілер, ғұндар, сақтар дәуірінде домбыра болмады дейсіз бе? Әрине, мүмкін емес. «Қорқыт – тек күй өнерін жаңа белеске шығарушы ғана», - десек қателеспеспіз. «Кетбұғадай билерден кеңес сұрар күн қайда?», - дегендей, Шыңғыс хан дәуірінде жасаған найман Кетбұғаның билік, батырлықпен қатар, күйші болғанын да білеміз. «Ақсақ құлан» – сол дәуірдің куәсі.

Одан бергі Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірлерінің алуан түрлі оқиғаларының көбісі хатқа басылып архивтерден табылып жатпаса да, күй тілімен қазіргі күнге дейін тамаша сақталып жетіп отыр. Бұл да болса, күйдің құдіреті.

*Домбыра мұнша шешен болдың неге?  
Күй толған көкірегің шежіре ме?  
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,  
Саусағым тиіп кетсе ішегіңе», -*

деп Қасым Аманжолов осы ойымызды жыр тілімен қандай тамаша жеткізген десеңізші!

Домбыраның құлақ күйін келтіріп бұрауды әр өңірде әр түрлі айтып жататыны бар. Мысалы, көбінесе «құлақ күйін келтіру» десе, кейбір жерлерде «теңшеу» деп атайды. Баян-Өлгей қазақтары мұны «көктеу» деп атайды. «Домбыраның көгі кетіп қалыпты», «көгі дұрыс емес» деген сөздер осы-

дан шығады. Осы «көк» зат есімі мен «көктеу» етістігіне қатысты аз-кем тоқталу керек болар. Махмұд Қашғари «Диуани-лұғат-ат-түрк» жинағында «күг – күй, саз дегенді білідреді», - деп атап көрсеткен екен. Демек, домбыраны көктеу – көнеден келе жатқан төл ұғымымыз. Оны монғолға телудің қажеті жоқ.

«Төл ұғымымыз» деп отырғанымыз: «Монғолия қазақтары монғолдармен ұзақ жылдар тарихи-мәдени байланыста болуы барысында бұл сөз монғол тілінен енген», - деп, осы тілдегі хөг – «құлақ күйі», хөглөх – «құлақ күйін келтіру» деген сөздер барын алға тартуы да мүмкін. Бірақ та, бізден өзге жұрттың да үлгі алуы, үйренуі мүмкін екенін неге ұмыта береміз. Неге бәрін өзімізден алыстата беруіміз керек?

Ойды ой қозғайды. Осы монғол жұртында, оның ішінде әсіресе, батыста, қазақтармен аралас-құралас жүретін кешегі ойрат тайпалары жұрнағында хөөмий сазы бар. «Қазіргі Қобда аймағы жерінде пайда болып дамыған» дейтін «хөөмий» өнері Монғолияның материалдық емес рухани байлығы ретінде ЮНЕСКО-ға тіркелген. Хөмий тарихына қатысты, бұл сөздің шығуы туралы монғол дереккөздері ештеңе айтпайды. Бірақ бұл сөздің қазақтың немесе түркінің «көмей» сөзінен шыққаны анық. Монғолдар көмейлетіп ән орындайтын адамды «көөмийчін» (көмейші) дейді, бірақ ағза қуысы ретіндегі «көмей» сөзі монғол тілінде жоқ. «Бізде жоқ екен», - деп, мұны қазаққа апарып тірегісі келіп жүрген монғолды және көрмепсіз.

Тағы бір қынжыларлық іс – биге қатысты. Осы ойрат жұрттары өздері атам заманнан бері билеп келе жатқан буын биін «би белгі» деп атайды. Бұл өзі қазақтың буын биіне ұқсас. Оны икэл деген аспаптың сүйемелімен билейді. Баян-Өлгей қазақтары арасында күні кешеге дейін домбыраның сүйемелдеуімен би билеу дәстүрі бар болатын. Қазіргі «Қаражорға» аталған бидің қимылы – соның бірі. Біздің айтпағымыз, көршілес торғауыттар мен ұранқайлар, баяттар

мен өлеттер «би биелгі» ұғымын буын биіне қолданғанымен, өзге биге келгенде, «бүжиг» (би) зат есімін, «бүжиглэх» (билеу) есімдігін қолданады, Бұл жалпы монғол тіліне тән. «Би биелгіңіз» қазқ қалпындағы қазақтың «би билеуі» емес пе? Ал біз «Қаражорғаны» қазақтан алыстатып әуреміз. Тіпті жоғарыдағы аталған икэл аспабының атауы түркінің икі – «екі», кэл – «қыл» сөзінен шыққанын мойындайды. Бұл – екі ішекті домбыра, қыл қобызбен туыстас екендігін білдірмей ме. Бодандықтың зардабы сананың кеңістігін шеңбектеп қысқан сайын, өзінен өзі безініп, мәнгүрттікке апаратынын Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романында жеріне жеткізе жазушы еді ғой.

Музыка маманы болмасақ та, күй тарихын, квинта бұраудағы толып жатқан күйлерді тындап өскен тұрғыда, жанымызға жақын, құлаққа етене Баян-Өлгей аймағы жеріндегі күйшілік өнері туралы аз-кем тоқталып өтпекпіз. 1860 жылдары қазіргі Шығыс Түркістанның Алтай аймағы жерінен Қобда бетке немесе қазіргі Баян-Өлгей аумағына өткен қазақтардың Монғолия жерін тұрақты мекендегеніне 150 жылдан асқан екен. Бұл елде демографиялық өсім жақсы. Атажұртқа елдің жартысына жуығы үдере көшкенде аз-кем ортайғандай болғанымен, өзге өлкелердегі 60 мың қазақты есептемегенде, Баян-Өлгейде қазірде 100 мыңдай қазақ тұрып жатыр. Қазақ тілінде білім беретін мектептер қала мен ауылдарда қалыпты жұмыс істеп жатыр.

Баян-Өлгейдегі күй дәстүрін жалпақ Алтай-Тарбағатай күйшілік мектебінің аясына сыйғызуға болады. Арғы қайнар бастауын Сарыарқамен сабақтастырып Байжігіттен тартатын Қобда беті қазағының күйшілік дәстүрін Шыңжандағы Бейсембі мектебімен біте қайнасып жатыр. Күйге қатысты мұндағы басты ерекшелік болса ол – сыбызғышылық болар. Себебі, Баян-Өлгей қазақтары арасында қай заманда да осы сыбызғымен күй тарту үрдісі атадан балаға жалғасып, еш үзілмеген. Домбыра мен сыбызғыда жеке де, қатар үндесіп те ойнала беретін «Арбиян қоңыр», «Жорға аю», «Кер-





без қыз», «Ертістің толқыны» т.б. толып жатқан халықтық күйлер аңызымен бірге айтылып, шертіліп келе жатыр. Кешегі социалистік дәуірді бірыңғай жамандай беруге де болмас. Осы жылдары дербес қазақ аймағы құрылып, алғаш қызыл отаудағы әуесқойлар тобынан басталған төл өнеріміз кәсіби музыкалды драма театр деңгейіне көтеріліп, ұлт руханиятының қаншама жауһарлары жинақталды.

Баян-Өлгейдегі күйшілік мектебі дегенде біздің есімізге ең әуелі «Бешең ауылы» аталған әулеттен тараған күйшілер шоғыры аталады. Монғолияны мекендеген қазақтардың оннан тоғызын құрайтын Абақ керейдің бақат руының бір тармағы төлек атасы – мольнан өскен ел. Он екі ата абақ керейдің бірі шерушінің алты руы – ожық, шаппас, ұзынмылтық, құрман, саңырау, бақат. Шаппас руы тарихи жағдайларға байланысты ХІХ ғасырдың екінші жартысында Шыңжанның Сауыр, Толы өлкесіне қоныс аударуына байланысты, Монғолия жеріндегі «алты шеруші» деген ұғымға төлекті сыйдырып жататыны бар. Шын мәнінде төлек – бақат руының бір атасы дегенімізбен, соңғы екі ғасыр жүзінде марқалап өсіп, небір айтулы тұлғалар: ел бастаған көсемдер, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер мен ғылым-білімде елеулі іс атқарған адамдар туып шыққан.

Төлек атадан тараған ұрпақтардың қазіргі тілмен айтқанда басты бренді -күйшілік. Бұл – Қобда бет қазақтары үшін еш талассыз мойындалған ақиқат. Төлек өз ішінен Бақатай, Кәдір, Қарабас, Таңатар, Кедей деген бес атаға бөлінеді. «Бес төлек» аталған бұл рудан сонау ХІХ ғасырдың ортасынан бері қарай есте қалғанын есептегенде, сан ондаған дәулескер күйшілер шыққан екен.

Осы бес атаның бірі Кәдірден Көлбай, Жәнібек, Әлібек, Өмірбек, Темірбек деген бес ұл туады. Бұл бес ұлдың ұрпақтары да бүгіндері бірнеше жүз түтінге жетіп отыр. Кәдір ішінде Өмірбек бабадан тарайтын ауылдарда күйшілік өнері ерекше айқын көрініс беріп келе жатыр. Осы әулеттен шыққан Бейіс Назарұлы деген кісі зәңгі шенімен ел билеген

атқамінер адам болыпты. Ел-жұрт «Бешен» атаған Бейіс зәңгі елге қамқор, өнердің жанашыры, көкірегі ояу адам ретінде танылыпты. Өзі де домбырашы Бешен өнер қуған ауыл жастарын маңына топтап, Алтай-Қобдадағы жиын-тойларға апарып қатыстырып, өзара өнер сайыстырып отырыпты. Қалақша тәрізді бітеу шапқан тоғыз пернелі қара домбырасын ұстаған осы ауылдың қырық жігіті қатар отырып тамылжыта құйқылжытып, безілдеде бебеулеткенде тыңдап отырған қалың жұрт таң-тамаша қалып тамсанады екен. Өзге жұрттың «көп қалақшаның» немесе «қырық қалақшаның ауылы» дейтіні осыдан қалыпты. Сыбызғышылар тобы да осылай топтасып күй орындаған. Бұл – қазіргі тілмен айтқанда үлкен бір домбыра немесе сыбызғы оркестрі ғой. Бешен аулының Исабай Ақжарқынұлы, Бердібай Матайұлы, Бодық Сайболатұлы, Сағынған Сатайұлы, Сейітжан Бейісұлы, Тоғай Сақтағанұлы, Доламбай Жылыбайұлы т.б. күйші азаматтары – әрқайсысы өз жанына күй шығарумен қатар, өздеріне дейінгі күй мұрасын кейінгі буынға амант-тап отырған. Осы өлкедегі ұлылы-кішілі оқиғалардың бәрі күйшілердің назарынан тыс қалмаған. 1912-жылы бейбіт жатқан қазақтарды Ресей шекарасына таяу күшпен көшіріп қырғындаған Жаламаның зобалаңы Сейітжан күйшінің «Өрікті көл» күйіне арқау болды.

Бешен аулының біз атаған аға буын күйшілерінің бүгінгі күні төртінші, бесінші буын ұрпақтары кәсіби түрде күй өнерін жалғастырып жатыр. Солардың арасында талантты күйші Еркінбек Мамырханұлын атауға болады. 2016 жылы Баян-Өлгейде су тасқыны болып, көптеген үйлерді шайып кеткен еді. Сол апаттан түсірілген фотолардың ішінде сынған домбырасын құшақтап жылап тұрған кішкентай ұлдың бейнесі қазақ біткеннің жүрегін бей-жай қалдырмаған еді. Осы көрініс қатты әсер еткен ұлт жанашыры Берік Уәлидей азамат арнайы домбыра беріп жібергені есімізде.

Бұл балақай Бешен аулынан шыққан күйшілердің тұяғы, нақтылай айтқанда Сағынғанұлы Құмар күйшінің неремесі

екен. Демек, атадан балаға жалғасқан күйшілік дәстүрді болашағы нық қолда деген сөз.

Бешең аулының күйшілігі арқау болған өлең-жырлар да жеткілікті. Ұлаңқұсындық қарт журналист, ақын Бәделхан Күрішбекұлы өзінің қызылқайыңдықтар туралы толғауында былай деп жырлаған екен:

*Өсерхан, Қабдыраш, Сейітжан,  
Домбырада күйлері.  
Көз алдыға елестер,  
«Көп қалақша» үйлері.*

Бешең аулындағы күйшілік туралы көбірек тоқталғанымыз болмаса, Баян-Өлгейдегі күйшіліктің ауқымы мұнымен шектелмейді, әрине. Бес Төлектен тараған өзге ауылдарда да Байсыхан Рәпілұлы, Мұхтархан Тарпаңұлы т.б. тамаша күйшілер болған. Осы елге жиен болып келетін Тұрымтай Мүсірбайұлы деген дәулескер күйші Атажұртқа келіп өмірден өтті. Жоғарыда аталған күйшілердің көбінің мұраларын ұзақ жылдар талмай насихаттап, таспаға түсірген де осы Тұрымтай Мүсірбайұлы еді. Өзге өңірлерден де Қытайбай Бәкерұлы, Орыс Байдолдаұлы, Серікбай Бозтайұлы қатарлы көптеген күйшілер шыққанымен, Бешең аулының домбырашылығы мен ботағара Шамғұн әулетінің (Шамғұнұлы Құмақай, Құмақайұлы Кәлек) сыбызғышылық дәстүрі – Баян-Өлгейдегі күйшіліктің асқақ белесі болып тарихта қала бермек. Ол да бір бөлек жатқан толқын-толқын әңгіме.

Күйшілік өнері ерекше дамыған Бешең ауылының айналаға әсері болса керек., бұрынғы Шеруші хошууны аталған елде домбырашылық, сыбызғышылық ерекше қанат жайғандығы, кейіннен Баян-Өлгей аймақтық музыкалды-драма театры орнағанда шаңырағын көтеріп, уығын шаншыған әртістер мен музыканттардың басым бөлігі осы өлкеде туып өскен адамдар болғаны да ақиқат.

*Тәмікей, Бапар менен Қимаділ-ді,  
Тебіреніп бұлар тартса күй қадірлі, -*

деп қызылайыңдық ақын Қызай Бақтыбайұлы жырлағанындай, қызылқайың топырағынан туып шыққан Тілеужанұлы Тәмікей, Дүкәртұлы Бапар, Сақарияұлы Қимаділдер де өз тұсында Баян-Өлгейдің күйшілік дәстүрін тамаша жалғастырған дәулескерлер болды. «Шөп те шығатын жеріне шығады» демекші, күй құдіреті дарыған киелі топырақтың құнары қашанда кеткен емес. Қазақтың күй өнерінің мәртебесі әрдайым асқақ болғай!



## I ТАРАУ. КҮЙШІЛЕР

### ЖАРҚЫНБАЙҰЛЫ НАЗАР

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай*

Бес төлектің бірі Кәдірдің Өмірбегінен Жарқынбай, Ақжарқын, Сары, Жаныс, Қабыл тарайды. Жарқынбайдан Назар, Смағұл, Сатай, Матай, Көрпеш туады. Осы аталған бес ұлдың ұрпағы бүгіндері жүздеген түтінге жетіп отыр. Төлектің «көп қалақшасы» (кейде «қырық қалақша») дейтін ауылдың негізін осы Өмірбектің бес ұлынан тараған әулеттер құрайды және расымен де қазіргі ХХІ ғасырдың бастапқы ширегіне дейінгі кезеңде Өмірбектен тараған ұрпақтар арасында кемінде қырықтан астам танымал күйші шыққандығын көреміз. Жарқынбайұлы Назар – көп қалақша әулетінің басында тұрған күйші. Назар Жарқынбайұлы ХІХ ғасырдың бастапқы ширегінде қазіргі ҚХР-дың Алтай аймағы, Буыршын ауданы жерінде дүниеге келген. Шеруші рулары бұл заманда Қалтон, Тайсойған, Шұңқырши, Күшіген, Үштас өңірлерінде жайлап-қыстап жүрген. Бұл кезеңде бұрынғы Жоңғарияның жұртында өмір сүріп жатқан монғол тайпаларымен өзге келімсек жұрттармен қақтығыстар болуымен қатар қазақтың өз ішіндегі руаралық тартыстар да жиі шығып тұратын болған. Осындайда отбасы, ауыл-аймағын сырт күштерден қорғау, рудың намысын жібермеу ер-азаматтар үшін үлкен сын болған. Алып денелі, ержүрек палуан болған Назар батырдың атақ-даңқы осы тұста айналадағы жұртқа мәлім болған. Назардың батырлығына қоса, күйшілігі Алтайдың төрт тарабына әйгілі болады. Бұл кісі туралы айтылғанда көбінесе «Қырыққанбас-Назар» деген қосақтау жиі қолданылады. Мұның мәнісі – Назардың тетелес інісі Смағұлшашының қайраттылығына қарай «Қырыққанбас» атанған екен. Шашының қаттылығы сондай, әдеттегі шаш алып, мұрт ба-

сатын ұстара өтпегендіктен, сақал-мұрты мен шашын қой қырқатын қырықтықпен қырқып қана қысқартады екен. Қырыққанбас атанған Смағұл да ересен күш-қайраттың иесі әрі батыл жүректі кісі болыпты. Әділдікті жақтаған ел ағасы, дәулескер күйші Назар інісі Қырыққанбастың қажыр-қайратын ұрлық жолына жұмсайтындығын ұнатпай отырады екен. Қырыққанбас батырдың ерліктері Алтай-Қобдаға аңыз болып айтылып келе жатыр. Соның бірі – түйенің тобығын жұтуы. Қырыққанбас біреудің түйесін сойып жеп қояды. Иесі сезіктеніп келгенімен, айғақ таппайды. Ақыры аңдып жүріп, Қырыққанбас үйінің көшкен жұртынан түйенің тобық сүйегін тауып алады. Қырыққанбасқа келіп: «Айғағым мынау, түйемді сен ұрлаған екенсің. Тобығы – мынау», - деп көрсеткенде: «Қанеки, көрейінші!», - дегенде, қолына ұстатқан тобықты Қырыққанбас жалма-жан жұта салады. Айғағынан айрылған даугер биге келіп мән-жайды айтады. Қырыққанбас түйені соймағанын, тобықты жұтпағанын айтып беттетпейді. «Түйенің тобығын жұту мүмкін емес. Рас десе, өзі қойдың тобығын жұтып дәлелдесін», - деп талап қояды. Даугер мұны жасай алмайды. Шеруші руын Ақтай би Көбегенұлы билеп тұрған заманда елінің басын қосып, егіншілікке жұмылдырып, әл-ауқатын көтеруге күш салады. Алым-салықты бас жүктеп, жайлау-қыстаудан шетқақпайлаған билігі күшті, жан саны мол рулардың билері мен төрелерге тұрыстық береді. Ақтайдың бұл ретте сенімді сүйенері төлектен шыққан тоғыз батыр екен. Олар: Қырыққанбас, Назар, Бектас, Қалдыбай, Жалдыбай, Қожалақ, Құланбай, Баймырза, Есмырза. Бұл батырларды жұрт «төлектің тоғыз қасқасы» деп құрметтеген.

Ертеректегі күйшілер Назар Жарқынбайұлының «Кеңес» күйі деп тартатын болған. Бірақ бұл күй қазіргі дәуірге жетпеген. «Кеңес» атауына қатысты айтқанда, ел ағаларының түсел мәжілістерде шертетін күйлерінің жалпы атауының сорабы кеңес аталғанға ұқсайды. Назар күйшімен бір дәуірде өмір сүрген, жәдік руынан шыққан әйгілі күйші әрі



он екі абақ керейдің «төрт орын төрт биінің» бірі Бейсенбі Дөненбайұлының да «Кеңес» атты цикльді күйлері белгілі.

## **НАЗАРҰЛЫ БЕЙІС**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Назар*

Назарұлы Бейіс 1870 жылы Буыршын өлкесінде дүниеге келген. Әкесі Назар мен туыстарының күйшілік өнерін жастай көріп өскен Бейіс те домбырашылыққа бейім болады. Жастайынан ақылы кемел, елге жұғымды болған Бейіс төлек руының зәңгісі болып, әділдікпен ел басқарады. Алды кең, билігі әділ Бейіс зәңгінің атақ-даңқын естіген алыс-жуықтағы есесі кеткен жоқ-жітік, кедей-кепшіктің талайы оның қасына жетіп пана табады. Бейіс зәңгінің аулына үнемі түсел түсіп, келелі кеңес құрылып жататын болған. Ел-жұрт қадірлеп, оның Бейіс есімін «Бешең» атандырады. Бешең аулының өнерпаз жігіттері домбыра мен сыбызғыда қосыла ойнап, елде бұрын-соңды болмаған ерекше бір үрдісті бастайды. Алыс-жуықтағы ел: «Бешең аулының қызық-думан, сән-салтанаты-ай», «Бешең аулының күйлері-ай», - деп еріксіз таңдай қағады. Әрине, ұнатпай, кекеткісі келгендер «қырық қалақшаның ауылы» деп сырттай әжуалауға да тырысады. Қалай болғанда да, бұл – уақыт өте келе кекету, кемсіту емес, ұлы өнерге сүйінуден туған тамаша айтылым ретінде қалыптасты.

Шебер домбырашы Бешең өз жанынан күй шығарумен қатар, жас күйшілерге бағыт-бағдар сілтеп отырған.

## **МАТАЙҰЛЫ БЕРДІБАЙ**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Матай*

«Көп қалақша» әулетінің көрнекті аға буын күйшісі Матайұлы Бердібай 1867 жылы қазіргі ҚХР-дың Алтай аймағы, Буыршын өлкесінде дүниеге келіп, 1940 жылы Монғолия жерінде өмірден өтеді.

Көзін ашқаннан көргені бітеудей шапқан қалақша қара домбыра болып келетін күйші ауылдың баласы жасынан өнерге бейім болып өседі. Әкесі Матайдан, айналасындағы өзге де домбырашы туыстарынан домбыра тартудың қыр-сырын меңгере жүріп, шебер күйшілердің қатарына қосылады.

Бердібай күйшінің «Зар заман» күйіні шығу тарихы туралы күйші, күй аңызын жинақтаушы Сақай Қарсыұлы «Күй керуен» атты кітабында былай деп жазған екен: «1931 жылы жазғытұрым ел Алтайға ауғанда Бердекең де ілесе кетеді. Әйелі Көкештің төркіні Жәдік руындағы Райымбек деген кісінің аулымен бірге Қыран Ертіс маңы Көксу деген жерде аса ауыр қысты өткереді. Бірақ екі құла атын қыстай шөп, қабықпен жемдегендіктен күйлі шығады. 1932 жылдың жазғытұрымында ауып барған ел қайта Қобда бетіне асатын болады да, оны естіген Бердекең де қамытшылығын жасай бастаған екен. Ақыры бір күні үйін жығып көшпекші болып жатқанда бір қытай, бір қазақ екі шабарман келеді.

Сенде әрі жүрісті, әрі семіз екі ат бар екен. Соны төре алып кел деп жатыр - деп дігір салады, әлгілер.

Ертеулі тұрған кіші құланы көріп:

- Ерін алып, қосарла! - деп бұйырады. Сонда әйелі Көкеш:

- Әуелі шай ішіндер! - деп, өзі сыртқа шығып шай қамымен күйбендеп кетеді. Сол кезде ағашқа сүйеулі тұрған қоңыр домбыраға көзі түскен қазақ шабарман қолына алып дыңғылдатып көреді де:

Бұл кімнің домбырасы - деп сұрайды.

- Менікі! - дейді Бердекең.

- Жақсы шертесің бе?

- Жақсы шертемін.

- Ендеше шерт! - деп бұйырады шабарман. Бердекең шерте жөнеледі. Ол өте бір зарлы күй екен.

- Бұл күйдің аты не? - дейді шабарман.

- «Зар заман»

- Неге «Зар заман» аталған?





- «Зар заман» емей немене? Мандайыма басқан екі атымды алғалы отырсыңдар - дейді Бердекең көңілі босап. Сонда қазақ, қытай шабарманға күй туралы айтып, Бердекеңнің жылап айтқан сөзін аударып береді. Өзара аз сөйлескен олар, Бердекеңе көп күй шерткізіп тыңдайды. «Осындай да өнер болады екен-ау!» - деп таң қалады, қытай. Ақыры екеуі біраз ақылдасады да: «Құрысын, атын өзінде-ақ қалсын» деп өз жөндеріне кетіпті. «Күйдің пайдасын екінші рет осылай көрдім» дейді екен, Бердекең.» Өнердің құдіреті деген осы болса керек, сірә.

Бердібай күйші Алтайдың арғы-бергі бетіндегі талай аспен тойларда өнер додасына түсіп, әрдайым бас бәйгеге ие болып отырған екен.

Бердібай күйші өзіне дейінгі және өзі тұстас күйшілердің туындыларын байыта отырып, түрлендіріп тартумен ерекшеленген талант иесі болыпты. Бердібай Матайұлынан біздің заманымызға жетіп, нотаға түскен күй – «Зар заман». Аумалы-төкпелі заманның зарлы-мұңлы кезеңдерін баяндайтын бұл күй – Бердібай күйшінің шығармашылық әлеуетін танытады. «...Ал баяндау сипатындағы күйлерде бір оқиғаның немесе ірі тұлғаның ерлігі, хикаялары тұтас шығармаға негіз болып тұрған туындыларға халық күйі «Шұбырынды», Матайұлы Бердібайдың «Зар заман», Тауданбекұлы Дәуітбайдың «Жаяу солдат» және т.с.с. жатады.» - деген екен, музыкатанушы А.Қазтуғанова.

Бердібай күйшінің қартайып көрген баласы Қызыр да әкеге тартып туған шебер күйші болған екен. Өзінің досы әрі туысы, Қызылүй кеденінің басшысы қызметін атқарған Бөкенбай Бүркітбайұлы өмірден өткенде «Қайран құрбым» деген күй шығарған екен. (Бөкенбайдың әкесі Бүркітбай да белгілі күйші болған. Бүркітбайдың әкесі Көпберген, оның әкесі Көрпеш. Көрпеш пен Бердібайдың әкесі Матай бір туысады).

## **САЙБОЛАТУҒЫ БОДЫҚ**

*Төлек – Кәдір – Көлібай – Қошетер – Сайболат*

Бес төлектің қай атасына болмасын, күдіретті күй киесі молынан қонған. Әсіресе, Кәдір атасы – мәуелі бәйтеректей жапырақ жайған ұлтанды ауыл. Кәдірдің шөбересі Сайболат Қошетерұлы он саусағынан өнер тамған зергер ұста болыпты. Зергерлігімен қоса, домбырашылығы да болған Сайболаттың ержеткен ұлдарының ішінде Бодық та әкесінің зергерлігіне қоса, күйшіліктен қара үзіп шығады. 1869 жылы қазіргі ҚХР, ШҰАР, Алтай аймағының Буыржын ауданы жерінде дүниеге келген Бодық күйші жастайынан өз аулының және сол замандағы Алтайдың арғы-бергі бетіндегі әйгілі күйшілердің туындыларын құлағына қойып, зердесіне тоқып өседі.

Бодық күйшіден жеткен күй – «Дүние». Адамзат баласына екі келуге жазбаған мынау жарық дүниеге деген іңкәрлік, өмірдің өкінішті өтпелі екендігін күй тілімен берген «Дүние» күйі нотаға түсіріліп, қазақтың күй тарихында мәңгілік орын алды.

## **САҚТАҒАНҒЫ ТОҒАЙ**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Сатай – Сақтаған*

Күйші Сақтағанұлы Тоғай 1897 жылы Монғолияның қазіргі Баян-Өлгей аймағы, Ұланқұсын сұмыны жерінде дүниеге келеді. Бешен аулындай өнерлі ортада туып-өскен Тоғай да отбасынан, туыстарынан кішкентайынан домбыра үйреніп, күй тылсымына бойлап өседі. Тоғай – өзіне дейінгі күйшілердің мұраларын тартумен қатар өз тұстастарының туындыларын да молынан репертуарлап, орындаушы болған. Соынмен қатар, өзі де күй шығарған. Бір тақырыпқа бірнеше адамның баруы, туынды жаратуы – күй әлеміне де тән. Шеруші үкірдайының мирасқоры Дәлелхан Сүкірбайұлы

ақ генералы Бакичтің қармағына тұтылып, атылар мезетте қашып құтылуы – өзі үшін де, қалың елі үшін де аса әсерлі оқиға болғаны аңдалады. Қорым сайды құлдай жүріп, бірнеше күндей арып-шаршап тау-тасты паналаған ол әкесінің дос-жар ұраңқай төресі Жандагты барып паналайды. Жандаг Дәлелханға киім-кешек, ат-көлік беріп, ауылына жеткіздіртеді. Бұл Жандаг амба туралы мынадай бір өлең жеткен:

*Ақсақал, нәпсісі бар қарасақал,  
Нәпсіні тыю керек хадари хал.  
«Адамзат екі өңештен бұзылмақшы»,  
Моңғолда Жандық амбы айтқан мақал.  
Жұтуын неге қойсын жоғарғы өңеш,  
Өлуін білмеуі рас төменгі өңеш.  
«Адамзатекіөңештенқазатабар»,  
Ақылғаертеден-ақболганегес.*

Кешегі дәуірдің көшпелі жұрты өзара мәжілістерде осындай салиқалы кеңестер айтысып, домбыра мен сыбызғыдан төгілген сұлу сазға елжірей елітіп ғұмыр кешкен ғой. Олар қалай айтқанда да музыканың тілін барынша жақсы білгені анық.

Тоғай күйшінің өмірі қайғылы аяқталғаны өкінішті. 1931 жылы шеруші жұрты Шыңжанға үркіп барған тұста 1921-жылы бір кезде Ақбалшықта тұрып, ақтарды қызыл қуған заманда Қытай асқан Ұзын Иван, Қызыл Иван деген орыстар Тоғай бастаған бірнеше адамды ұстап алып, тас байлап суға салып өлтіреді. Бұларға бір кезде қызыл орыстарға көмектесіп, ақтарға қарсы болды деген кінә тағады. Осылайша, тамылжытып күй шерткен өнерпаз тұлға Тоғай Сақтағанұлы өзі өмірден өтсе де, шығармашылығы ұрпақ жадында қалды. «Өнер өлмейді» деген – осы.

## АҚЖАРҚЫНҰЛЫ ИСАБАЙ

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Ақжарқын*

Ақжарқынұлы Исабай 1848 жылы Өмірбекұлы Ақжарқынның екінші баласы болып өмірге келеді. Ағасы Тұрсынбай да, Исабай да жасынан күйшілікке бейім болып өседі. Әкесі Ақжарқын мен немере ағасы Жарқынбайдан домбыра үйренген Исабай замандасы Бейіс зәңгінің жанында өмір бойы бөлектеніп ірге аудармай қоныстас, қанаттас өмір сүреді. Исабай – өз тұсындағы әйгілі домбырашылардың бірі болумен қатар, бақсылығы болған екен. Не болатынын, кім келетінін алдын ала біліп отырады екен. Исабай бақсы атанып, ауыл-аймаққа шарапаты тиіп жүреді. Исабай сонымен қатар ересен күштің иесі, қармаулы батыр әрі қызба мінезді адам болыпты. Бірде ауыл-аймақтың малын жеп тоқтатпаған ілбісті аулауға найзасын қолына алып, қалың қорым тас арасындағы жатқан жеріне барады. Жыртқыш аң қарсы атылғанда Исабай найзасын тақыр қолтықтан сүңгітіп жібереді. Дегенмен, екпіндей ұмтылған жыртқыш та өткір тырнақты алдыңғы аяғымен шауып тырнап үлгереді. Исабайдың қабағынан бастап бетіне дейін терісін жалбыратып, бір көзін ағызып жібереді. Соңынан бірнеше кісі ертіп жеткен ағасы Тұрсынбай інісінің бұл халін көріп: «Әй, соқыр, жаның аман ба?» - деп айқай салады. Жалт қараған інісі: «Аманмын», - дейді. Соңынан бірге барғандар: «Сіз неге ініңізге «әй соқыр» дедіңіз?» - дегенде Тұрсекең: «Исабайдың мінезін, күш-қуатын білесіңдер. Соқырлық – жазмыш. Бұл сөзді алғаш басқа біреудің аузынан естісе, қорланып, долданып жазым етуі мүмкін ғой. Сондықтан да бұл ауыр сөзді өз аузымнан алғаш естісін дегенім еді», - деген екен. Үшқараның бөктеріндегі әулет қорымындағы кабірінің басында Исабайдың сол ілбіс шаншыған найзасы шаншулы тұр.

Исабай халық күйлерін және Бешен аулы күйшілерінің шығарған күйлерді жадына тоқып, жаңылмай шертетін

дәулескер күйші болыпты. Бұл турасында Сақай Қарсыұлы «Күй керуен» кітабында Ойғырда өмір сүрген күйші Дөйтен Ерғараұлының айтқан естелігін келтіреді: «Исекең тоқсаннан астам күй білетін. Үйміз Бешең аулына жақын әрі өзім эн-күйге құмар болғандықтан, ол ауылға көп барушы едім. Бешеңнің талай домбырашысы мен сыбызғышысын тыңдадым. Сонда бір байқағаным, Бердекең мен Сейітжан домбыраның құлағын бостау бұрап, өте бір айысты шертетін еді де Исекең мен Сағынғандар керісінше, қатты бұрап, саңқылдатып шертетін еді», - деп сипаттама берген екен.

Исабай күйшінің де «Зар заман», «Базар салдың күрең жорғасының жүрісі» т.б. көптеген күйлері бар. Исабай күйшінің есімі Бешең ауылының күйшілік тарихы туралы сөз болғанда міндетті түрде аталып отырады.

## **БЕЙІСҰЛЫ СЕЙІТЖАН**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Назар – Бейіс*

Бейісұлы Сейітжан 1890 жылы Монғолияның қазіргі Баян-Өлгей аймағы Ұлаңқұсын сұмыны жерінде дүниеге келеді. Жасынан ауыл молдасынан сабақ оқып сауат ашқан Сейітжан да домбыраға әуестеніп, күй үйрене бастайды.

Сейітжан Бейісұлы – «көп қалақша» аулындағы әйгілі күйшілердің бірі. Оның түрлі оқиғаларға құрылған «Өрікті көл», «Жалғыз жаяу», «Толғау», «Құрдас» т.б. авторлық күйлерімен қатар, жүзден астам халық күйлерін шебер орындаған құймақұлақ адам болған. Сейітжан Бейісұлының сонымен қатар, күйшіліктен өзге өлеңге де бейім болғаны байқалады. 1931 жылы ел Алтайға үркіп барғанда, азып-тозып келген елді Дәлелхан Сүкірбайұлы арғы беттен қарсы алады. Сол кезде Сейітжан мен Дәлелханның өзара өлеңмен жауаптасқан аға-інілік сағынышты қауышуын күйшінің жақын туысы Бәйтей Бабиұлы әңгімелеп берген еді.

Сейітжан күйшінің ең әйгілі туындысы – «Өрікті көл»



күйі. Домбыраның ширыға бұрауындағы ащы өксік бе-беулеген бұл күй – Қобда беттегі қазақтың басынан өткен қасіретті кіші «ақтабан шұбырынды» есебіндегі – «Жалама айдаған» дейтін оқиғаның музыка тіліндегі баяны. 1911 жылы Мәнжі-Шың империясы құлап, дінбасы Боғданы хан көтерген Монғолия мемлекеті құрылғаны белгілі. Осы кезеңде бұрынғы Мәнжі-Шың империясының езгісінде болған монғол нәсілді жұрттың барлығы Боғда хандық Монғолияның құрамына кіруге ұмтылды. Осы бір сапырылысқан алаң-бұлаң кезеңде өзін Дамбийжанцан Амурсанаев аталған адам Батыс Монғолияда пайда бола кетіп, Қобда қаласындағы Мәнжі-Шың әскерін талқандауда үлкен ерлік көрсетеді. Боғда ханның сеніміне кірген ол Айбарлы төре министр деген атақ алады. Лхасадан діни оқу оқыған Дамбийжанцанды монғолдар Жа лам деп атаған. Қазақтар Жалама деп атаған бұл адам 1912-жылы қазақтарды қазіргі Увс аймағының жеріне қарай ішкерілетіп, күшпен көшіре бастайды. Көнбеген адамдарға асқан зорлық көрсетіп, терісін тірідей сыпыртып, халықты қорқыту үшін ішіне шөп тығап алып жүреді. Небір қорлық-зорлықтың түрін көрсетіп, бейуаз халықты әбден зәрезап қылады. Бірнеше бағытпен айдалған елдің үлкен тобы қазіргі Увс аймағының Сагил сұмыны жеріндегі Өрөг нуур (қазақша Өрікті көл) деген жерге келгенде ел азаматты көтеріліс ұйымдастырып, қырықтай әскерін қырып салып, Ресей жеріне өтіп кетеді. Сейітжанның «Өрікті көлі» осы бір қасіретті де қаралы көштің ахуалын бейнелейді. Ыза мен кекке толы ширыққан сарынмен басталып, біртіндеп қоңырмайда қалыпқа түсіп, жақсы лепеспен аяқталатын бұл күй – Сейітжан Бейісұлының туындысы.

Сейітжан күйшінің «Жалғыз жаяу» күйі де Қобда беттегі азғана қазақтың басынан өткен аласапыранды күндердегі бір оқиғаға құрылған. Патшалық Ресейде 1917 жылы екі бірдей төңкеріс болып, нәтижесінде әуелі II Николай патша тақтан құлатылып, одан соң Ленин бастаған қызыл коммунистер билік басына келеді. Бұларға қарсы көзқарастағылар

ақтар деген жалпы атаумен күреске шыққанымен, қызылдар басым түседі. Ақтар шетелдерге бас сауғалай бастайды. Қытайға беталған үлкен корпустың басшысы атаман Дутов Шыңжанда өлтірілген соң оның әскери құрамалары әр жаққа бытырап, тарайды. Генерал А.Бакич бастаған бірнеше мың әскер Сарысүмбе қаласынан қуылып, Қобда бетке асып түседі. Шеруші қошуны жеріне келген соң ел ағасы Дөрбетхан Сүкірбайұлына талап қояды. Азық-түлік, күш-көлік беруге көндіре алмаған соң Дөрбетханды, інісі Дәлелхан мен немере ағалары Мұха Жантемірұлын тұтқындап алып кетеді. Ақбалшыққа әкеліп қамап, оларды босату үшін мол өтем сұрайды. Бірақ уәдесінде тұрмаған ақтар оларды өздерімен ала кетіп, Тұлба көлінің жағасында монғол-совет әскерімен 42 күндік шайқасқа кіріседі. Тұлба көл қоршауы басталғаннан кейін екі апта уақыт өткенде үш азаматты атуға алып шығады. Екі ағасы өрлей, інісі құлдай қашып, түн ішінде құтылып кетеді. Жалғыз жаяу сол қашқаннан қашып отырып, Сайыр тауының етегіндегі бір монғол үйге келеді. Бұлар Дәлелханды танып, жау көзінен тасалап отырып, ат-көлік, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, аулына шығарып салады. Дәлелханның сол бір қысылтаяң түнде жау оғынан сытылып шығып, жандәрмен жаяу қашқан халін бейнелейтін «Жалғыз жаяу» күйінің тарихы осындай. Күй аңызын жинастырып зерттеуші Сақай Қарсыұлы «Жалғыз жаяу» Сейітжандыкі емес» деген пікірлерге қатысты, Дәлелхан генералдың туысы, күйші, қоғам қайраткері Әтейхан Аябайұлы айтқан мынадай деректі келтіреді. «Біздің елдің кейбір ауылдары 1931 жылы Алтай бетіне асып барды ғой – дейді, Аябайұлы Әтейхан қарт, 1988 жылы әңгімелескенімде, - Сол кездері мен әкемнің қасына еріп, С.Дәлелханның үйіне бардым. Сонда әңгімеден әңгіме туындатып отырғанда Дәкей былай деп еді. «Баяғыда Тұлбада ақ пен қызыл соғысқанда біз тұтқында болдық қой. Ағаларым Мұқа мен Дөрбетқан үшеуімізді бір күні кешке Тұлбаның Шіберін өрлетіп айдап келе жатқанда мен қашып құтылып, екі ағам оққа ұшып өлді



емес пе? Сол оқиғаны Бейістің Сейітжаны мен Тоғай күй болдырып шертіп жүруші еді. Өзім сол күйді жақсы ұға алмай қалып ем. Сіздер Моңғолға қайта көшпексіздер ғой. Сол күйді Сейітжаннан ұғып алыңыздар», - деген еді. Біздің ауыл 1932 жылы Қобда бетіне қайта асып келген күзде, Соғақтың «Түпкір көл» деген жерінде күзеп отырдық. Әкем де домбыра шертетін, күй құмар адам. Әкемізден Семейхан, Әкейхан үшеуіміз де домбыра үйренгенбіз. Бір күні әкем Бейістің Сейітжанын шақырып, қой сойып қонақ етті. Сонда оған домбыра беріп: «Сейітжан сен, Дәкейдің ақтардан қашып құтылғаның күй болдырып шертеді дейді ғой. Соны шертші! Балалар сендер жақсылап тындап, үйреніп алыңдар», - деді. Сонда Сейітжан домбырасын «Кеңес күйге» келетін бұраумен күйлеп алып, «Жалғыз жаяудың» мен шертетін түрі, мынау С. Тоғай басқаша шертеді», - деп бірнеше рет қайталап ойнады. Ағайым Семейхан толық мен түгелге таяу ұғып алдым. Бұдан кейін ол кісі әкемнің айтуымен өзінің «Өрікті көлін», Бердекең мен Исабайдың «Зарзамандарын» және т.б халық күйлерін шертті. Мен түн ортасы ауа ұйықтап қалдым. Ал басқалары таң атқанша отырыпты». Мінеки, «Жалғыз жаяу» – талассыз Сейітжанның күйі екендігіне Әтейхан қарттың бұл әңгімесі дәлел бола алады. Бұл жерде бір ескерерлігі, Дәлелханның ақтар қолынан жалғыз сытылып шыққан халіне күй арнаған тек Сейітжан ғана емес екендігі. Сайболатұлы Тоғай күйшінің де осы тақырыптағы күйі болғанын меңзейді. Сонымен бірге шеруші ішіне келіп сіңген найман рулы Тауданбек ақынның баласы Дәуітбай зұрған да (Шеруші қошуының таңбасын ұстаушы) күйші адам болғаны, оның да Дәлелханның осы бір ажалдан аман қалған сәтін арқау еткен күйі болғандығы айтылады. Дәуітбай Тауданбекұлы Дәлелхан Сүкірбайұлы 1928 жылы Қытайға асып кеткеннен соң негізінен Қызылтөбе маңында, Бешен аулы ортасында өмір сүріп тұрып, 1938-жылы жазықсыз жаламен «халық жауы» ретінде ұсталып кеткен екен.

Дәулескер күйші Сейітжан Бейісұлы төте жазу мен



монғолдың ескі жазуын білетін, өз заманының сауатты адамдарының бірі болыпты. Түрлі қызметтер істеп жүріп, 1955 жылы туған өлкесінде өмірден өтеді.

## ҚҰЖАЙҰЛЫ ҮРІМ

*Төлек – Кәдір – Әлібек – Мырзатай – Бәтекен батыр –  
Өжіке – Құжай*

Белгілі күйші Үрім Құжайұлы 1926-жылы қаңтарда ҚХР, Шыңжан-Ұйғыр автономиялы ауданы, Үрімжі маңындағы Үбір деген жерде малшы отбасында дүниеге келген. 1937-1940-жылдары Үрімжі ауданы, Топқарағай бастауыш мектебінде оқыған соң 1940-1943 жылдары Үрімжі қаласында орта мектепте оқиды. Бұл мектепті толық аяқтап шығуына Шыңжанды билеген Шың Шы Сайдың саясаты мүмкіндік бермейді.

Ауылына оралған соң мал баға жүріп, домбырашылықты қолға алады. Ауыл арасындағы кішігірім той-томалақтарда домбыра шертіп таныла бастайды. Сөйтіп жігіт шағында Еренқабырға өңіріндегі белгілі күйшілердің біріне айналды.

Үрім Құжайұлы домбыра шертумен қатар, сыбызғыны да шебер тартады. Сөйтіп түрлі мәдени шараларға қатысып, талай рет жүлделі орындардан көрінеді. Ондаған күйдің авторы Үрім Құжайұлы халық және авторлық күйлердің шығу тарихын жинақтап зерттеумен тұрақты айналысады. Осы еңбегінің нәтижесі – «Күй аңызы» атты еңбегі 1995-жылы Шыңжан халық баспасынан жарық көреді.

Төлек Кәдір ұрпағынан шыққан, Қытай қазақтарына танымал дәулескер күйші Үрім Құжайұлы 1999 жылы 16 қаңтарда туған өлкесінде дүниеден өтеді.

## ДҮЗЕЛБАЙҰЛЫ ЫРЫСХАН

*Төлек – Кәдір – Қабыл – Таласбай – Тұрымбай -  
Дүзелбай – Ырысхан*

Талантты күйші Рысхан 1917 жылы Монғолияның қазіргі Баян-Өлгей аймағы, Ұланқұс сұмыны жерінде дүниеге келеді. Тұрымбайұлы Дүзелбайдың Жеңісхан, Өзімхан, Мінісхан, Түтік, Ырысхан деген бес ұлы болған екен. Ырысхан – осы бес ұлдың кенжесі. Жастай әкеден жетім қалған ол анасының қолында тәрбиеленіп ержетеді. Бұл туралы жақын ағасы Бейісұлы Сейітжан қимас бауыры Ырысхан өмірден өткенде былай деп толғаған екен.

*Әкеден жетім бір жаста,  
Кім тояды мал-басқа.  
Өз күйшімен жетіп ең,  
Амалым сірә болмас та.*

Ырысхан жастайынан талаптанып төте арабша хат таниды. Сонымен қатар, домбыра шертуге де талаптана бастайды. Ол домбыраны өзінің ағасы Жеңісханнан үйренген екен. Ағасы Жеңісхан да жастайынан орыс, монғол кәсіпшілеріне жуық жүріп тіл үйреніп, ел ішінен Ұланбатырға оқуға бала аттандырғанда, солардың қатарында болып, одан әрі Мәскеуге дейін барып, оқыған азамат болып оралған алғашқы маман кадрлардың бірі. Баян-Өлгей аймағын алғаш құрушылардың бірі, аймақ басшысы болып ұзақ жылдар қызмет істеген қоғам қайраткері болды. Ырысхан 1933 жылы сауда агенті болып жұмыс істеп тұрып, 1935 жылы Аққол (қазіргі Цэнгэл) сұмынның хатшысына сайланып жұмыстайды.

Күй аңызын зерттеп жинақтаушы күйші Қарсыұлы Сақайдың естелігінде мынадай жолдар бар: «...1938 жылы 8-айда Аққолдың «Ботамойын» деген жеріне жолаушылап барып 20-дай күн жаттым. Сонда қасында ақын Б. Ақтан бар,

Рысхан келіп, Жұлдызбай деген кісінің үйіне қонды. Рысхан домбыра шертіп, түн ортасы ауғанша тындап отырдық. Ол күйді бұрынғыдан да түрлендіріп, құбылтып шертетін болыпты. Және бойы ұзарып, иықтанып, кеудесі тіп-тік әдемі жігіт боп өсіп қалған екен.

Тәңертеңінде маған: «Үш күннен кейін келіп, үйге қонып кет. Домбыра шертейік» деді. Мен үш күннен соң түс ауа барсам, шайын қайнатып беретін күтуші жігітке мені аңдытып қойған екен. Әлгі жігіт барып айтып еді, іле-шала Рысхан да шықты. Қой сойғызып қойған екеи. Етті астырып түрлі кәмпиттерді алдыма төгіп төредей күтіп жатыр. Сол жолы.

– Сенің де құлағына сіңісті болсын. Тында! Және де мен шерткен күйлердің атын жазып отыр, - деп қолыма қағаз, қарындаш беріп, күйді бірінен соң бірін шерткен еді. Мен тындай отырып, күй аттарын жаза бердім. «Зар заманның екі түрі», «Кәрібоз», «Егіз торы», «Сал торы», «Жәнібектің көк дөнені», «Телқоңыр», «Майда жал», Б.Сейітжанның «Өрікті көлі» т. б. Таң ағарғанша 67 күй шертті. Бұл күйлердің бәрі де «Керей күйлері» еді. Сол жолы ол Қазақстанның күйлерінен де орындады. Ол Қазақстан күйлерінің біздің ортаға жаңа тарай бастаған кезі еді ғой. Сол алғашқылардың біразы мыналар: «Шалқыма», «Кеңес», «Балбырауын», т.б. Рысхан осылайша білетін күйін шертіп болғаннан кейін:

– Бешеңнің Сейітжаны мен Сақтағанның Тоғайы өз жандарынан күй шығарған екен. Мен де соларға еліктеп бір-екі күйдің басын құрап жүр едім. Біреуін толықтадым. Қазір жаңа заман басталды ғой. Сондықтан бұл күйімді «Жаңа заман» деп атап ем! - деп, домбыраның кварта бұрауымен 12-пернеге дейін жоғарылап, 1-пернеге дейін төмендеп, екі ішекті бірдей басып ойналатын бір сиқыр сазды, ойнақы әуенді күй шертті. Сонан соң:

– Мына күйді жуықта ғана бастадым. Жеті-сегіз күн болды. Жаңа-жаңа құрастырып толықтап келемін. Аты әзірге «Үкіметім жасай бер!» - деп, тағы да бір күйді ағытты.

Бұл да домбыраның кварта бұрауында, екі ішекті де

камтып 12 перне бойымен орындалатын, қағысы бөлек күй екен. Қазақстанның күйлеріне ұқсас төкпелі, орындалуы қиын күй болатын. Мен бұл күйлерін бірнеше рет қайталатып тыңдасам да үйрене алмадым.

– Ауылға барып Секең мен Онағаңа, Бәкей ағаларға осы күйлерімді тыңдатып ақыл алам ба деген ойым бар - деп еді, сонда Рысхан. Оның «Онағаң» деп отырғаны С.Сағынған. Ол кісіні ел солай деп атайтын».

1939 жылы көктем айында зертеңмен ауырып, 22 жасында өмірден өткен Ырысханның жары Рахима да көп кешікпей қайтыс болады. Соңында қалған тұяғы Бодауханнан тараған ұрпақтар баршылық. Ғұмыры қысқа болып, мынау жалғаннан ерте кеткен Ырысхан күйшінің тағдыр жолы осындай болған екен.

## ИСАБАЙҰЛЫ БАПЫШ

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Ақжарқын – Исабай*

Исабайұлы Бапыш 1904 жылы Монғолияның Баян-Өлгий аймағы Ұлаңқұсын сұмыны жерінде дүниеге келген. Әкесі Исабайдан, өзге де ағайын-туыстарынан домбыраның қыр-сырын үйренген Бапыш та өз дәуірінің арқалы домбырашыларының бірі болады. Сонау көнеден жалғасып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан күйшілік өнер, сан тараулы күйлер, олардың шығу тарихы туралы орасан мағлұматты майын тамызып әңгімелеп, күнді түнге ұратын әңгімеші адам болыпты. Тек күй тарихы ғана емес, Алтай-Қобданың тарихи оқиғалары мен шежіресін жүйелей жатқа соғатын даңғыл көкірек шежіреші болған Исабайұлы Бапыштың есімі өткен ғасырдың 50-60 жылдарында ел арасында фольклорлық және музыкалық зерттеу жүргізушілердің жазбаларында жиі ұшырасады. Бұлардың барлығы да еске сақтау қабілеті мықты, зерек қариямен жолығып, жата жастанып қажетті ақпараттарын алғандығының белгісі болса



керек. Бапыш ақсақалдың күйшілік өнері, күйлері туралы Тұрымтай Мүсірбайұлының жазбалары мен дискілерінде де біршама мәліметтер бар. Ақжарқын әулетінің күйшілік, шежірешілік өнерін сексеннің сеңгірінен асқан Бабиұлы Бәйтей ақсақал жалғастырып келеді. Бәйтей Бабиұлы да арғы-бергінің ескі әңгімесін көп білетін құймақұлақ жан. Әсіресе, өзі елу бес жыл ермек қылған саятшылық пен атбегілік туралы майын тамызып әңгімелегенде сол оқиғаның ішінде жүргендей етіп бейнелейтін шебер тілділігі – ата-бабадан жалғасқан бір тамаша қасиет болса керек.

### ТАЙТАСҰЛЫ МҰХАМБЕТ

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай –  
Назар – Таймас*

Тайтасұлы Мұхамбет 1905 жылы отбасының үшінші баласы болып өмірге келеді. Он жасынан бастан домбырамен әуестенген Мұхамбеттің ұстаздары өз аулының әйгілі күйші Бердібай, Сағынған, Сейітжандар болады. 1931-жылға дейін оқып үйреніп, малбаға жүріп домбыра шертуді үйренеді. Өз бетімен арабша хат таниды. 1932-жылдың басынан 1937 жылға дейін Ұланқұсын сұмындық сауда ұйымында сатушы, 1937-жылдан 1941-жылдың 3-айының 11-іне дейін бақ бастығы, 1941 жылдың 3-айының 12-сінен 1944-жылдың 3-айының 25-іне дейін Ұланқұсын сұмынының хатшысы болып істеген.

1944-жылы 3-айдың 25-інен бастап аймақтық кіші хурал басқармаларының 29 санды нұсқауы бойынша (бұл деректердің бәрі де архивтен алынды) Отанымыздың батыс шекарасын қорғаушы әскерлерге көмектесетін ерікті жасақтар тобы құрылғанда, соның елудік бастығы боп тағайындалған. Сөйтіп, осы күннен бастап Мұхамбет Тайтасұлы шекара қорғау ісіне белсене қатысып, Монғолия шекарасын бұзып, арандату жүргізген гоминдан әскерлеріне

қарсы әлденеше реткі қақтығыстарға қатысады.

Өзінің ерлік істерімен көзге түскен Мұхамбет 1945 жылы 7-айдың аяғында уақытша рұхсатпен үйіне келіп, оншақты күн демалып қайтады. «Көріскенше аман бол!» деген «Қоштасу» күйім ғой» деп толқыған екен.

*Құрметті атам Бешемнің,  
Домбырасы қолымда.  
Жаным құрбан кашанда,  
Партияның жолында.  
Күйдін аты «Қоштасу»,  
Туысқан мен туғанға.  
Орындалса мақсатым,  
Дер едім: «жеттім арманға!»  
Арманы не ер жігіт,  
Отан үшін төксе қан.  
Бұған қандай арман бар,  
Партия үшін шықса жан.  
Қош айтам енді туыспен,  
Үшқараның белінде.  
Ерке емесе ер жігіт,  
Өзінің туған елінде.  
Осы жерден хош айтам,  
Жалғыз қарғам Райхан.  
Әнтек шіркін жастаусың,  
Есіңде болсын осы айтқан.  
Жалғызым қалды сегізде,  
Олай-бұлай боп кетсем  
«Жетім, мынау» дегізбе.  
Секе, сізге тапсырам,  
Осы болсын есіңде. -*

деп термелеген ол жолдастарымен шеп құрып, командир ретінде майданға аттанып кетеді.

Қырықтай халық күйін шебер орындаушы, сегіз қырлы,

бір сырлы азамат Тайтасұлы Мұхамбет сол сапардан оралмады. Гоминдан басқыншылығымен алғы шепте шайқасып жүріп, соңғы ұрыстардың бірінде оққа ұшты. Бірақ, артында тебіреністен туған термесі мен «Коштасу» атты күйі және Райхандай мұрагері калды.

*Ақпанның аязынан тайсалмаған,  
Ол бейне, қара жердей қайсар адам.  
Шілденің аптабынан шімірікпеген,  
Ол нағыз асыл адам, жайсаң адам.  
Ақпанның ақша қары – ақ жүрегі,  
Ол тұрған адамдардың нақ жібегі.  
Сарқылмас кеудесі оның – күй қоймасы,  
Таусылмас жаны толған қалжың еді.  
Жан екен адалдыққа жаны құрбан,  
Ауылын еңбегімен кәні қылған.  
Кең екен, кеуде жимас сабаз екен,  
Ер екен белдескенін алып ұрған.  
Қаймықпай қиындықтан, қасіреттен,  
Батырша белшесінен басып өткен.  
Ел кегін, ер намысын жоқтасын деп,  
Құдайым оны солай асыл еткен, -*

деп жырлаған екен ақын Имашхан Байбатырұлы өзінің «Осындай ер өткен екен» атты өлеңінде. Мұхамбеттің ізбасары Райхан, немересі Құмырзақ қатарлы күйшілер туып шықты.

**САҒЫНБАЙҰЛЫ ӨСЕРХАН**  
*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай –*  
*Назар – Сағынбай*

Танымал күйші Сағынбайұлы Өсерхан 1918 жылы Ұланқұсын өлкесінде дүниеге келеді. Әкесі Сағынбай, туыстары Қаныкей, Сағынған, Сейітжандардан күй үйрене жүріп, домбырашылыққа төселе бастайды. Он бес жасында ауыл-аймаққа танылған күйші болады.

1936 жылы ел астанасы Ұланбатырдан үгіт және өнер бригадасы сол кездегі Қобда аймағының Ұланқұс сұмынына келеді. Осы бригаданың уақытша құрамына алынған Өсерхан Сағынбайұлы мен Құмар Сағынғанұлы сұмын-сұмындарды аралаған шығармашыл топпен бірге үш ай бойы концерт қояды. Бұлар астанадан келген музыканттардан мандолина мен қобыз тартуды үйренеді. Оқуға шақырғанымен, отбасы жағдайымен кете алмайды. Өсерхан күйші бұдан кейін ел ішінде түрлі қызметтер істеп, оның ішінде сауда саласында жұмыс істеп, өмірінің соңына дейін Ойғыр мен Ұлаңқұсын өлкелерінде өмір сүрді.

Өсерхан Сағынбайұлының ең алғашқы туындысы – «Сағыныш». Бұл күй ағасы Тайтасұлы Мұхамбеттің әскери жорықта қаза болуына байланысты, қимас туысын сағынудан шыққан екен.

1950-жылы Баян-Өлгей аймағы орнауының 10 жылдық мерекесі тойланады. Осы елеулі датаға арнап Өсерхан күйші «Бейбітшілік құсы» атты күй шығарып тойға лайықты тарту жасайды. Осы күйімен домбырашылар сайысында бас жүлдеге ие болады. Адамзат баласының басты мұраты бейбіт өмір, тыныштық екендігін күй тілімен бейнелейтін «Бейбітшілік құсы» жетпіс жылдан астам уақыттан бері халықтың сүйіп тыңдайтын, жеке адамдар мен оркестрлердің ықыластана орындайтын туындысы ретінде бірге жасап келеді. Бұдан өзге Өсерхан күйшінің «Ана сағынышы», «Мұрагер», «Жастық шақ», «Гүлденген өлке», «Таусылмай-



тын арман», «Балапанын ерткен қаз» т.б. күйлері бар және әрқайсысының өзіндік шығу тарихы бар.

Өсерхан күйшінің шалқар талант-дарынына риза көңілмен бас иген аталас інісі, белгілі ақын Имашхан Байбатырұлы «Күйшіге», «Терме» атты өлеңінде былай деп толғаған екен:

*Өр қиял құса бірде сағым ұшын,  
Туладың дауыл болып жанып ішің.  
Толқыған теңіз болып көкіректен,  
Қонды кеп қос ішекке сағынышың.  
Болса да бойың тапал, арың биік,  
Қорғадың жалын күйді жаның күйіп.  
Ұшырдың «Көгершін» қып арманыңды,  
Еліңнің әнін мақтап, таңын сүйіп.  
қалтыңмен еш пендеге қас қылмаған,  
Толғадың: «Оралды - деп, - жас күн маған»,  
Күй тұр зой қабағыңда, тартсаңшы аға,  
Ағылсын дариядай тасқындаған.*

Өсерхан Сағынбайұлы сондай-ақ шебер атбегі болған адам. Әсіресе, ұзақ жылдар жел жетпес жорға баптап сұмындық, аймақтық жарыстарда бас бәйгеге ие болған. Өсерханның кер жорғасы деген тұлпардың даңқын күллі Баян-Өлгей аймағының атсүйер халқы ұмыта қойған жоқ. Өсерхан Сағынбайұлының балалары барлығы домбыраны шебер меңгерген адамдар болды. Бегарыс атты баласы әке жолын қуып, музыкалық білімді маман, педагог ұстаз болды.

## ДОЛАМБАЙҰЛЫ ҚАБДЫРАШ

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Көрпеш –  
Жылыбай – Доламбай*

Төлек әулетінен шыққан белгілі күйшілердің бірі – Доламбайұлы Қабдыраш. 1930-жылы Монғолияның Баян-Өлгий аймағы, Ұланқұсын сұмынында дүниеге келген. Әкесі Доламбайдан, өзге туыс-туғандарынан домбыра үйренген Қабдыраш жастайынан күйшілігімен көзге түседі. Атап айтқанда, 1950 жылы Баян-Өлгей аймағы орнауының 10 жылдық мерейтойында халық күйі «Кәрібоз бен Салторыны» шертіп, ел ықыласына бөленеді. Бұдан соң 1959 жылы Ұланбатырда өткен студенттер мен жастардың алғашқы өнер фестиваліне қатысып алтын медальге ие болады.

Өмір бойы ауыл шаруашылығы саласында бригада басшысы, сауда агенті тағы басқа қызмет атқарған Қабдыраш Доламбайұлы көптеген халық күйлерін, Бешең аулынан шыққан күйшілердің шығармаларын тамылжыта орындаумен қатар, өз жанынан да күй шығарған сазгер.

Қабдыраш Доламбайұлының «Нұрлы таң», «Мерекеге тарту», «Арман-ай», «Қайран Бәкей» т.б. күйлері бар. Оның әрқайсысының өз тарихы бар. Ұланбатырда өмірден өткен баласы Анханға арнап шығарған зарлы күйін қызылқайыңдықтар жақсы біледі. Қабдыраш Доламбайұлының «Қызылқайың» қатарлы біраз күйлері оркестрге түскен. Қабдыраш Доламбайұлы әулетімен Атажұртқа қоныс аударып келіп, Павлодар облысының Майқайың кентінде тұрақтады. Сол жерде өмірден өтті.



## МҰХАМБЕТҰЛЫ РАЙХАН

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Назар –  
Таймас – Мұхамбет*

Белгілі күйші Райхан Мұхамбетұлы 1936 жылы Монғолияның Баян-Өлгей аймағы, Ұланқұс сұмында дүниеге келген. Жастайынан өнерге бейім болған Райханның кішкентай ойын баласы кезінде-ақ домбыраға бейім болғандығы айтылады. Алдындағы ұстаздары іспетті әйгілі күйшілердің туындыларын тамаша меңгеріп, тартады. 1955-57 жылдары Баян-Өлгейдегі музыкалық сауат ашу курсы бітірген. Қазақтың маңдайына біткен өнер майталмандары Хабиболла Тастанов, Алдаберген Мырзабеков, Қабыкей Ахмерұлының шәкірті болып қызмет жасайды. 1957-1991 жылдар аралығында Өлгей қаласындағы Музыкалық драма театрының ұлт-аспаптар оркестрінде домбырашы, кейіннен концертмейстер, жеке домбырашы қызметтерін атқарды. Райхан Мұхамбетұлының репертуарында Алтай-Қобда қазақтарының және қазақ композиторларының күйлері және шетел музыканттарының шығармалары бар. 1975 жылы МХР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері атағын алған. Моңғол үкіметі төрағасының стипендиаты, Құрмет грамотасының иегері.

Райхан ақсақал 1991 жылы атажұртқа оралып, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Көктас ауылына қоныстанды. Алғаш болып Көктас ауылынан саз мектебін құрып, осы мектептің жетекшісі әрі ұстазы болып, 2001 жылға дейін қызмет жасайды. 2002-2008 жылдары Осакаровка ауданының Сарыөзек ауылында мәдениет үйінің меңгерушісі, музыка пәнінің мұғалімі қызметтерін атқарады. Бүгінде еңбек демалысына шығып, Қарағанды қаласында тұратын ұлы Шынаттың қолында.

Райхан Мұхамбет өзі орындайтын «Арнау», «Ел көшкенде», «Арман», «Қобда өзені», «Сылқылдақ», «Әке арманы», «Қоштасу», «Аманат» секілді авторлық күйлері

бар. Квинт (теріс) бұрауындағы жүзден аса күйдің орындаушысы. Сыбызғы күйлерін бүгінгі күнге жеткізген сыбызғышылардың бірі.

«Тарту» (1965), «Жеңіс» (1976), «Қобда өзен» (1979), «Достық» (1981), «Толғау» (1984), «Бақыт таңы, (1984), «Әке арманы» (1985), «Ел көшкенде» (1991), «Егемендік» (1994), «Ата толғау» (2015), «Аманат» (2018), күйлерімен оркестрге арналған «Космонавтар вальсі» (1982) музыкалық шығармалары бар.

### **АҚҚОЖАҰЛЫ ҚАЖЫНӘБИ**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Сатай –  
Сағынған – Аққожа*

Күйші Аққожаұлы Қажынәби 1941 жылы қараша айында Монғолия Республикасының Баян-Өлгей аймағы, Ұлаңқұсын сұмында дүниеге келген. Ата-бабасынан жалғасқан күйшілік өнерді жастайынан көкірегіне түйіп өскен Қажнәби де осы өнерпаздық жолды ерте таңдап, бар ғұмырын арнайды. Ол 1959 жылы 9 сыныпты бітіріген соң Өлгей қаласында жаңадан құрылып жатқан музыкалды драма театрына қабылданады. Осы театрға алғаш қабылданған күйшілер тобының ішінде төрт азамат төлек әулетінен екен. Аталған театрда 41 жыл қажымай-талмай еңбек етіп, домбырашылардың бірнеше буынына ұстаз болған Қажынәби Аққожаұлы 2001 жылы құрметті демалысқа шығады. Тек домбыра ғана емес, мандолина, скрипкада, қазақтың ұлттық аспаптары сыбызғы, сақпан, тұяқтас сынды аспаптарды керемет меңгерген жан-жақты талант иесі болған Қажынәби Аққожаұлы өз жанынан да бірнеше күй шығарған. Сыбызғыға арналған «Сыбызғы сазы» күйі мен домбыраға арналған «Аяулы ана», «Ой сазы», «Аға даңқы», «Сағыныш», «Арнау» күйлерін шығарған. «Арнау» атты күйлер жинағы жарық көрген. «Еңбек Қызыл Ту», «Алтын

жұлдыз» ордендерінің иегері, Монғолия мәдениетінің озат қызметкері Қажынәби Аққожаұлы 2022 жылы 20 қыркүйекте Өлгей қаласында өмірден өтті.

## **МОМБАЙҰЛЫ АҚБИ**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Қабыл – Таласбай – Өзенбай  
– Кеңесбай – Момбай*

Сазгер, күйші, әнші Ақби Момбайұлы 1940 жылы бесінші қыркүйекте Монғолияның Баян-Өлгей аймағы, Ұланқұс сұмында дүниеге келген. Әкесі Момбай күй құдіреті дарыған ауылдан шыққандықтан домбыраға әуес болды. Анасы Бәтиха көптеген халықтық жыр-дастандарды жатқан білген. Сондықтан болар бала Ақби де өнерге жақын болып, оқушы кезінен аймақтық театрдың мүшесіне айналған. 1959 жылы Баян-Өлгей аймақтық музыкалық ұлт-аспаптар оркестріне қосымша музыканттар ретінде тіркеліп, мектептен босатылды. 1960 жылы ел астанасында өткен декадаға қатысып, келген соң театрдың домбырашысы ретінде өнер жолына толыққанды қадам басты.

Ақби Момбайұлы 1965-1970 жылдары Ұланқұс сұмындық мәдениет клубының меңгерушісі қызметін атқарды. 1970 жылдан бастап Сақсай сұмын театрының ыстығымен суығына күйіп өнердегі 35 жылғы ғұмырын осы театрға арнады. Алғаш еңбек жолын театрдан бастап, театрдың ұйымдастырушысы, актері, сазгері, әншісі сынды әр түрлі жұмыстарды қатар атқарды. 100-ге жуық өлеңге ән жазып, 10-ға жуық күй шығарды. Қазақ радиосының алтын қорында әндері мен күйлері жазылып, өмірі мен шығармашылығы туралы кітаптар жарық көрген. Баян-Өлгей аймағы Сақсай сұмыны 1959 жылы орнаған. Ақби Момбайұлы осы сұмынның қызыл бұрышында, кейіннен сұмындық клуб, театрда еңбек етті. Бүгінде Сақсай сұмындық «Мәдениет орталығы» композитор, сазгер, күйші Ақби Момбайұлының атына берілген. Ақби күйшінің немересі Нұрбек ата жолын қуып күй тартады.



## **РАЙХАНҰЛЫ ҚҰМЫРЗАҚ**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Назар –  
Таймас – Мұхамбет – Райхан*

Райханұлы Құмырзақ 1962-жылы Монғолияның Баян-Өлгей аймағында, күйші отбасында дүниеге келген. 1982-86 жылдары Ресей Федерациясы, Бурят Республикасының астанасы Улан-Удэ қаласындағы Улан-Удэ индустриалды университетін «құрылыс инженері» мамандығы бойынша тәмамдаған. 1986-92 жылдары Өлгей қаласындағы кәсіптік техникалық училищеде оқытушылық қызмет атқарған. Жастайынан көзі көріп, құлағы қанып өскен домбыраға әуес болып өскен Құмырзақ Райханұлы Қобда бет қазақтарының 50-ге жуық авторлық күйлерін шебер орындаушысы.

1991 жылы отбасымен атажұртқа қоныс аударып, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Көктас ауылына қоныстанды. 1993-97 жылдары аталған ауылда музыка пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. Қазір Қарағанды қаласында тұрады. 2020 жылы ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазына» ғылыми зерттеу орталығы Құмырзақ күйшінің орындауындағы 30-ға жуық авторлық және халық күйлерін таспалап алды.

## **МАМЫРХАНҰЛЫ ЕРКІНБЕК**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Сатай –  
Сақтаған – Қожахмет – Мамырхан*

Күйші Еркінбек Мамырханұлы 1973 жылы Баян-Өлгей аймағында туған. Өлгей қаласындағы бірінші он жылдық мектепті бітірген соң Семей қаласындағы Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық колледжіне оқуға түсіп, 1995 жылы «домбырашы-муызкант» мамандығы бойынша тәмамдаған. 1997 жылдан Монғолияның Баян-Өлгей аймағы, Өлгей қаласындағы Құрманхан Мұхамәдиұлы атындағы музы-



қалды драма театрында музыкант болып жұмыс істейді. Монғолия мәдениет саласының озат қызметкері. Монғолия Жастар одағының «Еңбек даңқы» алтын медалімен марапатталған. Ұлаанбаттар қаласында өткен Мемлекеттік халықтық өнер фестивалінде алтын медаль, Ұлы Монғолия мемлекеті орнауының 800 жылдығы, Киіз турлықты елдер фестивалінде алтын жүлде, Шығыс-Азия елдерінің өнер фестиваліне және көптеген халықаралық өнер фестивальдеріне қатысушы.

Еркінбек Мамырханұлы – 1997 жылдан бастап ұлттық өнерді насихаттап, ұстаздық өнерге қадам басты. Бүгінгі күнге дейін жүзге жуық шәкірт тәрбиеледі.

Ол Өлгий қаласында «Үкілі домбыра» ансамблі сондай-ақ Улаанбаатар қаласында студент жастар арасында «Бәйтерек» ұлттық аспаптар ансамблін, Ховда аймағында «Ата мұра» қазақ ұлтық аспаптар ансамблін құрып, халықтың қошемет қалауынан шықты. Қазір Моңғолия өнеріне есімі таныс «Күлтегін» этно-фолклорлық ансамбль құрып, елімізге және алыс шет елдерге турист қонақтарға өнерлерін көрсетіп үлкен табыстарға жетіп жүр.

Қазақстан өнер зерттеуші ғалымдармен бірге Монғолиядағы сан түрлі халықтар арасынан ән, күй, әуендерді жинап кітап таспаларға шығарып еңбек етіп жүр. Алматы қаласы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында өткен ғылыми конференцияда «Монғол сыбызғысы» жайлы мақаласы таныстырылып, кітапқа басылды.

Өнер зерттеушісі, фольклорист, күйші ММО қызметкері Еркінбек Мамырханұлы «Мен қазақпын», «Ер Жәнібек», «Күлтегін», «Ор теке», «Сағыныш» т.б. көптеген күйлердің авторы.

## **ЕРКІНБЕКҰЛЫ АҚЖОЛ**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Сатай –  
Сақтаған – Қожахмет – Мамырхан – Еркінбек*

Жас күйші Еркінбекұлы Ақжол Өлгей қаласында туған. Алты жасынан бастап домбыра шертуді үйренген. Саз сырнай, дабыл, дарбука, шаңқобыз, жетіген, домбыра, шертер сияқты аспаптарда ойнайды. 9 жасынан күй шығарған. Қазақстандық күйші, композитор Ғаламат Бейсеқожаның өнеріне тәнті болып, алғашқы күйі «Ғаламатты» шығарған. «Сафари», «Бөрте лак», «Батыр баба» күйлерінің авторы. Өнер зерттеушісі, шебер Бақия Азаматтың бастамасымен қазақ елінде «күйшілікке бір қадам» Ортеке қуыршақ байқауына қатысып, «Бөрте лак» күйін орындап, 6-13 жас деңгейі бойынша бас жүлдеге ие болды.

## **ЕРКІНБЕКҰЛЫ МҰСТАФА**

*Төлек – Кәдір – Өмірбек – Жарқынбай – Сатай –  
Сақтаған – Қожахмет – Мамырхан – Еркінбек*

Еркінбекұлы Мұстафа 2002 жылы Өлгейде дүниеге келген. «Зайд» мектебінің 12 сынып оқушысы. 5 жасынан бастап домбырада ойнауды әкесінен үйренген. 2017 жылдан Баян-Өлгей қаласындағы «Күлтегін» этно-фольклорлық ансамблінің белді мүшесі. Домбыра, сыбызғы, шертер, шаңқобыз, саз сырнай, шіңілдек, дабыл, мүйіз сырнай қатарлы аспаптарда ойнайды. 2014 жылы Баян-Өлгей аймақтық «Күй құдіреті» байқауынан бас жүлде, Ұлаанбаттар қаласында өткен «Зөңгийн одод» өнер фестивалінде бас жүлдеге ие болып, халықаралық «Найрамдал» балалар лагеріне демалыс жолдамасын иеленді. 2017 жылы аймақтық «Жауқазын» өнер фестивалінен 1 орын, 2020 жылы аймақтық МДТеатры өткізген «Күй құдіреті» онлайн сайысынан бас жүлде, 2019 жылы Жезқазған (Қазақстан) қаласында өткен «Ақсақ құлан. Кетбұға би» атындағы I халықаралық күйшілер сайысына





қатысып, «Ең жас қатысушы» марапатымен сыйланған. 2019 жылы Алматы облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Мәңгілік елдің мәңгілік сарыны» түрік тектес елдердің халықаралық өнер фестиваліне «Күлтегін» ансамблінің құрамында табысты өнер көрсетіп, шет елдік өнер майталмандарымен бірге үлкен сахнада өнер көрсетті. Өнер зерттеушісі, шебер Бақия Азаматтың бастамасымен қазақ елінде «күйшілікке бір қадам» Ортеке қуыршақ байқауына қатысып, «Көксерке» күйін орындап, 7-12 жас деңгейі бойынша бас жүлдеге ие болды

### **ТАРПАҢҰЛЫ МҰХТАРХАН**

*Төлек – Таңатар – Жанәлі – Жолжақсы –  
Ағай – Тарпаң*

Тарпаңұлы Мұхтархан 1927 жылы тамыз айының бесінші жұлдызында Ойғыр өлкесі Ақшоқы мекенінде дүниеге келді. Жасынан елгезек, еті тірі санасы сергек жігіт боп өседі. Өткен ғасырдың орта тұсы – Қобда беті қазақтарының көшпелі өмірден отрықшылық тірлікке бет бұра бастаған кезі. Қырқыншы жылдардың басында ел отрықшылыққа бейімделе бастаған тұста (ұстаздық, дәргерлік, шофырлық т.б) кәсіби мамандарды дайындаудың алғашқы оқыту бөлімдері дайындалып оқытыла бастады. Алғаш еңбек жолын 1946-жылы он төрт жасында сегіз айлық курстан өтіп фельдшер-дәрігер мамандығымен бастаған. Осы салада алты жыл жұмыс істеп 1952-жылы әскери борышын өтеп 1955-жылы елге оралады. Алғаш 1959-жылы «Кең-Өлке» бірлестігін орнатқан үш адамның бірі (Қаматай, Марқаба, Мұхтархан). 1963-жылы қаңтар айының он бесіндегі ұлы құрылдың жарлығымен Ойғыр мен Улаанхус сұмындары біріктірілген кезде сұмын әкімінің орынбасары болды. Кейіннен ауыл шаруашылық бөліміне ауысып, осы салада ұзақ жыл еңбек етіп зейнеткерлікке шықты. Осындай ел ісіне араласа жүріп, ел аузындағы шежіре, дастан, өлең-жырларды

да жинастыра жүрді. Өнерден алыс емес елдің ұрпағы ғой. Өзі де ән айтып домбыра тартты, ақын болмаса да ақын жандылығы тағы бар. Елдің зиялысы мен өнерпазына жақын болды. Ел аузынан жазып алған «Мұғыражы» жырларын жинақтаушы, Ақыт қажы Үлімжі ұлының өлең-жырларын жинап насихаттаушы әрі шежіре жинаушы болды. Белгілі домбырашы дәулескер күйші Мүсірбайұлы Тұрымтай екеуі бірлесе отырып абақ керейдің бірқанша күйлерін жинақтап күй табаққа түсіріп таспалады. Қазақстан егемендік алып ел көше бастаған тұста 1993-жылы Көкшетау облысы Уәлихан ауданы Азнабай ауылына көшіп келді, осы жерде түпкілікті мекендеп 2008-жылы қазан айының сегізі күні жұмада қайтыс болды. Мұхтархан күйші халық күйлері мен төлек күйшілерінің күйлерін тамаша орындайтын еді. Баласы Ықылас та дәулескер күйші болды. Кенже ұлы Дәулет те күйді тамаша тартумен қатар, Арқа дәстүріндегі таны-мал әнші. Қазіргі күні Біржан сал ауданы орталығындағы мәдениет үйін басқарады.

(Түп төркіні: Байлау – Шеруші – Күнтуған – Есет – Төлек – Таңатар – Жолжақсы – Ағай – Тарпаң - Мұхтархан.)

## МҮСІРБАЙҰЛЫ ТҰРЫМТАЙ

*Кәдір–Көлібай–Балғабек–Бисары–Төлебай–Сіргетай* әулетіне жиен болып келетін Тұрымтай Мүсірбайұлының руы – қангелдінің күнбасы. Тұрымтай Мүсірбайұлы 1950 жылы Ұланқұсын сұмынында дүниеге келеді. Күйшінің анасы Бәуша (Бәдуан) Сіргетайқызы да он саусағынан өнер тамған, еті тірі адам болған. Жасынан өнерге бейім болған Тұрымтай нағашы жұртының мұрасы қара домбыраны шебер шертетін күйші болып қалыптастады. Түрлі өнер сайыстарында орындаушылық шеберлігімен көзге түсіп, жүлделі орындарға ие болады. Сұмындық тұрмыс қажетін өтеу өндірісінің автодүкенін ұстауы Тұрымтай Мүсірбайұлына ел аралап, күйшілік дарынын шыңдауға үлкен көмек болады.



Бұрынғының көзіндей даңғыл көкірек шежіре қариялардың құнды әңгімелерін тыңдап, қарт күйшілер жеткізген күйлерді жинақтап көкірегіне түйеді. Олар жайында мерзімдік баспа сөздерге жариялайды. Баян-Өлгий аймағында шығып тұрған (қазір де ара-тұра шығып келе жатқан) «Шұғыла» журналының 1983 жылғы №1(102) санында Тұқанның «Күй құдіреті» деген мақаласы басылған екен. Онда былай дейді: «Күй тілін ұғу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені күй тілі – өте құпия, алуан өрнектерден құралған, ұғымы күрделі, сиқырлы тіл. Қазақ халқы өзінің басынан кешірген қуанышы мен жұбанышын, қайғысы мен қасіретін, сүйіспеншілік махаббатын, ойын-күлкі, әзіл-қалжыңын осы бір сиқырлы тілмен жеткізіп келген.

Күй – күйшінің ғана ой-сезімін, көкейкесті арманын білдірмейді. Керісінше барша халыққа ортақ мүддені толғайды. Міне бұл, халқымыздың ежелден музыка өнерінің қайнар көзі екендігінің айқын айғағы. Ортамыз – өнер ордасы. Бұл орда талай құпия туындыларға бай».

Тұрымтай Мүсірбайұлының саналы өмірі туған өлкесі Ұлаңқұсын мен атамекен Қазақстанның Жарма ауданында өтті. 1998 жылы атажұртқа қоныс аударып келген соң, мұнда да өзінің шығармашылық белсенділігімен танылды. Жарма ауданының жерінде мәңгілік тыныс тапқан қазақтың әйгілі батыры, жоңғар шапқыншылығы тұсында тарих сахнасына шығып, он екі абақ керейдің ұраны болған Ер Жәнібек Бердәулетұлының ерлік ғұмырын ұлықтауға өлшеусіз үлес қосты. Ер Жәнібек бабасының басын көтеру үшін зерттеулер жүргізіп, қазақтың айтулы адамдарының, жергілікті, жоғары орындардың назарын аудартып, іс-шаралар ұйымдастырудың басы-қасында болады. Тұқаң шымшыма әзіл сөздің шебері болған кісі. Бір дастарқанда Тұқаң Ер Жәнібек бабасы туралы көсілте сөйлеп, елді аузына қарата ұйытып отырғанда, ортадан біреу қолын көтеріп: «Аға, бірдеңе сұрайыншы!» - депті. Тұқаң: «Иә, сұрай ғой!» - десе ана кісі: «Бағанадан бері айтып жатырсыз. Жәнібек батыр мықты кісі екен. Сонда

ол кісі оралман ба?» - деп сұраған ғой. Сонда Тұқан: «Иә, оралман ғой», - дейді. Ана кісі аң-таң пішінмен: «Ол кісі сонда қашан келген?» - дегенде: «Ол кісі үш жүз жыл бұрын келген ғой. Мен сол кісінің соңынан жаңа келіп жатырмын», - деген екен. Тұрымтай Мүсірбайұлы өзінің ондаған авторлық күйлеріне қоса, Алтай-Қобда күйлерін шығу тарихын әңгімелей отырып, дискіге жаздырып, нотаға түсіріп, күй мұрасының сақталуына зор үлес қосты. Анасы өмірден өткенде туған «Ана әлдиі» қатарлы көптеген күйлері бар. «Қырық қалақша» аталған нағашы жұртының күй мұрасы сақталуына Тұрымтай күйшінің үлкен үлесі бар.

Танымал күйші, шежіреші Тұрымтай Мүсірбайұлы 2016 жылы 12 мамырда Шығыс Қазақстанда, Өскемен қаласында өмірден өтті.

## **АҚТАЙҰЛЫ ЖЫЛҚЫШЫ**

*Шеруші – Бақат – Сатыбалды – Байгара – Киікбай –  
Көбеген*

Жаратқанның бір төккенде жеті өнерді жігіттің басына бірдей төге салатыны да бар ғой. Сондай азаматтың бірі – палуан, би, сыбызғышы Жылқышы Ақтайұлы болыпты. Ақтайұлы Жылқышы 1826 жылы Шыңжаң өлкесі, Алтай аймағы Буыршын ауданы жерінде дүниеге келіп, 1889 жылы Монғолияның қазіргі Баян-Өлгей аймағы, Цэнгэл сұмыны жерінде өмірден өтіп, Құйтасқа жерленген. Жылқышы жастайынан ерен қара күшімен ерекшеленіп, алысқанын алып ұрар палуан болып өседі. Әкесі Ақтай мен оның інісі Бозтайлар аюмен алысып жеңген палуандар болса, атасы Көбегеннің Буыршынға алғаш келгенде монғол төресінен жер сұрай барғанда бәске көтерген көкшұбар тасы Шұңқыр аулының мектебі жанында ескерткіш болып тұр. Ұлы атасы Киікбай батыр Сыр бойында жолбарысты найзалап өлтірген деген аңыз айтылады. Жылқышы он жеті жасында найман елінде болған бір үлкен аста арысқа түсіп бас бәйгені ала-



ды. Осыдан кейін оның палуан атағы Алтайдың төрт тарабына жайылады. Отыздан асқан жасына дейін үлкенді-кішілі ас пен тойда күресумен қатар, сыбызғышылығымен де ерекшеленеді. Шеруші руының билігін ұстаған әкесі өмірден өткенде ел ағаларының шешімімен Ақтайдың он төрт ұлының ішінде Жылқышы би болып сайланады. Осыдан кейін ол күреске түсуін қойып, ел билеу ісімен болады. Жылқышы өзіне қараған елді әділдікпен басқарып, жақсы атымен тарихта қалады. Жылқышыдан Сүкірбай, одан Дөрбетхан, Дәлелхандар ата жолымен шеруші руын үкірдай, тәйжі шенімен билеген.

Жылқышы бидің жас кезінде бір астағы күресте қарсылас палуанның қолы қара санына қатты батады. Сол жері қарайып қалады. Ақыры жасы ұлғая келгенде бір саны семіңкіреп, жанын қинайтын болады. Қобда бетте, қазіргі Баян-Өлгей аймағының Алтай сұмыны жеріндегі Соғыстөбеде мыңнан астам адам қатысқан «Шеруші-Жәдік соғысы» дейтін үлкен қақтығыста Жықаң аяғын таңдырып алып атқа отырған екен дейтін, қариялар.

Жықаң сыбызғыда көптеген күйлер шығарғанымен, бізге жеткені бірнешеу ғана. Солардың бірі – «Әттең, Сарыбел».

«Ысқырса – желдікі, айдаса – жаудыкі» дейтін қыл құйрықты жануарға ежелден ұры-қарының, өгдеп келген барымташының көзі түспей қалған ба! Жықаңның жылқы шетіне шығып қайырмақтайтын әдеті бар екен. Жайланып отырып алып сыбызғысын сыңсытып тартады екен. Сонда жылқы жануар сыбызғы күйіне елітіп мүлгиді екен. Бірде осылай сыбызғысын тартып, жылқысын жусатып отырған Жықаңның көз шырымын алуын аңдып жүрген ұрылар ерттеулі атына қоса, жылқысын қуа жөнеледі. Ояна сала жан дәрмен жаяу соңынан құмақ болғанымен, не дәрмен қылсын. Әрі ауру аяғы да жаяу жүруге мұрша берер емес. Алдындағы тепсең сары белге жетіп алуды ойлаған Жықаң жан тері шығып алға ұмтылады. Сары белдің үстіндегі қойтасқа отыра қалып, беліне қыстырған сыбызғысын

аңырата бебеулетеді. Сол кезде дүркіреп сонау етекте кетіп бара жатқан жылқы жалт бұрылып, кері қашады. Ұрылардың көлденеңдеп жасқағанына қарамастан, бытырай дүбірлеткен жылқы Сарыбелдің басында отырған Жықаңның жанына келіп шұқырай үйіріледі. Мына ғажапты көрген ұрылар да салы суға кетіп жалғыз жаяудың жанына келеді. Бұл адамда бір қасиет барын түсінген ұрылар жөн сұрасып, бұл адамның әйгілі би әрі сыбызғышы Жылқышы екенін біліп, кешірім сұрап, атын көлденең тартып, жаңағы тартқан күйін қайтадан тартып беруін өтінеді. «Күйімнің аты – «Өттең, Сарыбел». Осы Сарыбелге жетіп сыбызғымды бір тартсам, істің бір мәнісі болар деп едім. «Жүгірген жетпейді, бұйырған кетпейді» деген осы, жігіттер!» - деген екен. Теректен шымырлата толқытып, ащы зарлы сарынмен ойналатын бұл күйді сақтап жеткізуші – Үрімжі қаласының маңындағы Байтәнху қыстағының тұрғыны Құсман Мақмырзаұлы.

Жықаңның тағы бір күйі – «Қайран Бәтекен». Шеруші бақаттың төлегі ішінде Кәдірдің Әлібегінен тарайтын Бәтекен батыр Мырзатайұлы жасанған жауға жалғыз шапқан батыр адам болыпты. Алтайдың күн бетінен жау аяғы үзілген бе! Сондай жаудың бірі – «қызылаяқтар» еді. Белгі үшін қонышын қызыл матамен орап алғанқытайларды халық осылай атапты. Іле, Тарбағатай, Алтайды ойрандаған қызылаяқ жаудың бір тобы Бәтекен батырдың аулына шауып, жылқысын айдап кетеді. Сондарынан қуа соғысқан Бәтекен батыр саны көп жаумен қаймықпай ұрыс салады. Жықандар соңынан жеткенше жау Бәтекен батырды мерт қылады. Елінің арысы, аяулысынан айрылған күйіктің белгісіндей «Қайран Бәтекен» күйі дүниеге келеді. «Жылып өткен дүние» күйі мынау өмірдің баянсыздығына, бес күндік жалғанның бір күні жарығы бітеріне ой жүгіртіп, толғанудан туған күй болса керек.

Жылқаң бидің тағы бір күйі – «Армандакеткен Дайрабай». Жылқышы, Қорабай бастаған шерушінің бір топ адамы Қобда бетке жер шалу үшін шығып, Ойғырды көктей



өтіп, қазіргі Монғолия-Ресей шекарасына жетеді. Осы жерде орыс шекарашыларымен ұғыныспай қалып, олар оқ жаудырады. Жылқышының атына оқ тигенде Қорабай шауып келіп мінгестіре қашады. Бір аяғының етігі аттың үзеңгісінде қалып қояды. Сенімді серігі, әрі күйші, тілмаш найман Дайрабай деген кісі оққа ұшады. Жылқышының алып етігіне таңданған орыс шекара командирі бұлардың артынан адам жіберіп, бейбіт кездесу жасауды ұсынады. Бұлар өздерінің жер шалып жүрген адамдар екенін, бөтен елдің шекарасын бұзу еш ойларында жоқтығын айтады. Дайрабайды сол сайдың күңгейіне арулап жерлейді. Сол бір дара сай күні бүгінге дейін Дайрабай аталып келе жатыр. Жықаң қимас серігін жоқтап: «Арманда кеткен Дайрабай, арманда өлген Дайрабай, о дүние, жалған-ай!» - деп опына күңіреніп, бір зарлы күй тартқан екен. Мұны жәдік итемген рулы әйгілі күйші Нұғыман Шудекеұлы Жықаңның күйі еді деп тартатын еді, сол кезде тоқсанның ішінде болса керек деп әңгімелейді, сексен бес жастағы Мусабай қажы Ұтханұлы.

## САСАНҰЛЫ ДЕЛДАЛ

*Ботағара – Тыныбек – Сәрік – Есілбай – Өтеміс – Сасан*

Ботағара руынан көптеген әйгілі сыбызғышылар туып шыққан. Солардың бірі – Сасанұлы Делдал. Әкесі Сасан дасыбызғышы болған екен. Баласы Делдалдың сыбызғыға бейімдігін ерте таныған әкесі арнайы сыбызғы жасап береді. Осылайша Делдалдың сыбызғышылығы айналадағы жұртқа ерте жайылады. Делдал күйші тек сыбызғышы ғана емес, ол домбыра да шертіп, күйлер шығарады. Сондай күйлерінің бірі – «Жеті атым» екен. Жеті атын ұрылар алып кеткенде осы күйді шығарса, одан кейінгі жаяу қалып шаршаған халін «Жаяу Делдал» күйі арқылы баяндаған екен. «Жеті атым» күйін шығарғаннан кейін жазда Алтайда болған бір үлкен асқа жас жігіт Делдал да барады. «Аттарым табылып қалар, жеті атымның бірі болмасын бірін асқа келгендер мініп ке-



лер ме екен?» - деген үміттің жетегімен келген күйші ас басталғанда бір төбеге шығып алып сыбызғысын аңыратып тарта жөнеледі. «Бұйырған кетпейді» демекші, ұрыға қолды болған жылқысы осы маңда екен. Иесінің сыбызғысының үнін естіген жылқысы шапқылап отырып жетеді. Мұндай кереметке таң қалысқан жұрт мән-жайды білісіп, ұрыны биге жүгіндіріп, айып-анжысын тарттырып, Делдалды риза қылып қайтарады. Делдалдың інісі Шамғұн да он саусағынан өнер тамған шебер болыпты. Шамғұнның баласы Құмақай да өз қатарынан озып шыққан сыбызғышы болыпты.

### **ШАМҒҰНҰЛЫ ҚҰМАҚАЙ**

*Ботагара – Тыныбек – Сәрік – Есілбай – Өтеміс –  
Сасан – Шамғұн*

Шамғұнұлы Құмақай 1908 жылы Шыңжаң жерінде дүниеге келеді. Ата-бабасынан мирас болып келе жатқан сыбызғышылыққа жастайынан бейім болады. Баян-Өлгей аймағындағы алғашқы өнер клубы (қазіргі драма театрының негізі) құрылғанда алғашқы музыканттардың бірі болады. Құмақай сыбызғышы Монғолияда өткен алғашқы өнер олимпиадасына қатысып, қазақ және монғол күйлерін орындайды. Монғолияның сол кездегі Бас уәлиі Х.Чойбалсанның қолынан диплом мен бес жүз төгрөгке ие болады. 1944-45 жылдары Шығыс Түркістанды азат ету соғысына Батыс Монғолиядағы қазақтардан жасақталған құрама сапында аттанған Құмақай азаттық көсемі Оспан Сіләмұлының алдында сыбызғы тартады. Оспан батырдың алдында Құрыш атты әйгілі сыбызғышымен сайысқа түскен Құмақай қарсыласынан басым түседі. Сондағы тартқан күйі – туған елін, жерін сағынудан туған «Сағыныш» атты туындысы екен. Жалпы, Құмақай күйшінің «Сағыныш» пен «Кең жайлау» атты екі күйі ғана жеткен. Құмақай Шамғұнұлы 1956 жылы Дэлүүн өлкесінде өмірден өтеді.





## ҚҰМАҚАЙҰЛЫ КӘЛЕК

Әйгілі сыбызғышы Құмақайұлы Кәлек 1930 жылы 20 мамырда Баян-Өлгей аймағының Бұзаукөл өлкесінде дүниеге келеді. Арғы аталары Сасан, Делдал, Шамғұндардың жолын жалғастырып, жастайынан сыбызғыға әуес болады. Кәлек сыбызғына алғаш әкесінен үйренеді. Сегіз жасынан бастап сыбызғыны еркін ойнап тарта бастайды. Ботағараның әйгілі күйшілері Кәбетай, Сауыржан, Жұмайхандардан, төлек рулы Байсыханнан үйреніп, шеберлігін шыңдай түседі. 1960 жылы Баян-Өлгей аймағы орнауының 20 жылдығы мен драма театры орнауының 10 жылдығы ұатарлы өнер байқауларына қатысып, жүлделі орынға ие болады. Кәлек сыбызғышы жаңа орнап қалыптасып үлгерген драма театрға қабылданып, әртіс болуды армандайды. Сөйтіп 28 жасында, 1958 жылы Баян-Өлгей аймақтық музыкалды драма театрының халық аспаптар оркестріне сыбызғышы болып қабылданады. Осы жылдары театр әртісі Ахметбек пен Кәлектің сыбызғы мен домбырадағы күй дуэті халықтың көңілінен шығып, атақ-даңқы аспандай түседі. Кәлек Құмақайұлы көптеген күйлер шығарған композитор. Оның «Алыстағы арман», «Бақыт құшағында», «Алтын заң», «Жайлауда», Боздағым», «Жайма-шуақ» т.б. күйлер шығарған. Және де сыбызғы жасаудың шебері. Ол жасаған әдемі сыбызғылар көптеген адамдардың, мұражайлардың экспонаты ретінде сақтаулы.

Кәлек Құмақайұлы – Атажұрттағы сыбызғы мектебінің қалыптасуына зор үлес қосқан тұлға. 1967 жылы алғаш Ресейдің Таулы-Алтай автономиялы облысында (қазіргі Алтай Республикасы) ғылыми экспедицияда жүрген музыкатанушы ғалым Болат Сарыбаевпен кезігіп, ұнтаспаға сыбызғы күйлерін жаздырады. Бұдан соң Алматыға келіп, музыка фестивальдеріне қатысады.

Монғолияның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Кәлек Құмақайұлы 1993 жылы Атажұртқа қоныс аударып келіп, За-

йсан ауданына тұрақтайды. Белгілі өнертанушы ғалым Талғат Мұқышев Кәлек Құмақайұлымен шығармашылық байланыс жасап, ол кісінің атадан балаға жалғасып келе жатқан рухани мол мұрасын сақтап жазып алу жолында өлшеусіз еңбек етеді. Қазақстанда тұңғыш рет сыбызғы күйлеріне арналған кітап шығарылып, Кәлек Құмақайұлының орындауындағы сыбызғы күйлері алтын қорға жазылып алынады, жинақтарға енгізіледі. Осылайша, бір замандарда Атажұртта қолданысы мүлде селдіреп кеткен сыбызғы күйшілігі жанданып, қазіргі күні әрбір облыстағы ұлт аспаптар оркестрлерінде сыбызғы аспабында орындаушылар бар болуына осы бір адамдардың үлкен үлесі бар.

## ТАУДАНБЕКҰЛЫ ДӘУІТБАЙ

Тауданбекұлы Дәуітбайдың руы – ақнайман. Тауданбек – он саусағынан өнер тамған етікші, әрі әнші, ақын адам болыпты. Қазіргі Шығыс Қазақстан өңірінен Шыңжанға, одан Қобда беткен өтіп мекендейді. Тұңғыш баласы Дәуітбай 1873 жылы қазіргі Ұланқұсын сұмынының Теректі деген жерінде дүниеге келеді.

Дәуітбай жастайынан еті тірілігімен көзге түседі. Өз бетімен орысша, монғолша үйреніп, Шеруші руының биі Сүкірбайдың сенімді адамдарының бірі болады. Сүкірбай би Алтайдың күн бетіне өтіп қыстап қалған кездері Дәуітбай рудың таңбасын ұстап кеңсе қызметін атқарған. Сүкірбай өмірден өткен соң балалары Дербетхан, Дәлелхандарға ақылшы болып, шеруші руының ықпалды адамдарының қатарында болады. Монғолияда жүріліп жатқан өзгерістерге сергек санамен қараған Дәуітбай Дәлелхан тәйжінің атынан 1922 жылы Да күредегі ұлттар өкілінің съезіне, 1924 жылғы Мемлекеттік алғашқы Ұлы Хурал жиналысына қатысып, әлденеше рет сөз сөйлеп, Т.Рысқұловпен бірге мемлекет атын Ұланбатыр деп қоюға атсалысады.

Дәуітбай жасынан ән мен күйге құштар болып өседі.

Әкесінен және Бердібай, Серікбай күйшілерден күй үйреніп шеберлік шындайды. Дәуітбай күйшінің «Қайран Бешем», «Жаяу солдат», «Тарту» атты күйлері болғандығы айтылады. 1921 жылы қыркүйек айында Алтайдың күн бетінен генерал Бакич бастаған ақтар аттылы-жаяу шұбырып Қобда бетке келеді. Тұлба көлінде ақ пен қызылдың қырық төрт күндік шайқасы тұсында Дәуітбай күйші Таулы Алтайдан Қызыл Армия бөлімін алып келуге үлкен күш жұмсайды. Қосағаштан жаяулап шыққан солдаттарды атты болдырып, Тұлбаға жеткізеді. Күй осы бір кезенді суреттейді. Күйші, ел ағасы Дәуітбай Тауданбекұлы 1938 жылы қызыл үкімет жүргізген саяси науқанның жазықсыз құрбаны болды.

## БӘКЕРҰЛЫ ҚЫТАЙБАЙ

Монғолия қазақтары арасынан туып шыққан танымал күйшілердің бірі – Қытайбай Бәкерұлы. Қобда бет аталатын елдің Төменгі Бұлғын аталатын өңірінде өмір сүрген Қытайбай күйшінің шыққан тегі – жәнтекей руының сәмембет базарқұл бөлімі. Қытайбай Бәкерұлы жас шағында шеруші төлектің Тымбай, Бердібай қатарлы күйшілерінен күй үйренеді. Ол заманда әр өңірдегі менмін деген дәулескер күйшілер өзге өңірдегі өнерпаздарға арнайы барып, тәжірибе алмасып, ас пен тойдағы күй сайыстарына қатысып отырған. Сондай сайыстардың бірі – Дайын өлкесінде 1929 жылы өткен Бурылбай байдың асында өтеді. Осы асқа Қытайбай күйші қатысып, өзінің өнерімен дараланып шығады. 1954 жылы аймақтық күйшілер сайысына қатысып бірінші орынға ие болады. Сонымен қоса 1962 жылы Қобда қаласының 200 жылдығына арналған гала-концертте өнер көрсетеді. «Темір тұлпар», «Мұңлы қыз», «Сыбызғы», «Арда қоңыр», «Ақсақ қаз», «Кел, бүркітім», «Темір тұлпар», «Техника» қатарлы көптеген күйлер шығарған.

## ЖАНТАЙЛАҚҰЛЫ ҚАСИХАН

Қасихан Жантайлақұлы – жәнтекей базарқұл Көбеш батыр Айтқұлұлының шөбересі. Белгілі қаракөк әулеттен. Көбеш батыр – Алтайдың күн бетіндегі қаақтардың бір бөлігін Қобда бетке бастап әкеліп орнықтырған ел ағасы. Осы әулетте туып-өскен Қасихан Жантайлақұлының тағдыры да ерте сынаққа түскен екен. Әкесі Жантайлақ биді қытай жендеттері атып басын алған кезде бала Қасихан жасырынып аман қалады. Көбеш ұрпақтары коммунистік кезеңде көп теперіш көріп, жер аударылып, бірнеше адам жазықсыз жала құрбаны болады. Қасихан да осы зобалаңға ілініп, әрең құтылады. Тағдыр талайлы Қасихан күйшінің шығармашылығы туралы өнер зерттеуші Сақай Қарсыұлы «Күй керуені» атты еңбегінде атап өтеді. 1950 жылы Баян-Өлгий аймағы орнауының 10 жылдығына арналған сайыста үздік домбырашы атанған. Күйшінің «Бұлғын өзені», «Серпер», «Толғаныс», «Марш», «Жетпіс жас» қатарлы күйлері белгілі.

## ЖҰМАПИҰЛЫ ҚИБАТДОЛДА

Моңғолия қазақтары арасынан туып шыққан белгілі өнер тарландарының бірі – әнші, сазгер, күйші Қибатдолда Жұмапиұлы. Моңғолия қазақтарының арасынан тұңғыш рет Моңғолияның Халық артисі атағын алған тұлға.

Қибатдолда Жұмапиұлы 1921 жылы қазіргі ҚХР-дың Алтай аймағында дүниеге келген. Сегіз жасында отбасымен Қобда бетіне келіп қоныстанады. Қызыл қайың (Улаанхус) өлкесіне келіп, осы өңірдегі төлек ауылдары арасында өмір сүреді. Осындағы өнерпаз ортаның үлгі-тәрбиесін көріп өседі. «Қибатдолда ағамызды моңғол жұрты Қибаш деп еркелетті. Орта шаруа Жұмапи ағамыздың жалғыз ұлы Қибаш керей руының ішіндегі Жәнтекей руынан тарайды. Соның ішінде Секел әулетінің Тотпанақ ұрпағы. Жасынан



пысық, өнерге құмар, шаруаға мықты Қибаш Алтай асып келе жастай жұмысқа араласады. Нағашы жұрты Төлек ауылы да ежелден әйгілі домбырашы, әнші өнерге құмар болғандығы, жас Қибашқа да әсерін тигізбей қоймайды. Жастай домбыра ұстап жиын тойларды ән айтып жұртшылыққа таныла бастайды. Жалпы Қибаш атамыз сол кездегі заман талабы бойынша ауыл молдасынан сабақ алады. Ескі оқу бойынша өте жақсы оқып құранға түсіп құран аударатын, жаназа шығаратын дәрежеге жетеді. Қибаш басқа ешбір мектеп оқымаса да, өз талабымен арабша, кирилше, ескі моңғолша ұйғырша хатқа жүйрік ешкімнен де кем емес саутты адам болатын. Кезінде дінге тыйым салған заман талабына сай молдалықты қойып, басқадай қоғамдық еңбек істейді», - деп Қибаштың күйеубаласы Мекебай Кәкенұлы өзінің «Өмір - өзен», «Көңіл - көл дария» атты зерттеу еңбектерінде атап көрсетеді. Ақбалшықта жергілікті артельге орналасып, осындағы қызылотаудың жұмысына араласуы шығармашылық жолының бастауы болады.

Қолы босай қалса, домбыра қолға алып, күй шертіп, ән шырқайды. 1942-43 жылдары әскер міндетін атқаруға Қобда аймағына аттанады. 1944 жылы Ұланбатырдағы әскери ансамбльге музыкант болып ілеседі. 1945 жылы әскери борышын өтеп оралған соң аймақтық клубқа музыка мұғалімі болып орналасып, 9 жылдай қызмет етеді. 1954 жылы Цагааннуур жалғастыру базасының клуб меңгерушісі болып жұмыс істеп жүріп, 1955 жылы аймақ орталығында жаңадан салынған Мәдениет үйіне қызметке орналасады. Мұнда ол әнші, домбырашы ретінде өнер көрсетеді. Домбыра, мандолин, гитара, шағын гармон т.б. музыка аспаптарында, моңғолдың ұлттық саз аспаптары хуучир, шанзыда ойнайды. Осы өнер ұжымында қырық жылдан астам қызмет етіп, Ұлы көш қатарында Атажұртқа аттанғанға дейін ел алдында өнер көрсетеді.

Ол күміс көмей әнші, шебер домбырашы ғана емес көптеген пьесаларда басты рөлде ойнаған адуынды



артистердің бірі болған. Қазақтың қара домбырасында халық әндерін ғана емес әр-түрлі композиторлардың шығарма әндерін нақышын келтіре орындаумен бірге Тыва, Захчин, Дөрвөд, Халқа, Орыс, Поляк ұлтының әр қилы әндерін орындаған. Қибаш ағамыз ән салғанда, көрермен қауым ол кісіні сахнадан түсірмей бірнеше рет қайталататын болған», - деп атап өткен ол дарын иесінің орындау шеберлігіне де тоқталып өткен.

Театрдың өнер бригадасын бастап Қибаш бармаған аймақ, сұмын жоқ. Сонда, әлгі Моңғол ағайындар «Қибатдолда гуай бар ма?» деп сұрайтын, «Бар» десе қандай тығыз шаруасы болса да уақытын қиып, концертін тамашалайды екен», - деп жазады.

Тағы бір айта кетерлігі, Қибатдолда Жұмапиұлы сазгер ретінде де танылған тұлға. Зерттеушілер ол кісінің елуден аса музыкалық шығармалары болғанын айтады. Сонымен қатар, артына біраз күй қалдырған. «Ол кісі 50 ден аса әндердің сөзі мен музыкасын жазумен қатар көлемді әлде неше күйлердің авторы болған екен. Қибаш, Монғолияның барлық аймақ, сұмын елді мекендерде ойнап өз өнерін тамашалатумен қатар Москва, Ленинград, Киев және Тыва АССР-інде ойнап шын өнер иесі екендігін танытқан. Иә, Қибаш ағамыздың өнер саласындағы үлкен еңбегін еліміз өкіметі үлкен сый құрметпен бағалады», - деп атап өтеді М.Кәкенұлы өз еңбегінде.

Зерттеушінің айтуынша, Қибаш ақсақалды моңғол мемлекеті қатты құрметтеген. «Бай-Өлке халқы ғана емес жалпы моңғол жұртшылығы Қибаш ағамызды төбелеріне көтерді. Өкімет басшылары ағамыздың өнерін зор бағалап, сыйлықтан жауын жаудырды. Яғни көптеген марапаттарға ие болған адам. «Алтын жұлдыз» ордені, «Еңбек құрмет» медалі, мерекелік медалдар «Бид ялав» медаль және әскери, көпшілік ұйымдарының сый марапатына ие болған адам. 1960 жылы ел астанасы Улаанбаатарда Бай-өлке аймағының өнері мен мәдениет 10 күндігі өтті. Сол шарада ағамызға

МХР-ның халық артисі деген атақ берілді.

Қибаш 5 ұл, 5 қыз өсірген ардықты әке, немере сүйген аяулы ата. Құдай қосқан қосағынан ертерек айрылса да ол кісі жасымады. Үнемі қайраттанумен болды. Өмірін сәйкестіре білді. Балаларын ешкімнен кем болдырмай өсірді. Балаларының қамымен 1993 жылы Қазақстан еліне қоныс аударды. Онда барыпта домбырасын тастамай ондағы қандас туыстарға өнерін көрсетіп талантын танытты. 2003 жылы Көкшетау өлкесінде дүниеден қайтты. Атамекенімізге мәңгі ұйқыға кетті», - дейді. Мекебай Кәкенұлы.

Материал өлкетанушы-зерттеуші Мекебай Кәкенұлының «Өмір - өзен», «Көңіл - көл дария» атты зерттеу еңбектері негізінде дайындалды.

### АМАЛХАНҰЛЫ ТІЛЕГЕН

Күйші Тілеген Амалханұлы Баян-Өлгей аймағы Цэн-гэл сұмынының Сырғалы деген жерінде дүниеге келген. Уақ руының бір бөлімі шоғадан тарайтын осы өңірдегі әулеттерден өнерге бейім, әнші күйшілер, музыканттар көптеп шыққан. Жастайынан өнерге құштар болған ол орта мектепті бітірген соң немере туысы, сазгер Ысқақ Тәукейұлының демеуімен аймақтық музыкалды драма театрына қабылданады. Мұнда ол қазақстандық, монғолиялық сазгер ұстаздардың алдынан білім алады. 1959 жылы құрылған алғашқы ұлт аспаптар оркестрінің мүшесі ретінде шығармашылық ғұмырын бастайды. 1960-жылы ел астанасы Ұланбатырда өткен Баян-Өлгей аймағы өнерінің онкүндігіне сәтті қатысады. 1965-1968 жылдары Монғолия Халық Армиясы сапында әскери борышын өтеген жылдары Чойбалсан атындағы мотоатқыштар құрамасы сапындағы қазақтардан домбырашылар тобын құрып, ел астанасы сахнасында өнерлерін тамашалатады. Армиядан оралған соң табан аудармай төл театрында қызмет етіп, халық тебірене тыңдайтын күйлер мен сүйіп тыңдайтын әндер тудырады. «Ақ мамам», «Ауылым асқақ әнсің» қатарлы әндері Баян-



Өлгей халқына кеңінен танылды. Талантты күйші, композитор Тілеген Амалханұлы отыздан астам күй, оншақты би әуенін, елудей ән, бір драмаға музыка жазып, үш жүзден астам туындыны оркестрге түсіреді. «Шыңғыс хан» қатарлы көптеген күйлері енген «Домбыра сазы» атты кітабы 2017 жылы жарық көрді.

«Алтын жұлдыз» орденімен марапатталып, Монғолия мәдениет саласының үздігі атағымен сыйланған күйші сазгердің өнер жолын қызы Аймөлдір қатарлы ұрпақтары жалғастыруда.

## **ҚЫДЫРӘЛІҰЛЫ БАЙСАЛ**

Он екі абақ керейдің бірі қарақас руының байым бөлімінен тарайтын Қыдырәлі әулетінен небір өнерлі адамдар көптеп туып шыққан. Бұл әулеттен тараған темірден түйін түйген зергерлер мен әнші-күйшілердің, музыканттардың қолы шипалы халық емшілерінің есімі елге таныс. Солардың бірі – Қыдырәліұлы Байсал күйші. Қазіргі Баян-Өлгий аймағы Сақсай сұмынының Қақ деген жерінде дүниеге келген Байсал күйші жастайынан айналасындағы өнерлі адамдардың әсіресе төлек аулының күйшілері мен сыбызғышыларының өнеріне сусындап өседі. Аталас туысы Байғабыл күйшіден алғаш сыбызғы күйін үйреніп, айналасына таныла бастайды. Байсал күйшінің орындауындағы «Арбиян қоңыр», «Балжыңкер» қатарлы күйлер Баян-Өлгий аймақтық радиосының алтын қорында сақтаулы.

## **ҚЫЛЫБАЙҰЛЫ РИЯН**

Ителі рулы Риян Қылыбайұлы 1933 жылы Монғолияның қазіргі Баян-Өлгей аймағы, Ұланқұсын сұмыны орталығы Ақбалшықта дүниеге келеді. Әкесі Қылыбай інісі Күдібаймен бірге қазіргі Шығыс Қазақстан өңірінен қоныс аударып барған адам болыпты. Ұланқұсын өңіріне





тұрақтаған Қылыбайдың өмірі Бешен аулының айналасында өтеді. Қылыбайдың жары Латифа орыс ұлтынан екен. Қазақ жерінен асып келген адамдардың бәрін отанын сатқан қылмыскер еркінде жазықсыз жазалауға ұшыратқан қызыл террордың құрбаны болған Қылыбай 1938 жылы нәубетке ұшырап кетеді. Күй тербеткен өңірде дүниеге келген жас бала Риян да айналасындағы домбырашылардан үлгі ала жүріп күйшілікке машықтана бастайды. Риянның туған жездесі әйгілі күйші Өсерхан Сағынбайұлы екендігінің өзі көп нәрсені аңғартады. Болашақ күйші Риян туған жері Ұлаңқұсын сұмынында оқып ержетеді. Мектепті бітірген соң Ұланбатыр қаласынан арнайы музыка мамандығын оқып бітіреді. Бітіріп келген соң аймақтық музыкалы-дарамат театрында қызмет істейді. Мұнда ол шығармашылықпен айналысумен қатар, шәкірттер тәрбиелеуге үлес қосады.

Алпысыншы жылдар ортасында театр сахнасынан алыстап, ұстаздық жолға бет бұрады. Өлгей қаласындағы 1-онжылдық орта мектебінде музыка пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. бұдан соң туған жері Ұлаңқұсын мектебіне ауысып келіп, осында өмірінің соңына дейін музыка пәнінен сабақ береді. «Оқушылар вальсі», «Қайран Тәмам», «Қош, қош, туыстар», «Бәйге», «Құс келді», «Дамыс», «Аспан әлемінде», «Тойбастар», «Құлагер», «Ақ жорға», «Қайран шешем» т.б. күйлердің авторы.

Риян мұғалім өзінің сабағында қара домбырасын ала жүріп, оқушылардың алдында күй тартатын. Әсіресе, «Кәрібоз бен Салторы» атты халық күйін қомдана отырып: «Салторы былай деп ойқастады. Сонда Кәрібоз былай сілтеді», - деп қимыл-әрекетін күй тілімен бейнелей отырып, саз әлеміне шәкірттерін баулитын. Риян Қылыбайұлының жолын ұлы Март, қызы Шәпи, немерелері мен жиендері қуып, актер, музыкант, ұстаз болып халыққа қызмет етті.

Талантты күйші, музыкант, ұстаз Риян Қылыбайұлы 1986 жылы туған жері Ұлаңқұсында өмірден өтті.

## МАЛШЫБАЙҰЛЫ ҚҰСАЙЫН

«Ертіс толқыны» күйінің тарихын баяндаған мақалада шығатын Б.Қара Оспанның алдында аяғының үлкен башпайымен домбыра шертетін руы Игелі, атақты күйші Ораз Бұтақбайұлы естеріңізде болар. Сол Ораз М.Құсайынға 5-ата болып келеді. «Алдыңғы арба қалай болса, соңғы арба солай жүреді» дегендей ұрық қуалаған күйшілік өнер Дәрібай, Нұрдыбай немерелерін де шалмай қоймапты. Дәрібайұлы Малшыбайдың 6 қызы, Оспан, Омар, Құсайын Қасен, Шамардан, Шәдет, Әбілғажы, Сәдібақас... деген 10 ұлы болған екен де, солардың ішінде үлкені Оспан домбыра шертпепеті.

Аймағымыздың аса талантты күйшілерінің бірі Малшыбайұлы Құсайын 1904 жылы Алтай өлкесінің Жетіарал деген жерінде кедей шаруа Малшыбайдың үшінші баласы болып дүниеге келген. Жасында Ораз деген кісіден аздап ескіше оқып тіл сындырады. Қаршадайынан бастап домбыраға әуестенген Құсайын есейе келе Зуха ауылының домбырашыларымен байланыс жасап, атақты күйші Аспандиярдың «Ала көз», «Асау көк» күйлерін үйренеді.

Сөйтіп жүріп домбыра шертудің қыр-сырына қаныққан ол домбырашылар сайысына түсіп, техникалық қағыстардың неше алуан түрлерін шебер қолдану арқылы топ ортадан озып шығып, көзге түсе бастайды. Оның алдында тағы да көптеген сайыстардың күтіп тұрғандығы күмәнсіз еді. Сондықтан ерте ме, кеш пе болатын сол сайыстарда шертуге арнап, тұңғыш туындысы «Бұлбұл торғай» күйін шығарды. Күйдің негізгі мазмұны «Жарқын жастарымыз бұлбұлдай сайраған әнші-күйші болсаекен» деген ізгі тілек.

Күйді орындаған кезде домбыраның жоғары кішкене тиегіне жақын дыбысты түрлендіре құбылтқанда бұлбұлдың сайрағанындай құйқылжыған үн шығады.

Құсайынның төл туындыларының бірі «Арман» Бұл өзіндік сыры, тарихы бар күй. Социалистік Отанымыздың



шекарасын жат басқыншыларының әрекетінен қорғау қай қашан да болмасын, тек шекарашылардың ғана емес, әрбір адамның азаматтық парызы екені әмбеге аян. М.Құсайын да сол міндетті орындауға атсалысқан, шекара әскеріне көмектесетін топқа мүше болған, өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарған адам. Ол осы қызметте жүрген кезінде бірнеше ретгоминдам әскерлерімен болған шайқасқа қатысады. Сондай шайқастың бірінде аты оққа ұшып, жаудың қолына түседі де түрге жабылады. Ал күйші өміріндегі ауыр кезеңнің бірі еді. Түрмеде өткен жылының әрбір күні-түні Отанына, ел жұртына деген сағынышпен, алуан түрлі ойлармен өтеді. Әсіресе кенже Мұсайфті (қазіргі белгілі композитор) есіне алғанда көкірегі қарс айырылып, жүрегі егіледі. Ақырында түрмеде қашып шыққан соң, еліне аман-есен оралған күйшісол бір күндердегі сағынышын, көкірегін тербеткен арманын муызка тіліне түсіріп «Арман» күйін шығарады. М. Құсайынның ел -жұртымызға мәшһүр «Кенже тал» күйінің де тарихы «Арманмен» сабақтас. Гоминдан түрмесінде жылдай уақыт жатып, қашып шыққан күйші туған Отаны Моңғолдың шекарасына тура тартсам, сонымен қуанышы түссе ұстап алар деген оймен із жаздырып Жетаралдағы ну орманды Кенжетал алқабына келіп бекінеді. Онда екі-үш күн дамылдап, қуғын-сүргін саябырлады-ау дегенде аттанады. Түн жамылып жолға түскен күйші елінің шекарасына ат басын тірейді. Кейін Қүсеке: «Кенжеталда бекініп жатқанымда, қысылтаяң тар кезде пана болған Кенжеталға арнап күй шығарсамдеп армандап едім. Көкірек бесігінде ұзақ тербеткен саздарым ақыры дүниеге күй болып келді. Сол бір күндердегі арманым мен антым бойынша мұны «Кенжетал» атадым,-деп отырушы еді. Бұл екі күй төменгі бос бұраумен (кварта) әсем қағысқа орындалады.

Құсайын жарқын заманда халық шаруашылығының әр саласына қол жеткен жетістіктерімізді музыка тілімен жырлауға өзіндік үлесін қосқан күйші.Оның «Паравоз» күйі мұнығайқын мысалы екендігін күйдің дүниеге келу тарихынан-ақ көруге болады.

М.Құсайын 1951 жылдары Совет Одағының туысқандық жәрдемімен салынған темір жолмен ағылған поезбен Улаан-баатардан Налайханға жол шегеді. Жаңа заманның осындай жетістігі шабытына қанат бітіріп, көкірегіне әсем әуездер ұялатқандай болады. Осылайша «Паравоз» күйі туған еді. Күйде паравоздың үні, жүрісі, баяулап кеп тоқтағанына мұызқа әуенімен көзге елестерліктей шеберлікпен бейнеленген.

Құсайынның орындаушылық ерекшелігіне тоқталсақ, оң қолының саусақтарымен іліп қағу, дірілдетіп алақанымен қағып ойнау, телі бұрауды (прима) пайдалану сияқты ерекше мән-мағына қосатын техникалық қимылдарды шебер қолданатын күйші еді.

М.Құсайын 1958 жылы Халық Революциясының 37 жылдық мерекесіне өткен домбырашылар сайысында дүлдүл домбырашы-күйшілер арасынан озып шығып, «Аймақтық домбырашы» деген құрметті атаққа ие болды. Күйшілік, домбырашылық өнерімен ел-жұртының сүйіспеншілігіне бөленген Құсайын Малшыбайұлы 1962 жылы 29 январьда дүниеден қайтты. Бірақ, өзі кетсе де артында тамаша күйлерін, домбырасын өгейлетпес өнерлі ұлы Мұсайфтей талантты мұрагері қалды.

Қ. Мұсайф 1941 жылы туған. 1958 жылдан қазірге дейін аймақтық МДТ-ында музыкант, хормейстер музыка мұғалімі, театр директоры қатарлы жқмыстарды атқарып келе жатыр. 1932-1967 жылдары Совет Одағының консерватория бітіріп, дирижер болып оралғаннан бері көптеген музыкалық шығармасы сахнада ойналды.

Пьеса, би, киноның музыкасын жазған Мұсайф әкесінің «Арман», «Кенжетал», «Паравоз» күйлерін ұлт аспаптар оркестріне түсіріп өңдеумен қатар, «Мереке», «Бақыт құшағында», «Жазира» қатарлы домбыраға арналған оншақты күй шығарған. Құсекеңнің домбырашы-күйшілік өнері бүгіндері осылай жалғасын тауып отыр.

## ЖҰМАЖАНҰЛЫ СЕЙІТ

Белгілі күйші Жұмажанұлы Сейіт 1941 жылы Монғолия мемлекеті, Баян Өлгий аймағының Дэлүүн сұмында дүниеге келген. Бала кезінен күй тартып, ән салуға беймі болып өседі. Жеті жылдық орталау мектепті бітіреді. Ел арасында домбырашылық өнерімен танылып үлгерген Сейіт 1959 жылы Ұланбатыр қаласында өткен жастардың мемлекеттік өнер фестиваліне іріктеуге қатысады. Осы іріктеуден дара шыққан ол ел асатнасында өтетін сайысқа қатысуға жолдама алады. Ұланбатыр сахнасында сәтті өнер көрсетіп, алтын медальге ие болады. 1960 жылы Баян-Өлгей аймағы өнерінің он күндігі өтетін болады. Аймақ билігі сұмын-сұмын, ауыл-ауылдағы өнерлі, талантты жастарды жинап, музыканттар тобын әзірлей бастады. Сейіт күйші осы кезде музыкалды драма театрына қабылданады. Міне осы сәттен бастап Сейіт күйші жарты ғасыр бойы сахна төрінде халыққа қызмет көрсетеді.

Монғолия қазақтарының заманауи күйшілік өнері тарихында Кәлек, Ахмет, Бапар, Тәмікей, Зәмзам, Бәдел, Ысқақтармен қатар, Сейіт күйшінің де аты аталады. Сейіт Жұмажанұлы шебер орындаушы ғана емес, талантты сазгер. Күйшінің «Жаса, партия», «Шашу», «Достық» «Арман», «Балдырған», Көгершін», «Жұбату», «Атамекен» т.б. күйлерінің ішінде «Арман» күйінің орны ерекше әрі танымал.

2004 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін балаларды домбыраға баулитын үйірме ашады. Монғолияның жоғары наградалары «Еңбек Қызыл ту», «Алтын жұлдыз» ордендері мен көптеген медальдармен сыйланып, «Мәдениет саласының үздігі» атағымен марапатталған. 2015 жылы «Моңғолияға еңбегі сіңген өнер қайраткері» атағымен марапатталды. Күйшінің 30 күйі нотасымен бірге «Арман» деген атпен жарық көрген.

2010 жылы Атажұртқа қоныс аударып, қазір Павлодар қаласында тұрып жатыр.

## II ТАРАУ. АТАМҰРА

### КӘРІ ӘУЕЗ ҒӘМ ЖОРҒАТАЙ...

Ұлы Дала қаншалықты ұшы-қиырсыз болса, онда өмір сүретін елдің рухани қазынасы да соншалықты қисапсыз, әрі сан алуан.

Еділден Құбы шөліне, Сібірдің нулы жиегінен Қызылқұмға дейінгі байтақ қазақ әлемін бүгіндері алты мемлекеттің шекара сызығы бөліп жатыр. Атажұртты қоса алғанда, әр елдегі қазақтың өзіне ғана тән тіршілік сипаты, өз жыры, өз мұңы бар. Ұланбайтақ Даладағы бұл қазақтарды ортақтастырып, тұтастырып тұрған ділдік, тілдік, діндік тұрғыдағы біртектілік ұлтымыздың басынан өткен қаншама қиын-қыстау кезеңдерге қарамастан, күні кешеге дейін сақталып, жұқанасы бүгінгі күнге жетті. Бұған да тәуба.

Бір ұлт дегенімізбен, көптеген факторларға байланысты әр елдегі, тіпті бір елдің ішіндегі әр өңірдегі қазақтардың ортақ рухани құндылықтарды сақтап танытудағы өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл – әсіресе, әр өңірдің музыкалық құндылықтар турасындағы сан алуандығынан айқын танылады.

Яғни, ұлттық музыканың бір түрі белгілі бір өңірде өзгелерге қарағанда ілкімдірек дамыса, келесі бір өңірде бұл көмескілеу немесе мүлде басқа бір нақышта түрленіп көрініс табады. Бірақ қалай болғанда да «бір өңірдің саз мұрасы өзге өңірдегі қазаққа түсініксіз, қызықсыз» деген пікір ешқашан туындамақ емес. Мысалы, Сыр сүлейлерінің көмеймен толғайтын мақамдарын, батыстың екпіндете тартылған төкпе күйлерін, шығыстың сыңсыған сыбызғы саздарын, Арқаның шалқымалы шырқау әндерін, Қаратаудың сезім қылын шымырлатар шертпелерін қай жердің саз түсінер қазағы болмасын, бар болмысымен беріле, жүрекпен сезіне, еліте отырып тыңдары анық.



Жергілікті жердің ерекшелігіне, көрші халықтардың мәдени ықпалына байланысты сазды орындайтын немесе сүйемелдейтін аспаптың құрылысы – бөлек әңгіменің арқауы.

Тағдырдың жазуымен қазіргі күні төрт мемлекеттің аумағында тірлік кешіп жатқан күншығыс қазақтарының саз мұрасында да әншілік пен күйшіліктің қайталанбас бояулы дәстүрі бар. Әсіресе, бірде ойнақы әуенді, бірде мұңлы сыршыл әндер мен толқындата уілдеген сыбызғы, тоғыз пернелі қалақша домбыра – көбірек тән. Домбыра мен сыбызғының егіз үнімен орындалар шертпе күйлер – шығыс өңірде бағзыдан келе жатқан үрдіс.

### **Домбыра мен сыбызғы сүйемелі**

Егерде шығысқа тәні айқын өңірлік ерекшелік болса, ол – көбінесе толыққанды, дербес ән ретінде қарастырылмайтын «кәрі (қара) әуез» немесе «қара өлең» болар. Алғашқы екі жолы кейінгі екі жолда айтылатын нақты ойға демеу болатын, көбінесе мынау бес күндік жалғанға адам баласының қонақ екендігі, сондықтан да өлшеулі ғұмырды ойнап-күліп мәнді өткізу керектігі арқау болатын сан ондаған мақамдар сарыны Алтайдың күңгейіндегі, Қобда беті мен Шүй даласындағы жұртта күні бүгінге дейін жақсы сақталған. «Қара өлең», «қара әуез» атауының өзі бұл әуездің көнеден тамыр тартқандығынан хабар береді. Кәрі әуез мақам тым бағзыдан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатыр. «Қара» мен «кәрінің» мағынасы бір болғандықтан екі атауы бірдей қолданыла береді. Қара әуезге салып айтылатын өлең мәтіні әрқашан ауыспалы. Қара өлең ұйқасымен жазылған өлеңдер баршылық болғанымен, көп өңірлерде қара әуездің ұмыт қалып бара жатқаны да бүгінгі күннің ащы ақиқаты. Мұқағалидың:

*Қара өлеңі қазақтың қаза болса,  
Қара көзден неге қан ағызбайын, -*

деген қаупі бекер айтылмаса керек. Мұқағали да бұл жерде қара өлең ұйқасына құрылған өлеңді емес, сан түрлі сарынмен орындалып халықтың жанын тербетер синкретті «кәрі өлеңнің» болашағына алаңдап отыр.

### **Кәрі әуезге басқан Баян-Өлгей қазақтары**

Кәрі әуез – қазақтың барша өмір сүру қалпымен тұтасып жатыр. Кәрі әуезді аттылы-жаяу жолда келе жатып та, дастархан басындағы қарапайым шай мен үлкенді-кішілі той-томалақта да, қысқасы кез келген жағдайда орындай беруге болады. Той-томалақ міндетті түрде ауылдың алты ауызымен әрі ол көбінесе әлдебір әншінің авторлық әнімен емес, ауыл жастарының нақыштай айтқан кәрі әуезімен басталатын мызығымас дәстүр бар еді. Мысалы:

*Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды,  
Бәйгеден келсе жүйрік ойқастайды.  
Атаның аты шыққан баласы едік,  
Өлеңді біз бастамай кім бастайды, -*

деп келетін еді. Үлкендер жағы мұндайда желпініп, «әу деген!», «міне, әуез» десіп, жастардың бірер қайырымды әуездің ажарын бұзбай айтып шығуына демеу жасап, қоштау білдіріп отырар еді. Бұдан соң ақсақалдар мен әжелерден құлдата, әркім жеке-дара бір әуезді бастай, өзгелер қостай, қалақша қара домбырамен сүйемелдей, отырысты қыздырып әкетер еді. Бір айта кетерлігі – ауыл-аймақтағы сыралығы қауым арасында әркімнің өз дауыс мүмкіншілігіне әбден лайықтап алған «меншікті» әуезі болатын және ел жұрт сол адамнан бұл әуезге салуын күтіп отырады немесе қолқалайды. Бұл да болса отырыстың бір жарасымы. Бір отырыста қара әуездің ең кемінде оншақты мақамы орындалып жататыны – әдепкі жағдай.

Өзге аймақ-өңірлерде айтылған соны әуез «қонақ кәде» арқылы атыраптан атырапқа тарап, жаңа бояумен молығып,



ел игілігіне жарай беретін. Диапазон шегіне орай әдетте әйелдерге немесе ерлерге тән әуездер болатын. Екі ауыз қара әуез білмейтін, кезек пен қолқада топ алдында айта алмаған қазақты – қазақ отты қазақ санатына қоспаған. «Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен жаман жасық» дегендер – осылар.

Қара әуезге құрылған сан жүздеген кәрі әуездің нақты авторы болмағандықтан, ол халықтық туынды. Мүмкін, індете зерттесеңіз, кейбір халықтық әуездердің де белгілі бір тұлғаға немесе өңірге қатысты болып жататыны да бар. Алты айшылық Алтайдың байтақ алабында өткен әлдебір тарихи оқиғаға байланысты шыққан тағдырлы әндер қаншама! «Сұлубайдың әні», «Ой Ғайша-ай», «Ағажай, Алтай» т.б. әндерді осылардың қатарына жатқызуға болады.

Өткен ғасырдың аяғына дейін әсіресе, Қытай мен Монғолия қазақтары арасында жиі айтылып жүрген, көш тиегі ағытылғаннан кейін Атажұртқа да кеңінен танымал болған әннің бірі – «Жорғатай». Бұл әннің ерекше түрленіп танымал болуына ҚР Халық әртісі Бекболат Тілеуханның үлесі зорлығына дау жоқ. Әсіресе, «дәй-дә-ә-әй-дәй, Жорғата-а-а-й», - деп Арқаға тән мәнермен зау биікке көтергенде, ерекше құлпырып кететіндігі рас.

«Жорғатайдың» ежелден көпке таныс мәтінінен өзгешелеу нұсқасы – Әзима Жұмажанқызы деген әншінің орындауында ғаламтор бетіне шыққан еді.

Әнші Шыңжаңның Алтай аймағы, Көктоғайынан болса керек. Кәрі әуезден «Жорғатайға» ауыса отырып, осы әнге қатысты ой өрбіткенді жөн көрдік. Бізге таныс мәтін мынадай түрде келетін еді:

*Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,  
Бір көруге жүзіңді болдым құмар,  
Көрмегелі жүзіңді көп күн болды,  
Құмарланған көңілім қашан тынар.*

«Шыңында өскен асқардың» кейде «шыңында өскен

Алтайдың» болып келе береді. Өрбір екі тармақтан кейін қайырмасы келіп отырады:

*Дәй-дәй-дәй жорға тай, ақ бикеш Манат-ай.  
Қызылдан бордат-ай, айдай құрбым, заулатшы-ай.*

Әннің қайырмасына саятын болса, бұл әннің әу баста Манат атты аруға қаратып айтылғанын бағамдаған болар едік. Яғни, «Үрия-ай», «Ақ Қазине», «Зибаш-ай» т.б. сарындас алғаулы сезім.

Көпке мәлім «Жорғатайдың» екінші шумағының мәтіні көп жағдайда орнықты емес. Қара әуездің кез келген шумағы телініп жүр. Яғни, көбінесе:

*Аулым көшіп барады белден асып,  
Белден асқан бұлттармен араласып,  
Аулың алыс кеткенде беу қарағым,  
Ақ қағазбен жүрейік амандасып. –*

дейтін мәтін айтылатын еді. Осы жерде мәтіндік қолданысқа қатысты ойымызды айтайық: кейбір әншілердің «белден асыптың» орынан «таудан асып» деген қолданысын тауда өсіп, бел асқан қазақ қабылдай алмайды. Себебі, кезенді, асуды, мойнақты, белді асатыны болмаса, бейбіт ауылдың көші бекерден бекер «тау асып, тас басып» көшпейді.

Жоғарыда мысалға алған «Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды» мәтініндегі бұл қимыл реті – ғасырлар бойы айтылып әбден қалыптасқан қазақы аксиома. Мұны бұзудың реті жоқ және тіпті анатомияға қарасаңыз да, сөйлеу, үн шығару үшін тіл ең маңызды мүше, жақтың ашылып-жабылуы – оған сүйемел. Қазіргі күні ел алдында ән салып жүрген үлкенді-кішілі әншілердің көбі мәтіннің мағынасына мән бермейтіні – кең тараған дерт болды. Оның емі не? Біз айта алмаймыз. Мысалы, Төреғали Төрәлі «Саған халқым» атты әнде біз мысал етіп отырған жолды «Өлеңді тіл бастай-

ды, жақ бастайды», - дейді. Мұндай жаңсақ қолданыстар қазақ сахнасында жүрген әншілердің түгелге жуығының репертуарындағы әндерден табуға болады.

Ал «Жорғатайдың» Өр Алтайлық Әзима Жұмажанқызының орындауындағы мәтін шынымен де осы әннің сол өңірге тән авторлық дүние ме, әлде қазіргі күні белең алып жүрген әлдебір өңірге немесе адамға тели салатын «сырымталығы» ма дегенді болашақта сол өңірден шыққан азаматтар анығын айта жатар. Бұл мәтін не дейді:

*Ақтастының басында Қарасеңгір,  
Күміс болмас соққанмен қара темір.  
Қапияда кез болған асыл жарым,  
Жаны таза жақсының баласы ең бір.*

Қара өлең ұйқасымен келетін, әдепкі мәтіннің бірінші жолы аталған әннің қатыстылық координатына алып Алтайдың оңтүстік нүктесі – Өр Алтайдың Қарасеңгіріне апарып тіреп отыр. Әйгілі «Бегеншабылған» дейтін қасіретті оқиғаның куәсі, дала көкжалы Оспан батырдың іс-қимылдарына қатысты оқиғаларда жиі аталатын Қарасеңгір бұл.

Ал қайырмасы мүлде өзгеше. Көпке белгілі мәтінде «жорға тай» деп келсе, мұнда оның орнына Жорғасай – яғни, жер аты айтылып отыр. Расымен де сол өңірде Жорғасай атты жер болуы мүмкін ғой. Екінші жолдың «бұйра жал бозат-ай» делінуіне қарасақ, бір шумақта екі бірдей жылқының аталмауы – қисынға сай.

Ән мәтінінің екінші шумағы беретін ақпарат біршама ауқымды екенін бағамдаймыз:

*Қобық сары жайлайтын білікті елден,  
Ақбоз атын ақбикеш мініп келген.  
Аулың алыс қалғанда асыл құрбым  
Қарасеңгір ел ауды билік белден.*

Мұндағы Қарасеңгір – қазіргі Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданы, Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Алтай аймағын құрайтын жеті ауданның бірі Көктоғайдың күншығыс бетіндегі тау екенін, ал Қобықсары – Тарбағатай аймағына қарасты аудан екенін ескерсек, бұл әнді осы өлкелерде жасаған адам шығарған болуы мүмкін. «Әр әннің артында бір тағдыр жатыр» дегендік тұрғыдан алып қарастырмасақ, мұның маңызы да шамалы. Бекболат Тілеуханның шырқауындағы сол «Жорғатай» «Жорғатайдың» шыңы болып қала бермек.

Рухани құндылықтарымызды түгендеуге кіріскен қазіргі кезеңде «қазақтың дәл өзіндей қарапайым» болса да, халқымыздың ғасырлар бойғы арман-мүддесін, бастан кешкен қуанышы мен қайғысын арқау еткен қара өлеңіне, кәрі әуезіне де назар аударсақ дегенниеттен осы тақырыпты қозғаған едік. Кәрі әуездің сан ондаған мақамын тыңдап өстік. Құлақпен естіп, көкірекке тоқығанымыздың қаншасы қалғанын тап басып айта алмасақ та, бұл күндері айтатын орта, тыңдар құлақ, әуен созар уақыттың тапшылығынан көптеген әуендер ұмытыла бастағаны шындық. Және де әр мүшел буын жасарған сайын кәрі әуез қоры жұтандана түскені де байқалуда. Күні кеше ғана ауыл-үйдің шайында, құдалықта, той-томалақта міндетті түрде ауылдың алты ауызы айтылып, қайтарма қонақ кәде, тойтарма әуез орындалып, әркім барар жеріне айтар әнін жұптап келетін дәстүр де үзілуге тақау тұр. Әлде мынау ақпараттық ғасырда қара әуезсіз де күн көруге болады дегенге мойынсал болғанымыз жөн бе? Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?



## ҚАРАЖОРҒАНЫ ҚАЗАҚТЫҢ БИИ ЕМЕС ДЕУ – ҮЛКЕН ӘБЕСТІК

«Қара жорға» биі – соңғы жылдары қазақ әлемінен кеңінен танылып, қолданысқа ие болған туынды. «Қара жорға» туралы көптеген пікірлер де айтылуда. Біздің білетініміз – «Қара жорға» - би болғанымен, ол күймен тікелей қатысты. Осы тұрғыда біз «Қаражорға» биі туралы өз ойымызды білдіруді жөн көрдік.

«Осы сұрақ сан рет көтерілді, бірақ бір мәмілеге келе алмадық. Себебі, «қазақтыкі» дегендер де, «емес» дегендер де ұтымды уәж айта алмады», - депті сыншы, жазушы апымыз. Біздіңше, «Қаражорға» биіне қатысты «қазақтыкі», «қазақтыкі емес» деген дилемма тіпті де қойылуға тиіс емес болатын. Амал нешік, ұлттығымызға, ұлттық бірлігімізге сынадай қағылған бұл сұрақ сұрақ өкінішке қарай қойылып отыр.

Өзге жұрт бізден ұрлап, біздікілер өзгеден ұрлап дегендей, зияткерлік ұрлық әдепкі жағдайға айналған тұста мұндай күмәннің тууын, әрине терістей алмаймыз. Осыған байланысты «Қаражорға» қазақтыкі емес» деушілердің ең басты уәжі: «Бұл би туралы барша тоқсаныншы жылдарға дейін қазақ даласы неге білмейді? Аяқ астынан қалайша тоқсаныншы жылдары Еуропадан келе қалды?»

Иә, «Қаражорға» биі азаттықтың алғашқы жылдары Германиядан оралған қазақ Арыстан Шәдетұлының орындауында Атажұрт қазағына алғаш кеңінен танылған еді. Үлкен сахналарда, күнделікті жиын-тойлар мен мәдени іс-шараларда орындалып, ерекше танымалдыққа ие бола бастаған бұл биге «желдің қайдан соққанын» кім білсін, жаңа ғасыр жүзінде әлдебір қарсы тенденция қалыптаса бастады. Мұндай негізсіз тенденцияның қалыптасуына негізінен кәсіби өнертанушы, этнограф, әдебиеттанушы, тарихшы ғалымдар емес, кейбір жоқ жерден сенсация жасауға құмар журналистер мен сахнада жарқырап жүргені болмаса,

ұлт тарихынан терең хабары жоқ кейбір өнер жұлдыздары үлес қосты деуге болады.

Біз «Қаражорғаға» қатысты бұған дейін ілгеріректе «Жұлдыз» журналында жарияланған Жеңісхан Нүсіпханның және осыған ұқсас деректермен дәйектелген Серік Мұратханның және т.б. мақалаларындай айтылғанындай «Қаражорғаның» арғы тарихы сонау мыңжылдақтарға кететіндігіне; петроглифтерде, шығыстық, еуропалық жиһангездердің суреттері мен жазбаларында таңбаланып, қағазға түскені жөніндегі дерек, дәйектеріне толықтай қосыламыз. Қосыла отырып, өзіміз туып-өскен өлкеміз, Алтайдың күншығыс беті, Баян-Өлке жағдайындағы «Қара жорғаға», қазақтың би өнеріне қатысты деректермен өз ойымызды сабақтамақпыз.

Біртұтас қазақ әлемінің ажырамас бөлігі Монғолия қазақтары халқымыздың ұлттық биі мен сыбызғысын, қара әуезін сақтап бүгінгі заманға жеткізуге үлкен үлес қосқанын атап өтуге тиіспіз. Сыбызғы мен қара әуезді қоя тұрып, биге көшелік. Баян-Өлгей мен Қобда аймақтарының қазақтар тұтаса өмір сүріп жатқан 60 мың шаршы шақырым аумағын түгел қамту мүмкін емес, өзім туып-өскен Қызылқайың өлкесінде сақталған ежелгі би элементтері және бишілер туралы ғана айтпақпын.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде біздің елдің Риян Қылыбайұлы, Бөкей Сәбікенұлы, Мүбәрак Ташанбайұлы қатарлы азаматтары «Қаражорға» биін қажет болса, билеп беретін адамдар еді. Тағы бір дерек, менің немере ағам, Ерболат Баятұлы 1975 жылы 11 жасында ел асатанасы Ұланбатыр қаласында өткен балалардың өнер фестиваліне «Қаражорға» биін билеп қатысып, күміс медальге ие болған екен. Ерболат ағамыз – бүгіндері қазақтың белгілі ақыны, әлеуметтік желінің белсенді қолданушысы.

Би билеген кішкентай қазақ баласы бейнеленген плакат Ұланбатыр көшелерінде ілініп тұрған еді дейді. Ерболат ағамызға «Қаржорға» биінің элементтерін жездеміз

Құтбай Қайсаұлы үйреткен екен. Осы ретте айта кетерлігі – «Қаржорғаны» нәшіне келтіре билеген Құтбайдай өнерпаз ақсақалдың немересі Шерікбай – кейіннен дәстүрлі әннің керемет орындаушысы болды. Алматыдағы эстрада-цирк колледжін тәмамдады. Өмірден ерте кеткен Шерікбайдың жолын ұлы Өзгеріс жалғастыруда.

Ерболат ағамыздың айтуынша, бидің аты «Қаражорға» болғанымен, «Қоскүрең» күйінің әуенімен билеген. Жоғарыдағы және басқа авторларда да бидің аты «Қаражорға» болғанымен, бірде «Салкүрең» бірде тағы басқа да күй тартыстары бойынша билейтінін айтқаны жеке ойға жетелейді. Яғни «Қаражорға» биі «Қоскүрең» және басқа күйлер арқылы көбінесе домбыраның сүйемелдеуімен биленетін болған. Бұған британ тарихшысы Годфри Лиастың Гималай асқан қазақтар өмірінен түсірген мына фотосы дәлел бола алады.

Қызылқайың өлкесінде болған белгілі бишілердің бірі – Дұтбайұлы Қақан. Ойғыр өлкесінде өмір сүрген Қақан ақсақал 70-жылдарға дейін той-томалақтарда «Шыны (кесе) биі», «Аю биі», «Қаражорға» т.б. билерді билейді екен. «Колхоздастыру жүріліп жатқан алғашқы жылдары екі аяғын көөке көтеріп, алақанымен жер тіреп билеп жүрген Қақанның балағына алдыңғы биге пайдаланған кеседе тұрған суды құйып жіберіп балалық жасап едім» деп әкеміз күні-бүгін айтып күліп отырады. Ағылшын тарихшы-фотографы мұндай биді де түсірген екен.

Қазіргі 70-тен асқан қызылқайыңдықтар мен жоғарыда атаған, бүгіндері бақилық болған сол бишілер туралы ұмыта қоймаған болуы тиіс. Менің есіме түспегендерін де атап берері анық. Бұл тек қазақтар өмір сүретін екі аймақтағы 16 сұмынның (аудан) біреуі ғана ғой. Өзгелері туралы айта алмаймын. Демек, бұдан шығатын қорытынды – қандай әуенмен биленсе де «Қаражорға» биі де, өзге билер де қазақ арасында бұрыннан бар және бола да береді. Оны жоққа шығаруға ешкімнің, әсіресе қазақ адамының қақысы жоқ болса керек.

Ендеше, «Қаражорға» би неге қазақтың қарашаңырағы Қазақстанда сақталмады? Ол туралы күні кешегі фольклортанушылар Әбубәкір Диваев, Г.Н.Потанин, әндерді жинаған Александр Затаевичтер неге белгілеп қалдырмады, Шара Жиенқұловалардың репертуарынан неге орын алмады? – деген сұрақтар алдыға тартылары анық.

Бұған қатысты мынадай уәж айтқан болар едік: Бұл тұрғысында қазақ әлемінде тіліміздегі диалектілер мен сөйленістер тәрізді, ән мен би, музыкалық аспаптар мен оларда ойналатын саздың да аймақтық, өлкелік сипаттары барлығын ескерген жөн. Мысалы, Сыр бойында күні бүгінге дейін жақсы сақталған терме айту дәстүрі өзге өңірлерде мүлде жоқ немесе нашар дамыған. Ал төкпе күй тек батысқа ғана тән. Сол сияқты сыбызғы тарту дәстүрі де – күні кешеге дейін негізінен Монғолия мен Қытай қазақтарында ғана сақталып келді. Ал «кәрі әуезбен қара өлең айту» дәстүрі де тек осы елдердегі қазақтарға тән және күні бүгінге дейін бар. Сондай-ақ, Атажұрт пен өзге өңір қазақтары «қара өлеңді» он бір буынды ұйқаспен оқылатын өлең деп түсінсе, баян-өлкелік үшін ол саз бен сөздің синтезі түріндегі ұшықиырсыз ұлттық бояу әлемі.

Демек, ежелден Тәңірлік танымға тән болған ұлттық би өнері ислам әлемінің ең қиырында жатқан Алтай қазақтарына ғана тән «реликт» десек болар. Бірақ Алтай – түркінің түп бесігі десек, барша түркі, иісі алаш баласына би өнері жат емес. Ал фольклортанушылардың мақсаты – фольклор жинау, музыкатанушылардың мақсаты – ән мен күй жинау емес пе? Әрі Затаевич Ертiс басы, Қобда ішінде болды деген дерек естімеппіз. «Шара Жиенқұлова Мәскеуде өткен онкүндікте «Қаражорға» билеген» деген бір деректерді көзіміз шалған еді, бірақ нақты дерегін білмедік. Бұл тұрғысында деректер болашақта толығы жатар.

Тағы бір күмән. Бұл – қазақтыкі емес, қалмақтардың биі-мыс. Бұған мынадай уәж айтамыз. Әгерәки, «Қара жорға» қалмақтың би болса, қазіргі күні Батыс Монғолия мен



Шыңжаңда, Ресейде және Еуропада тұрып жатқан жалпы саны жарты миллиондай осы халықтың өкілдері таласып, халықаралық сотқа сүйрер еді ғой. Жоқ, ондай бірде бір жағдай болған емес. Монғолия қазақтары «Қаражорға» биін «Наурыз» мейрамына орай Ұланбатырдың орталық Шыңғысхан алаңында жылда билеп жүр.

Және де ежелгі Жоңғарияның қара орны Шіңгілдегі кандастар 10 мың адам бір мезетте «Қаражорғаны» билеп Гиннестің рекордтар кітабына кіргенде де Шинжаң-Ұйғыр автономиялы ауданында тұратын ондаған мың торғауыттар мен өлеттер, зақчындар т.б. жоңғар тұқымдары ешбір шағым білдірмеген еді. Бұған қарап, «Мүмкін, ойрат тайпалары өзінің рухани құндылықтарынан ада болған шығар?» деген ой тууы да мүмкін. Таяу жылдары ғана ЮНЕСКО-ның материалдық емес құндылықтары тізіміне ойрат тайпаларының көмеймен ән айту, цуурмен ойнау, жыр жырлау, би биелгісі енгізілген болатын. Осылардың ішінде «би биелгіге» тоқтала кетейік.

Аты айтып тұрғандай – ойрат (қалмақ) тілінде бұл сөз қазақша – «би билеу» деген ұғымды білдіреді. Қазақтар мұны «буын биі» деп атайды. Би биелгі негізінен атбас қобыз немесе товшуурмен, еділ қалмақтарында домбырамен сүйемелдеу арқылы орындалады. Би биелгінің әр тайпа, өңірге байланысты өзіндік ерекшелігі көп және барлығында дерлік «Қаражорға» биіне ұқсас би элементтері бар. Мүмкін, осыны ғаламтордан, сахнадан көрген адамдардың күмәні болар. «Қаражорға» ата-бабамыздан қалған би екен. Қазақстандық қазақтар «орыстанып, мәңгүрттеніп» кеткендіктен, бұл биді ұмытқан.

Ата-бабамыздың мұрасын біз ұмытпай, жоғалтпай әкеліп, қазаққа табыстадық», - деп, бәз бір желауыз айтқан болар, алайда сол бағыттан келген бүтіндей бір ел айтты деудің еш реті жоқ. Себебі, бұл би Қытай мен Монғолия қазағының өзі күні кешеге дейін жаппай билеген жоқ. Оған себеп – екі елдегі коммунистік билік, үркін-қырғын, ұжымдастыру, ескіні жой-

ып, жаңаны игеру, мәдени төңкеріс жасап зор секіру сияқты науқандар. «Қаражорғаны» аман алып қалуындағы нағыз еңбек – сол біздің ауылдың Құтбай, Қақан шалдары, қазіргі танымал Арыстан ақсақал сияқты бірлі-жарым адамдардыкі.

«Қазақта би болмаған» деген ұғымды орынсыз тықпалау үшін қазақты идеализациялаудың қажеті жоқ болар. Кең сахараның еркін ұрпағы қазақтар ойлай да, тойлай да білген. Тойлай білген халық – ән салған, биді де билеген. «Шалдар жүрер кеңкілдеп, кемпірлерге көз қысып, кимешегі желпілдеп» сарынды мәтін – қазіргілердің шоуға бейімдеп қосып жүргені болмаса, ежелгі «Қаражорға» биіне түк те қатысы жоқ. «Қаражорға» бағзыдан күні кешеге дейін домбыра әуенінің сүйемелдеуімен орындалған. «Қаражорға» биінде орынсыз бөксе бұлтақ, қылмың-сылмың жоқ қой. Мұндайды «жақтырмаған молланың демі сасық» ойлы адамтаппаса, биді шын меңгерген адамның қимылынан еш өрескелдік байқай алмайсыз. Биге енген анайы элементтер араласып жүрсе «ол – бишінің білімсіз бишарасы». Мысалы, екі қолды ұрысатын әйелдерше бүйрекке нығарлай тіреп шабындырмай, мықынның сүбе тұсынан, қолдың сыртын беріп білезік тұсымен тіреген емес пе?

Осы жерде жасалатын өзіндік қорытындымыз – «Қаражорға» биіне кәсіби тазалық жүргізілу қажеттілігі. Біріншіден, расымен де сөзі ерепайсыздау, әрі тым ұзақ ойналатын биден ән мәтінін алып тастау керек. Екіншіден, қазіргі «Қаражорғаның» билеу екпіні тым жылдамырақ. Қазақтың домбырасына келтіріп, сәл баяулау, жеке, жұппен, топпен орындалатын қимыл нұсқаларын алдыңғы қатарға шығарған дұрыс деп білеміз. Қорыта айтқанда, біз кешегі алмағайып замандарда демографиялық, материалдық, рухани тұрғыда үлкен апаттарды бастан кешкен халықпыз. Ғасырлар, дәуірлер жүзінде жоғалтқанымыз тым көп-ақ. Шүкір, арайлап атқан азаттықтың ақтаңы арқасында өткенімізді іздеп, өшкенімізді жандырып жатырмыз. Тәуелсіз елдің әрбір ұлтын сүйген ұлы мен қызы ата-бабадан қалған рухани

казынаны шамасы келгенінше мансұқтаудан аулақ, ұлықтап ардақтауға жақын болса ғана, елдің болашағы жарқын болары анық. «Өзінді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер» деген емес пе, атам қазақ.

## Әскери музыкалық аспаптар

Ежелгі сақ, ғұн, сармат тайпаларының байрақтарында айдаһар белгісінің осындай дыбыстар шығарғаны туралы деректер де жоқ емес.

Тұран даласын мекен еткен көшпелі түрік халықтары өз жауынгерлік дәстүрінде басқа халықтар секілді әр түрлі музыкалық аспаптар қолданған. Дауылпаз, дабыл секілді аспаптар арқылы бабаларымыз майдан даласында әр түрлі дыбыстық белгілер жіберіп, «жау келді», «дұшпан шегінді» дегенді ескертіп отырған.

Сонымен қатар мұндай аспаптар күтпеген жерден жиналу, жорыққа аттану секілді бұйрықтардың рөлін атқарған. Қаралы жиындар, майдан даласында елін-жерін қорғау жолында мерт болған жауынгерлермен қоштасу я болмаса салтанатты жиындар, қонақтарды күтіп алу секілді шаралардың барлығы да музыкалық аспаптардың көмегімен өтетін болған.

Зерттеушілердің айтуынша, әскери мақсатта музыкалық аспаптар қолдану үрдісі тым ертеде басталған. Түрік халықтарымен қатар ежелгі Иран, Египет, Үндістан, Қытай елдерінде салтанатты діни жиындар мен әскери жорықтарда үрмелі, соқпалы аспаптар қолданған. Кейін бұл дәстүр Еуропаға (XVII-XVIII ғасырлар) ауысқан. Ресейдің әскери полктеріне тұңғыш рет XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында енгізіліпті.

Бүгінде жауынгерлік мақсатта қолданылған аспаптардың қатарында дауылпаз, дабыл секілді бірлі-жарым аспап қана айтылып жүр. Алайда, түріктік кезеңде бұдан басқа аспап қолданылмады дегенді білдірмейді.

Енді бабаларымыз қолданған сол аспаптардың біразына тоқталып көрейік. Белгілі зерттеуші Серікбол Қондыбайдың «Жауынгерлік рух кітабында» шың деген музыкалық аспап туралы айтады. Автордың айтуынша, шың – қазақтың төл аспабы.

*Шың* – жезден, темірден жасалған, дыбысы күшті, қазақтың көне соқпалы музыкалық аспабы, дабыл, парсы тілінен ауысқан делінеді. Шыңды жаугершілікте дабыл, керней, сырнай сияқты аспаптармен бірге пайдаланған.

«Бұлар барып жеткен соң торғауыт халқынан шың қағылып, барабан соғылып, неше мың көп әскерлер жиылып соғыс қылды». «Ер Тарғын» жырынан.

*Шәкпір* – дабылдың, кернейдің бір түрі не атауы.

С. Қондыбайдың жазуынша, шәкпір сөзі парсы тілінен енген.

*Кепшік* – қарын немесе жұқа тері қапталған шеңбер, даңғыра.

*Керней* – мойнын ұзынша етіп, жезден жасалған үрлемелі саз аспабы.

*Керуіш* – екі басы бұрау ағашпен кере тартылып, түрі садаққа ұқсайтын байырғы саз аспабы.

*Набат* – үлкен мыс барабан.

*Накар* – барабан, кимвал, ол да парсы сөзі делінеді.

*Литавр* – терімен қапталған жарты шардан (яғни шанақтан) тұратын соқпалы саз аспабы.

*Дағыра* – ағаш шеңберге иленбеген бұзау терісінен керіп, таспамен тіліп жасалатын барабан тектес аспап.

*Даңғыра* – дөңгелек ағаш шеңбердің бір жақ бетіне тері қаптап, ішкі жағына сылдырмақ темір тағылатын аспап.

*Барабан* – шанағына сірі керіп қаптаған, іші қуыс, ұрып ойнайтын музыка аспабы.

*Най* – үрлемелі музыка аспабы. «Марко Полоның татарлар (түркілер) туралы дерегінде мынадай жазба кездеседі: «(они) не смеют начинать битвы, пока не забьет накар их предводителя; как только он забьет, тут они начинают битву.

Есть у татар и такой обычай: когда они изготавливаются и ждут битвы, прежде накар забьет, поют, играют и веселятся, поджидая схватку... Просто удивительно, как хорошо они пели и играли». Яғни, дыбыс беру, психологиялық ықпал ету, рух көтеру, ақыр аяғы-көңіл-күйді жақсы ететін тынығу, тойлау, сергіту сәттерінде де аспаптардың атқаратын рөлі ерекше болды», – дейді кітап авторы.

*Ұран* – өзегі алынып, қаққа бөлінген іші қуыс екі ағашты қайта біріктіріп, сырты қайыспен орап жасалады. Дауысы күшті, жуан, алайда 1-2 дыбыстан артық дыбыс бермейді. Ертеде жаугершілікте ұран шақырып, құс салып, аң қамауға қолданылған.

*Дауылмаз* – халықтық нұсқада жасалатын көне аспап. Ертеде аңшылық, саятшылық, құсбегілік салт-дәстүрлерде қолданылған. Шанағы өзегі алынған сырты жұмыр бітеу ағаштан жасалып, сыртына ғаныштау әдісімен ою-өрнектер салынады. Аспапты таяқпен ұрып ойнайды. Көбінесе халықтық мерекелерде және үлкен оркестр құрамында ойналады.

*Дабыл* – ұрып ойнайтын аспап. Оның екі жағы да терімен қапталады. Құлақшалары бар. Ол теріні керіп тұру үшін жасалады. Дабылды саусақпен немесе арнайы жасалатын басы жұмыр шағын таяқшамен ұрып ойнайды. Даусытерінің жұқа немесе қалыңдығына, терінің қатты немесе орташа керілуіне және арнайы жасалған қорапта сақталуына байланысты болып келеді. Дабылдың шанағы тал, қайың, тораңғы секілді иілуге көнетін ағаштардан жасалады.

*Шыңдауыл* – ертеде аң-құстарды үркітіп, көптеп үйіріп, қаумалап аулау үшін немесе қуып тосынға түсіру үшін қолданылған. Шыңдауылдың шанағы тұтасымен металлдан жасалып, бір жақ беті мал терісімен қапталады. Тері қапталмас бұрын шанақтың ішіне шулы үн беретін сылдырмақ-қоңыраулар немесе темір шығыршақтар тағылады.

Музыкалық аспаптарды сонымен қатар, соғыс барысында жауынгерлердің рухын көтеру, қарсылас жақтың сағын сындыру, үрей туғызу мақсатында қолданылғаны белгілі. Әр түрлі гуіл тудырып, ысқырық дыбыс шығаратын жебелер мен атпа найзалар да осы осы мақсатта қолданылған қарулар еді.

Ежелгі сақ, ғұн, сармат тайпаларының байрақтарында айдаһар белгісінің осындай дыбыстар шығарғаны туралы деректер де жоқ емес. Сақтардың әскери байрақтары айдаһар бейнесінде болатынын грек тарихшысы Флавий Аррианның жазбаларынан да байқауға болады: Аррианның алан тайпаларының әскери белгілері сөз етілген «Тактика» атты еңбегінде «Олар түрлі-түсті құрақтардан құралып тігіледі, оның үстіне басынан бастап құйрығына дейін барынша қорқынышты болып көрінетіндей етіп, жыланға ұқсатып жасалады. Оның мәні мынада. Аттар тыныш тұрған кезде төмен қарай төгіліп тұрған түрлі-түсті құрақтарды көресің, ал қозғалған кезде олар желдің күшімен аталған хайуанға ұқсап, жылдам қозғалған кезде тіпті ұзына бойынан өтетін күшті желдің әсерінен ысқырған үн шығарады. Бұл оларға көне скифтерден келген» деген деректер кездеседі (Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы. III т.).



## ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

*Кез-келген ұлт пен ұлыста «музыка өнері» дамып, жетіліп отырды. Сол өнерді орындап жеткізетін музыкалық аспаптары да мәдени мұра қатарына қосылды. Көшпенді өмір кешкен бабаларымыздың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі қалыптасты.*

### I

Белгілі этнограф, ғалым Бикұмар Кәмалашұлы «Дүниежүзілік дәстүрлі музыка аспаптарының тарихына үңілсек көбі азиялық көшпелілер тарихына байланысты болып шығады» деген. Ақиқатында әлемдік өркениетке үлесін қосқан көшпенділер халқы қадым заманнан бері музыкалық аспаптарды пайдаланды. Олар жаугершілік заманда халыққа хабар бергенде, аңға шыққанда аңды үркітуге, діни жоралғылық салттарында, ән-күйшілік өнерінде, дәрігерлік-шипиагерлігінде музыкалық аспаптарды орындаған.

Мәселен, жау шапқанда елге хабар беру үшін үрмелі аспаптарды дабыл, даңғыра, дауылпаз, кернейді пайдаланған. Бақсылар сарнағанда – даңғара, асатаяқ, шаңқобызды, әнші-күйшілер өлең-жыр, терме-ән айтқанда немесе күй шерткенде – домбыра, жетіген, сыбызғы, кобыз сияқты шекті аспаптарды пайдаланған. Сондықтан да ата-бабаларымыздың ерте заманнан келе жатқан музыкалық аспаптарының түрлері өте көп.

Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан тағы басқа да дыбыс шығаруы мүмкін заттардан қарапайым музыкалық аспаптарын жасаған. Еліміздің әртүрлі музейлерінің қорларында 400-ден астам көне музыкалық аспаптары сақтаулы. Олардың 100-ге

жетер-жетпесі ғана ұрпақ жадында жатталып, музыкалық орындаушылықта орындалып келеді.

Ән-күй аспаптардың орындалуы өз алдына жеке әңгіме. Оны музыка өнерін зерттеуші мамандар толықтыра зерттей түсер. Біздің мақсат қазақтардың дәстүрлі музыкалық аспаптарының тарихына тоқталып, бүгінгі жәй-күйі қандай дегенге тоқталу болатын. Қазақтың музыкалық аспаптары десе ойға бірден домбыра, қобыз, жетіген, сырнай ойға оралады. Жоғарыда біз айтқан 400-ден астам музыкалық аспаптардың кейбірі бүгінде сахнадан орындалмай, тіпті бірлі жарымының нұсқалары да сақталмай бара жатыр.

«Қазақ музыка аспаптарының бабасы – қара қурайдан жасалатын сыбызғымыз сахнаға аз шығарылды», - деп өткен ғасырдың соңғы ширегінде этнограф Жағда Бабалықұлы көп айтып еді. Ақыры сыбызғы туралы кейінгі жылдары көп айтылып, зерттелді. Сыбызғы күйлері жинақталды. Дегенмен сыбызғы орындаушыларының мектебі қалыптаспады. Өттеген-айы осы.

Жағда Бабалықұлы: «Үскірік, ысқырық, шаңқобыз, келіқобыз, сазсырнай, дап, дабыл сияқты аспаптар көзге ілінбейді. Қазір бұларды қолданатын, ел арасына шығып, ойнайтындар саны өте аз. XX ғасыр ішінде қазақтың ұлттық музыка аспаптарының көп бөлігі кәдеге жарамайтын болып шықты. Ал кәдеге жараған домбыра мен қылқобыз үлкен өзгеріске түсіп, қазақтың табиғат берген қоңыр үнінің бояуы жоғалды. Демек, осынау тарихи дерт дендемеуі үшін тегеурінді әрекетке көшіп, халықтың ғасырлар бойы қатталған ұлы мұрасын бүгінгі күн мен болашақтың игілігіне айналдыру ең киелі мұраттардың бірі болуы тиіс», - деп кейіген болатын. Онысы шыңдық еді.

XX ғасыр басында қазақ руханиятынан, болмысынан айырылып бара жатқан уақытта, музыкалық аспаптары да «ассимиляцияға» ұшырады. Домбыраның қоңыр үні ажырап, ішегі әр түрлі заттардан жасалды. Мұндай өзгеріске ішекті аспаптардың көбі ұшырады. Көптеген музыкалық



аспаптарымыз халық жадынан ажырады. Қазақ сахнасын батыстың даңғаза дауыстағы музыкалық аспаптары басты.

Бұрын-соңды бозаншы, борғүй, бұғышық, жілік сыбызғы, хомус қазақ халқының көне байырғы музыкалық аспаптары туралы естіп пе едіңіз?! Бұл музыкалық аспаптар туралы бізге Моңғол Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, күйші, сыбызғышы Мұхаммед Райхан атамыз айтып берді.

Бозаншы – деген ежелгі сазды аспаптың бірі. Төрт қыл ішекті келетін, мойыны бар, пернелері болмайтын, кішкентай домалақ басы болатын аспап. Бозаншыны ысқымен ойнайды. «Бұл аспап бүгінде жоғалып кеткен аспаптардың бірі шығар. Сондықтан бозаншыны қайта жаңғыртып, ұлт-аспаптар оркестріне қоссақ қандай тамаша болар еді», - дейді күйші, композитор Мұхаммед Райхан. Бозаншы аспабы түркі халықтарының басым көбінде кездесетін музыкалық аспап.

Бұғышық – көшпелі түркі-моңғол тектес халықтарда ертеден келе жатқан көне аспап. Тарихы ерте дәуірлерден басталады. Күйші Райхан атамыздың айтуынша, сактардың андық стилі қалыптасқан дәуірде пайда болуы да мүмкін. Ол да үрмелі музыкалық аспап. Бұғышықты қуыс мүйізден де жасайды. Бүгінгі моңғол тектес халықтар да бұл аспап әлі де орындалып келеді. Қақас, тува, алтай халықтары бұл аспапты әр түрлі атаған. Алтайлықтар «абырғы», қақастар «пырғы», тувалықтар «амырғы» деген.

Желбуаз – қазақ халқының үрмелі аспаптар тобына жататын көне байырғы музыкалық аспап. Музыка зерттеушісі Райхан атамыздың айтуынша желбуаз мал терісінен жасалған. Сырт көрінісі меске ұқсас келеді екен. Аузын бекітіп тұратын қақпағы және үн шығаратын екі сырнай түтікшесі болады екен. «Бұл аспап Моңғолиядағы қазақ драма театрының ұлт-аспаптар оркестрінде болған. Ұстазым Алдаберген Мырзабековте айтып отыратын белгілі композитор Нұрғиса Тілендиевте бұл аспапты оркестрге қосып, жаңғыртқан деп», - дейді Мұхаммед Райхан. Желбуазды

өңірлердегі тарихи-өлкетану музейлерінен көргеніміз бар. Бірақ орындаудағы әуенін естімепшіз.

Борғұй – қазақ халқының үрмелі, көне байырғы музыкалық аспаптарының бірі екен. «Борғұй аспабы туралы да бұрын аз-кем естігенмін. Өз басым бұл аспаты ұстап көрген жоқпын. Музыка мамандарынан естігенім бойынша, үрлемелі аспап болған», - дейді композитор Мұхаммед Райхан. Бұл аспапты да жаңғыртып қазақ жадына ұқтыруға болады дейді ағамыз. Бұл аспап туралы деректер аз.

Сыбызғы – көшпелі халықтардың көне үрмелі музыкалық аспабы. Сыбызғы аспабының түп-төркіні Алтай. Алтай қазақтың да, түркі халықтарының да алтын бесігі. Аспаптың орындаушылары қатарында Моңғолия, Қытай қазақтарында көп еді. Алтайдың қарақурайын иіп отырып, сыбызғылар жасалатын. «Қазір бұл аспаптың өзі жасаламай қалып барады. Бұрын Алтайды мекен еткен ата-бабаларамыз қарақурайды кептіріп, сыбызғы жасап алатын. Сыбызғының сонында мал айдап жүрген талай көшпенді халықтың баласын біздер көріп өстік. Әкеміз бұрын айтатын «біздер мал бағып жүріп, тал қурайды алып, ызындата әуелете беруші едік» деп. Қазіргі қурайлардың өзі бұл дауысты шығара алмайтын күйге жеткен деп естідім. Сондықтан Алтайда өскен әрбір қурайдың өзі бір-бір сыбызғы аспабының үні, алтай сыбызғылық дәстүрдің топырағы», - дейді Р. Мұхаммед. Сыбызғы өнерін түркі халықтарының ішінде алтайлықтар, башқұрттар, қазақтар тартады. Жағда Бабалықұлы «Орал тауының төңірегіндегі халықтар: башқұрт пен татарлар сыбызғы аспабын «қурай» деп атауы тегін емес» деген. Яғни сыбызғы аспабы Орал тауындағы қурайдан да жасалатындығы ғой онда. Дегенмен бұл өнердің тамыры түркі халықтарында жатыр. Осыны ұмытпасақ болғаны.

Қазақтың көне үрмелі музыкалық аспаптары туралы мен қатар үрмелі музыка аспаптарына тағы бір мәрте тоқталып өтпекпіз.

Кешегі қылышынан қан тамған кеңестік заманда

ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту тұрмақ, олар туралы нақтылы мәлімет беру қиынның қиыны болды. Сол уақыттың өкініші қазақтың музыка аспаптары жайлы құнды зерттеулердің жат тілде жазылуында. Қазақша жазылмаған соң, ұлттық тұрғыда ізделінбеген соң дәстүрлі музыкалық аспаптардың аты да, заты да өзгерілгені аян. Көшпенді өмір сүрген ата-бабаларымыздың музыкалық аспаптар тобы өте көп. Олардың барлығы да халықтың рухани-мәдени саласында өзіндік үлес қосты. Хан сарайындағы кештерден бастап, ұлттық мерекелерде, әскери шерулерде ұлттық музыкалық аспаптарды пайдаланды. Ендеше сіз бен біздің назарымыздан тыс қалып, ұмытылған үрмелі музыка аспаптарына тағы бір мәрте шолу жасасак.

Үрмелі музыкалық аспаптар қатарына дыбысы үрлеу арқылы шығарылатын музыкалық аспаптардың барлығы жатады. Үрмелі аспаптарды ата-бабаларымыз ерте кезден пайдаланды. Оларды ағаштан, сүйектен, мүйізден, темірден, саздан жасады. Қазақ халқында үрмелі музыкалық аспаптарының түрлері өте көп. Сыбызғы, сазсырнай, керней, үскірік, борғұй, жілікшік, тастауық, бұғышық, мүйіз сырнай тағы басқа.

Керней – қазақ халқының көне үрмелі музыкалық аспабы. Бұл аспап түркі тілдес халықтар арасында кең таралған. Бұл аспаты қазіргі уақытта өзбектер, қазақтар, тәжіктер, моңғолдар пайдаланады. Белгілі этнограф, тарихшы Бикұмар Кәмалашұлы: «Керней ұзын үрмелі музыкалық аспап. Кер «сапқа тұру, сап» деген мағынаны берсе, «ней, най» сөзі сыбызғы деген ұғымды меңзейді. Көне аспап кернейдің ұзындығы үш метрге дейін жетеді. Кейде астына тіреуіш қойып үрлейді».

Ертеде керней аспабын әскери мақсатта пайдаланған. Жаугершілік заманда дабыл қағып, ұзын кернейден үн шығарған. Осы арқылы ауыл-аймаққа хабар таратқан. Хан сарайындағы салтанатты кештер мен елшілерді, хас батырларды, әскер басыларын күтіп алуда да кернейді сарнатқан.

Керней аспабын қозғалып, жан-жаққа бұрылып ойнайды. Аспап көлемі әртүрлі, дыбыс қуаты өзгеше болады. Керней аспабын жасау әдісі сыбызғы аспабына ұқсас болып келеді. Аспаптың сыртқы жағын түйе өңешімен қаптайды. Бұл ағаш түтіктің жарылып кетпеуіне жол береді. Жұмыр ағашты ортасынан бөліп, өзегін ойып, ішін тегістейді. Тегістелген ағаштар бір-біріне желім арқылы жабыстырылады. Дайын аспаптың сыртқы жағын жылқы қылынан жасалған шашақтармен безендіреді. Кернейдің үрлейтін жері жіңішке болады. Басында қалпағы болады.

Керней аспабы Орта Азия халықтарының арасында әскери музыкалық аспап ретінде пайдаланылса, шығыс елдерінде діни жоралғыларды өткізу мақсатында пайдаланылған. Белгілі аспаптанушы, сазгер Болат Сарыбаев керней аспабының көне музыкалық аспап және оның ел ішінде кеңінен пайдаланылғанын ғылыми түрде дәлелдеген. Ал белгілі сазгер Нұрғиса Тілендиев кернейді «Қыз Жібек» фильмінде қолданған.

Құссайрауық – қазақтың көне музыкалық аспаптарының бірі. Саз балшықтан күйдіріліп жасалатын үрмелі аспаптың тарихы тым тереңде. Бүгінде қолданыстан шыққан аспаптың түрі де, суреті де көп жазылмаған. Өткен ғасырдың соңында Түркістан қаласының ашылып қалған ежелгі қоныс орнынан кездейсоқ табылған бұл аспап көне түркі дәуіріне жатады. Қазіргі кезде біздің зерттеуіміз бойынша дыбыс ауқымы, лебіз жүйесі, айналу тәсілі, сипаты, заты анықталды. Аспап табиғи саз, майда құм секілді заттардың қосындысынан қатты, тығыз етіп жасалған. Аспаптың үрлеу қуысына жақын және екі бүйірінде дыбыс ойықтары бар. Үрлеу қуысының салыну әдісі бұған дейін анықталған ұлттық үрлемелі аспаптарда кездеспейді. Аспаптың сырты кедір-бұдырлы, боялмаған табиғи қалпында. Күйдірілмей табиғи түрде қатып, тасқа айналған бұл аспап көк саздан жасалынған. Бүгінде бұл аспапта музыкалық аспаптар қолданысынан шығып, тарихи-өлкетану музейінен орын алған. Тарихы тым

тереңде жатқан аспапты жаңғырту бүгінгі аспаптанушылар үшін жауапты іс деп білемін.

Жіліншік – ұзын үрмелі керней аспабының түріне жататын көне музыкалық аспап. Көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыз малдың, аң-құстардың жіліншік, жіліктерінен жіліншік керней аспабын жасаған. Белгілі этнограф, тарихшы Бикұмар Кәмалашұлының айтуынша, көбінде асық жіліктер аспапты жасауға ыңғайлы болған. «Асық жіліктің жуан жағын сыртына қарата жіңішке жағынан үрлейтін болған да, жіліншік, жілік ортасынан әртүрлі пернелерді ойып шығаратын болған», - дейді Б.Кәмалашұлы. Жіліншік көне музыкалық аспабының үні баяу сазды әуенді, қоңыр дыбыстар шығарған. Оған тіпті ұзын аяқ құстардың және киік тектес аңдардың жілік, жіліншіктері де пайдаланылған. Сондықтан бұл аспапты да заман талабына сай жаңартып, ұлттық музыкалық оркестр қатарына қосуға болады.

Қалған – қазақтың ертеден келе жатқан көне музыкалық аспабы. Керней аспабына ұқсас келетін үрмелі аспап. Қалғанның тарихы көне ерте замандардан басталады. Алтынды аста төк еткен сақ заманында бұл аспаптың болғаны мүмкін. Өйткені ата-бабаларымыз ерте замандар да қалған аспабын жасауда алтынды пайдаланған. Хан сарайында қалғанды үрлеп, музыкалық әуен шығарып әскерлерді сапқа тұрғызуға ишарат ететін болған. Бір жағынан қалғандармен салтанатты шараларда жиі пайдаланған. Бұл көне музыкалық аспап жайында ұрпақтың жадын жаңартып, аспаптың тарихын толықтай зерттей түсу қажет. Бүгінгі қазақ әскерінің тәртіптік режимін қалыптастыру мен бір сапқа жинауға пайдаланатын аспап ретінде жаңғыртуға толық негіз бар.

Сазсырнай – қазақтың көне үрмелі музыкалық аспабы. Үлкендігі қаздың жұмыртқасындай сопақша пішінде келген аспап. Тұтасымен саздан жасалады. Сапалы саз балшықтан жасалған бұл аспапқа 3-4 жерден дыбыс ойығы салынған. Сырты боялмаған, күйдірілмеген. Аспаптың дыбыс қатарын, құрылысын, жасалу әдіс-тәсілін Б. Сарыбаев, К. Қарабалов

секілді зерттеуші-ғалымдар анықтады. Қазіргі кезде оның 5-6 жерден дыбыс ойықтары салынып, шеңбер аумағы 16-18 см, жалпы ұзыны 10-12 см етіп дамыта жасалынған нұсқалары орындаушылар арасында сұранысқа ие. Аспапты жасау тәжірибелі шеберлерге, әсіресе саз, керамика заттарымен айналысатын қолөнерші-мамандарға онша қиын емес. Аспап сапалы саздан әбден иі қандырып иленген соң, белгілі бір қалыпқа келтіріп кептіріледі. Содан кейін белгілі температурада қыздырылған пешке салып күйдіріледі. Қазіргі кезде шеберлер оның сыртына ою-өрнектер салып, сілтілік металдар ерітіндісін жағып жасайтын болды.

### **Домбыра жер бетіндегі ең көне саз аспабы**

Елімізде шілде айының алғашқы жексенбісі Ұлттық домбыра күні деп бекітілді. Көнеден жеткен ұлттық аспапты ұлықтау шарасы биыл 5 шілдеге сай келіп отыр.

Қазақтың қара домбырасы – туырлықты киіз үйі және әлемнің ешбір елінде кездеспейтін айтыс өнері секілді әлем елдерінің ең ежелгі мұралары ретінде «ЮНЕСКО» тізіміне енгізілген көне жәдігерлердің бірі. Зерттеушілердің айтуынша, домбыра аспабы осыдан 5 мың жыл бұрын пайда болған. Әрі жер бетіндегі ең көне саз аспабы. Алтайдан Анадолыға дейінгі жерге әмірін жүргізе білген түркі халықтарының арасында өте кең таралған қос ішекті музыкалық құрал.

Ең көне домбыраны түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы Моңғолия жерінен тапқан. «Қазақтың қоңыр үнді домбырасын бертінгі заманғы дүние деп елестеткен едік. 2009 жылы моңғол жерінде экспедицияда болғанымызда Алтай тауындағы үңгірлердің бірінен домбыраға ұқсас аспап табылды. Ол үңгір адам аяғы баспайтын, тек қана тау барыстары мекен ететін биік тауда орналасқан екен. Домбыраны алғаш оқушыларымен бірге саяхаттап жүрген тарих пәнінің мұғалімі тауып алған. Үңгірден адамның

қаңқа сүйектері мен жебелер табылған. Сәл арырақтан мойны қисайып қалған домбыра тауып алады. Кездейсоқ табылған құнды мұраны ол Ұланбатырдағы археологтарға табыстайды. Баға жетпес мұраны өз көзіммен көрдім. Расында, басы қисайып қалған кәдімгі қара домбыра. Анықтап қарау барысында беті мен шанағында байырғы «түрік бітігі» жазуын байқадым. Кәдімгі Орхон-Енисей жазбаларынан бұрынғы, шамамен бесінші-алтыншы ғасырларға тән түрік жазулары. Тағы бір айта кетерлігі, домбыраның бетінде болуға тиіс тесік керісінше, шанағында орналасыпты. Домбыраның бетіндегі тесіктің пайда болуы туралы аңыз «Ақсақ құланнан» басталмай ма? Бұдан нені ұғамыз? Яғни қазақ тарихы біз қазір айтып жүргеннен де тым ертеден бастау алады деген сөз», - дейді Қаржаубай Сартқожаұлы.

Басында моңғолдар бұл моңғолдардың түйеқобызы деп жарияламақ болған екен. Ғалым Қаржаубай ағамыздың дәйекті делелдерінен кейін бастапқы райларынан қайтқан. «Олар басында мұны моңғолдардың түйе қобызы деп бой бермеді. Біз өз пікірімізді айттық. Бұл - домбыра. Міне, мынау бүгінгі қазақ домбырасының тиегі, міне мынау екі құлақтың тесігі, шанақ мынау, мойын мынау, перне мынау деп көрсеттік. Онымен қатар, бұл моңғол моласынан табылып отырған жоқ, түрік моласынан табылып отыр. Аспап мойнындағы түрік бітік жазуы мынау. Не үшін мұны моңғолдарға тарта бересіндер деп жүріп әрең көндірдік», - деп атап өткен ғалым домбыра шанағындағы «түрік бітігі» жазуының қазақша мағынасы «Жұпар күй әуені бізді сүйіспеншілікке бөлейді» дегенге келетінін айтады.

«Жалпы саз аспаптары кез келген халықтың әлемді танып сезінуін, этнопсихологиясы мен шаруашылық қыры мен оны меңгеру дәстүрінен хабар береді. Сондай-ақ, дүниетанымы мен солқауымның ұлттық ментелитетін, бетбейнесін айқындайтын ғажайып құрал. Ежелгі және байырғы түріктерде әлемді, қоршаған ортаны сезіну, оны өнер тілімен

айтып, ұлтына, халқына жеткізу үшін қаншалық дәрежеде рухани қуатты болғанын осы саз аспаптарға қарап түсінеміз. Соның бірі осы домбыра аспабы. Бір ғана домбыра аспабының өзінен-ақ байырғы бабаларымыздың творчестволық ойлау қабілетінің деңгейі қаншалықты биік дәрежеде болғанына көз жеткіземіз. Қара домбырадын шыққан сазды Тәңірдің жеткізіп отырған үні, сезімі деп қабылдап, қос ішектен шыққан үнді «жұпар күй» жан жадыратар «жұпар самал» деп жазғаны да осыдан болса керек», - дейді ғалымның өзі.

Ғалымның айтуынша, көне түркілер арасында шін мұндай аспаптар ғана емес, оны шебер меңгерген орындаушылар да үлкен құрметке ие болған. Қаржаубай Сартқожаұлының «Ежелгі түркілердің көне саз аспаптары» атты мақаласында Моңғолия мемлекетінің орталық аймағындағы Баян Хонгор өлкесіне қарасты Ғалуты деп аталатын жеріндегі (қазақшасы Қазды көл деген мағына береді) көне жазу жазылған сағана тас табылғаны айтылады. Табылған сағана таста: «Ізгілік-Чор сегіз түрлі саз аспабын шебер меңгергендіктен оның құрметі үшін тастан арнайы ғибадатхана орнаттық» деген жазу болған. «Бұл жәдігерлер біздің заманымыздың VII-VIII ғасырларына тән мұра. Сөйтсек, сонау Көк түрік дәуірінің өзінде Ізгілік-чор секілді ұлы сазгерлерге арнап арнайы ғибадатхана салып, халық ерекше құрмет тұтып басына көтеріп ұлықтаған екен. Ізгілік-чор өз заманында 8 түрлі ғажайып саз аспабын меңгерген сазгер болса ол нақты қандай аспаптар болуы мүмкін?

Міне бізді осындай сауалдар мазалап бой бермей бастады. Сөйтіп жүргенде б.з. V-VI ғғ. куәгері Ата домбыра табылды. Күллі қазақ халқынан сүйінші сұрап қуанып мәз болдық. Бұл расын айту керек ізге үлкен күш, демеу болды.

Біз ізденісімізді жалғастырып шетелдік археологиялық қазбалардың есебін, ғылыми-зерттеу еңбектерін, сонымен қатар тарихи құнды жәдігерлерді үздіксіз қопарумен болдық. Ақыры таптық. Солардың бірі - Сыбызғы. Мына бір тарихи ақпаратқа назар салыңыз, біздің жыл санауымыздың 198-



інші жылы Шығыс Хань династиясының патшасы Линди ғұндардың салтына қатты қызығып, киімін, киіз үйін, ханның есірі (тағы) мен тамағын патша сарайын алдыруға бұйрық берген. Соның ішінде құнхоу мен сыбызғысы да болған», - дейді ғалым ағамыз.

Сыбызғы күні бүгінге дейін жеткен көне аспаптардың бірі. Қазір бұл аспап маңғол (халқа-ойрат және қалмақ ұлттары), қазақ, башқұрт, тува секілді түркі халықтары арасында әлі күнге дейін сақталған. Өз еңбегінде ғалым сыбызғы аспабы моңғолдарға қазақ халқының мәдениеті арқылы жеткенін айтады. Дәлел ретінде біздің заманымыздан бұрынғы 80-жылығұн патшасының қол астында тұтқын болып отырған Хань династиясының елшісінің «Күн батқан соңғұндардың сыбызғысының (Ху цзя) үні зарлап, сиырлары мөңіреп, жылқылары үздіксіз кісінеп тыныштық бермей, ұйқымды қашыратын» деп жазған жолжазбасын келтірген. «Орта Азиялық түркілер қой қозысынан, түйе ботасынан жерісе сыбызғы тартып соның әуенімен төлін алдырады деген ақпарат қытай деректерінде сақталған екен. Сонау ежелгі Ғұндардың заманынан жалғасқан асыл мұра бүгінгі күннің қазақ халқының рухани құндылықтарының біріне айналып сабақтастығын жоғалтпай біздің ұрпақтың, қазақ халқының ұлттық, менталитетін қалыптастыруға 2000-нан астам жыл қызмет етіп қолданыста келе жатыр», - деп жазған ғалым өз мақаласында.

Қаржаубай аға Сартқожаұлының «Ежелгі түркілердің көне саз аспаптары» атты мақаласында көне түркілердің Қобыз (құнқоу), Қыпшақ, Шаңқобыз және Флейта сынды көне аспаптарын пайдалана білгені айтылады.

### **Құнқоу (қобыз)**

Қытайдың тарихи жазбаларынан Құнқоу (қобыз) саз аспабы туралы өте көп дерек сақталғанын айта кету керек. Ғұндар пайдаланған сызғыны кейін қытайлар үйреніп,

өздірінің ұлттық саз аспабтарының санатына қосқаны белгілі. «Атақты тарихшы әрі мәдениеттанушы Еверхард У да өзінің зерттеу еңбектерінде: «Хан династиясының дәуірінде Орта Азия халықтарының «Құнқоу» атты саз аспабын қытайлар алып пайдаланған. Ферғанада өмір сүрген қаңлылар, самархандылық түріктер құнқоу саз аспабының шеберлері болған» деген тұжырым жасаған. Ежелгі және көне қытай тілінің маманы, Хань мен Таң заманына тән қытай иероглифтерінің білгірі ғалым Б. Карлгерн де «Құнқоу» атауын «қобыз» сөзінің көне атауы деген тұжырым жасаған. Сол секілді «Орта Азия мен Қытай мәдениет тарихынан» атты еңбек қалдырған зерттеуші Б.А. Рифтин құнқоу аспабын шертіп те, ысқылап та тарту арқылы ойнауға болады деп жазған. Қытайтанушы А.Г. Малявкин де тура осылай жазған», - дейді ғалым. Айтуынша, Құнқоу аспабының ең көне түрі Шыңжань өлкесіндегі Жағұллұқ деп аталатын жердегі бір қорымнан табылған. 1996 жылы ашылған бұл аспаптың шанағы мен мойнын қосқандағы ұзындығы 87,6 см. Шанағының асты тесік, үш ішекті аспап болған. Ішек ретінде қыл тағылған әдемі аспап болған. Тағы бір айта кетерлігі, көне аспаптың шанағында байырғы скиф таңбасы бейнеленген.

Сол секілді байырғы түріктер шаңқобыз аспабын шебер меңгере білген. Өзбектерде «чангқобыз», Сол секілді сібір түріктерінде «хомус», ал моңғолдар арасында келкуыр (яғни тілқобыз деген мағына береді) деп аталады. «Дағурлық моңғолдар ұл аспапты «мұғры» десе Хоккейда аралының ежелгі тұрғындары «мұғылы» деп атайды екен. Бұл атауға қарағанда о бастағы атауы «мүглі» немесе «мұғлы» болған болуы да мүмкін. Түркі тектес қазақ, өзбек, қырғыз, тува және алтай халықтары күні бүгінге дейін шаңқобызды ұлттық саз аспабы ретінде қолданып келеді. «Шаңқобыз аспабын пайдаланатын ежелгі халықтар бұл құралды өздерінің ұлттық мұрасы ретінде қарайды. Сол буриад, қалмақ, халқа, торғауыт, дағұр, ойрат, монғор секілді секілді

моңғол текті халықтар мен қытайдың ішкері жағында тұратын моңғолдардың арасында шаңқобыз мол тараған. Сол секілді тунгустекті эвенк, нанайлар, манжурлардың сібелері, шүршіттері (чжурчжен), Жапонның Хоккайда аралына Орталық Азиядан көшіп барған айн тайпасы сияқты тынық мұхит жағалауындағы халықтар да бұл саз аспабын кең түрде қолданады», - дейді автор.

Шаңқобыз қамыс, сүйектен, ағаштан және металдан жасалады. Шаңқобыз аспабының ең көне түрі Моңғолияның орталық бөлігіне қарасты Алтынбұлақ деген жерінен 1981 жылы табылған. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған бұл шаңқобыз аспабының жалпы ұзындығы 12 см, ені 1,4 см, қалыңдығы 2 мм болған. Сүйектен жасалған. «Ғұндардың шаңқобызы деп танылған бұл мұра екі мыңжылдық тарихы бар аса бағалы мұра. Бір қызығы, шаңқобыз аспаптарының жалпы сыртқы формасына мыңдаған жылдар өтсе де көп өзгеріс енбеген», - деп жазған автор.

## Флейта

Аталмыш еңбекте 2011 жылы Шатыртау (Майхан-ул) жерасты кесенесіне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында аз аспабын ойнап тұрған атты сарбаздардың мүсіні табылғаны туралы дерек келтірілген. Сол мүсіндердің бірі қос түтікті флейталық үрлемелі аспабын ойнап тұрған атты сарбаз мүсінін еске түсіреді. Мақалада бұл аспапқа қатысты «Флейталық аспаптың сыртын керамикамен қаптаған. Мұндай флейталық аспаптарды Венгр қыпшақтары пайдаланады. Сол секілді өзбек халқында да екі немесе қос түтікті «қошнай» атты флейталық аспап кездеседі. «Най» сөзі көне түркі тілінен аударғанда түтікше деген мән береді. Бұл най деп аталатын саз аспабының нақты көлесі, ежелгі атауы туралы бізде еш дерек жоқ», - деген мәлімет келтірілген. Сол секілді қыпшақ және пипа деген аспаптар

туралы дерек келтірілгенін атап өту керек. Автордың жазуынша, бұлар да өте көне аспаптар.

### Қыпшак

Мақалада Тан дәуірі заманында Орхон даласын мекен еткен түріктердің арасында болған Суньжол Вэн деген зерттеушінің «Өлген адамның денесі шығарғанда түріктер бетін жыртып, қайғылы жоқтау айтып жылайды. Осы кезде ат үстінде тұрған адамдар тобы тері дорбаның аузына байланған екі түтікше арқылы әуен шығарып тұрады. Оның әуезді үні біресе сезгілеп, біресе күрсіне боздаған қайғылы үнге ұласып, адамның қабырғасын қайыстырып, алуан түрлі сезімдерге жетелейді. Бұл аспапты ежелгі Түріктер цюше аспабы деп атайды екен» деген дерегін келтіреді.

«Абу Насыр аль-Фараби бабамыз сөз еткен, және П. Юдин, Вэн Сунь сынды зерттеушілер сипаттамасын жасап кеткен осы желбуаз көне аспабын ежелгі Көк Түрік дәуірінде «қыпшак» деп атаған болуы әден мүмкін. Қазіргі уақытта қазақ халқы арасында «Абай» домбыра деп аталып жүрген музыкалық аспабымызды кезінде «қыпшак» домбыра ал эллипсоид шанақты аспапты «оғыз» домбыра деп те атаған», - деп жазған мақала авторы.

### Пипа

Пипа дегеніміз төрт немесе алты қыл ішектен тұратын, таяқша шыбықпен баптап ұрып ойнайтын көне саз аспабы болған. Қаржаубай ағаның айтуынша, Тан династиасы заманында түріктерден аталмыш пипа аспабын өте жетік меңгерген сазгерлерді үйретуші маман ретінде аттай қалап арнайы шақыртатын болған. «Б.з.б. II ғасырда жазылып сақталған Лю Сидің «Ши-мин (атаулар анықтамасы)» атты еңбегінде ғұндардың пипа атты саз аспабын қытайлар алып пайдаланғаны туралы деректер бар», - дейді ағамыз.

Ең соңғысы әрине дабыл аспабы. Бұл аспап та атам қазақпен сан ғасырлардан бері жасасып келе жатқан көне мұраның бірі. «Дабылды ау құрып немесе ор қазып аң аулағанда, саятшылықта, ұлы жиындар мен тойларға шақырғанда, әскери жорықтар мен соғысқа аттанарда, жан беріп жан алысқан бетпе-бет қанды шайқастарда, жер қайысқан қолдың рухын көтеріп қанын қыздырып, намысын жану, айбынын көтеріп айдарынан жел естіру мақсатында қолданып келген. Қытай деректерінде Ғұн дәуірінде дабыл әскери қолдың байрақ, туының дәрежесінде құрметтелетінін дәлелдейтін екі дерекке кез болдық. Қытайдың «Ши цзи» дерекнамасында: «Б.з.б. 119 жылы қытайдың қолы Ғұндарға жорық жасаған кезде қытай армиясының қолбасшысы Хо Цюй-бин Ғұндардың шығыс Дацзян князінің туы мен қоса дабылын тартып алды» деген дерек қалдырыпты. Тағы да сол дерек көзінде мынадай мысал келтірілген: «Қытай қолы дәл сол жылы яғни б.з.б. 119 жылы ғұндардың шығыс қанатын басқаратын көсемінің жеңіс туы мен дабылын тартып алды» деп дерек қалдырған. Негізінен ежелгі дәуірден бері түркілер үшін дабыл аспабы елдікпен іріліктің, ұлттың қасиетті символы болған ту дәрежесінде құрметтелетінін көрсетеді. Дабыл аспабы жалпы әскердің рухы, айбыны, намысы», - делінеді аталмыш мақалада.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шынай Рахметұлы. Алтайдың алтын аңызы. Ұланбатыр: Китаб, 2013 ж.
2. Жүкей Шәңгішбайұлы. XX ғасырдағы Монғолия қазақтары. Ұланбатыр, Китаб, 2008 ж.
3. Мусабай Ұтханұлы. Қилы-қилы кеңдер. Ұланбатыр: Китаб, 2018 жыл.
4. Костер Тұмысханұлы Ботақара тарихынан тағылым. Ұланбатыр: Китаб, 2013 жыл.
5. Қарсыұлы Сақай. Күй керуені. Өлгей: 1994 ж.
6. Тайф Тәукейұлы. Монғолия қазақтарының театр тарландары. Ұланбатыр: Адмон принт, 2019 ж.
7. Зарықхан Бағлатұлы. Сақсай тарихы. Ұланбатыр: Китаб, 2018 ж.
8. Сейдімбек Ақселеу. Қазақтың күй өнері. Астана: Күлтегін: 2002 ж.
9. Ғибратты ғұмыр. Ұланбатыр, Китаб: 2016 ж.
10. Байбатырұлы Имашхан. Телқоңыр. Өлгей. 1967 ж.
11. E-history.kz интернет-жобасы.  
Журналист Б. Нұрасылдың зерттеу мақалалары



## МАЗМҰНЫ

ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ.....	3
БАЯН-ӨЛГЕЙДЕГІ КҮЙШЛІК ТАРИХЫНА ШОЛУ БЕШЕҢ АУЫЛЫ.....	6

### I ТАРАУ. КҮЙШЛЕР

ЖАРҚЫНБАЙҰЛЫ НАЗАР.....	13
НАЗАРҰЛЫ БЕЙІС.....	15
МАТАЙҰЛЫ БЕРДБАЙ.....	15
САЙБОЛАТҰЛЫ БОДЫҚ.....	18
САҚТАҒАНҰЛЫТОҒАЙ.....	18
АҚЖАРҚЫНҰЛЫ ИСАБАЙ.....	20
БЕЙІСҰЛЫ СЕЙІТЖАН.....	21
КҮЖАЙҰЛЫ ҮРІМ.....	25
ДҮЗЕЛБАЙҰЛЫ ЫРЫСХАН.....	26
ИСАБАЙҰЛЫ БАПЫШ.....	28
ТАЙТАСҰЛЫ МҰХАМБЕТ.....	29
САҒЫНБАЙҰЛЫ ӨСЕРХАН.....	32
ДОЛАМБАЙҰЛЫ ҚАБДЫРАШ.....	34
МҰХАМБЕТҰЛЫ РАЙХАН.....	35
АҚҚОЖАҰЛЫ ҚАЖЫНӨБИ.....	36
МОМБАЙҰЛЫ АҚБИ.....	37
РАЙХАНҰЛЫ ҚҰМЫРЗАҚ.....	38
МАМЫРХАНҰЛЫ ЕРКІНБЕК.....	38
ЕРКІНБЕКҰЛЫ АҚЖОЛ.....	40
ЕРКІНБЕКҰЛЫ МҰСТАФА.....	40
ТАРПАҢҰЛЫ МҰХТАРХАН.....	41
МҮСІРБАЙҰЛЫ ТҮРЫМТАЙ.....	42
АҚТАЙҰЛЫ ЖЫЛҚЫШЫ.....	44
САСАНҰЛЫ ДЕЛДАЛ.....	47
ШАМҒҰНҰЛЫ ҚҰМАҚАЙ.....	48
ҚҰМАҚАЙҰЛЫ КӘЛЕК.....	49
ТАУДАНБЕКҰЛЫ ДӘУІТБАЙ.....	50
БӨКЕРҰЛЫ ҚЫТАЙБАЙ.....	51
ЖАНТАЙЛАҚҰЛЫ ҚАСИХАН.....	52
ЖҰМАПИИҰЛЫ ҚИБАТДОЛДА.....	52
АМАЛХАНҰЛЫ ТІЛЕГЕН.....	55
ҚЫДЫРӘЛПҰЛЫ БАЙСАЛ.....	56
ҚЫЛЫБАЙҰЛЫ РИЯН.....	56
МАЛШЫБАЙҰЛЫ ҚҰСАЙЫН.....	58
ЖҰМАЖАНҰЛЫ СЕЙІТ.....	61

### II ТАРАУ. АТАМҰРА

КӨРІ ӘУЕЗ ҺӘМ ЖОРҒАТАЙ.....	62
ҚАРАЖОРҒАНЫ ҚАЗАҚТЫҢ БИИ ЕМЕС	
ДЕУ – ҮЛКЕН ӘБЕСТІК.....	69
ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ.....	79

**Асылбек БАЙТАН**  
**Алтынбек ХУМАРЗАХ**

# **БАЯН-ӨЛКЕДЕГІ** **КҮЙШІЛІК МЕКТЕП**

*(«Қырық қалақша ауылы» дәстүрі негізінде)*

**ISBN 978-601-7646-38-7**



**9 786017 646387**

Жауапты шығарушы -  
“Алматы-Болашақ” АҚ  
Өндіріс жағын басқарушы - И.Ү. Ақбасов  
Көркемдік жағын қараған - В. В. Стенякин  
Редактор - М. Б. Ақсан  
Беттеген - А. Рахманбай

Басуға 29.09.2022 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы - 4,3  
Таралымы - 3000 дана. Тапсырыс № 1313

АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қаласы,  
050026, Мұқанов көшесі 223 «В».  
Тел.: 378-40-08, 378-42-00